



## ЖЕТІСУ – ТУРИЗМ ӘЛЕУЕТІ ЗОР ӨҢІР

**Мемлекет басшысы осы аптада Жетісу облысына жұмыс сапарымен барды. Сапар көрнекті этнограф, фольклортанушы, ағартушы-ғалым Шоқан Уәлихановтың бейітіне зиярат етуден басталды.**

Содан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев Шоқан Уәлиханов атындағы «Алтын-емел» мемориалдық музейін аралап көрді. Мемлекет басшысына Шоқан Уәлихановтың өмірі мен еңбек жолы, әскери қызметі, тарихи-этнографиялық, географиялық зерттеулері және ғұмырының соңғы кезені туралы тарихи деректер мен жәдігерлер таныстырылды. Қасым-Жомарт Тоқаев Шоқан Уәлиханов жайлы жазылған еңбектің бәрін оқып шыққанын еске салып, оның зерттеу жұмыстарымен таныс екенін айтты. Сонымен қатар Президент музейдегі жәдігерлерді әлі де

толықтыра түсу керек екеніне назар аударды. Құрметті қонақтар кітабына қолтаңбасын қалдырып, музей қызметкерлерімен әңгімелесті. Былтыр Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша музейге және осы мәдени-туристік нысанға баратын жолға жөндеу жұмыстары жүргізілген болатын.

Одан соң Президент Жетісу облысының туристік әлеуетімен танысты. Мемлекет басшысына Шоқан Уәлиханов атындағы «Алтын-емел» мемориалдық музейінде Жетісу облысының туризм саласын дамыту үшін атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде қысқаша мәлімет берілді. Облыс әкімінің орынбасары Рустам Әлидің айтуынша, туризм саласының дамуына қатысты негізгі көрсеткіштерде өсім байқалады. Соңғы үш жылда өңірге келген туристер саны екі есе артқан. Ал осы саладағы көрсетілетін қызметтер

көлемі 16 миллиард тенгеге дейін өскен. Аталған бағыттың дамуына тың серпін беру үшін бірқатар инфрақұрылымдық жоба жүзеге асырылып жатыр. Атап айтқанда, қазір Алакөлге көліктің бірнеше түрімен жетуге болады. Былтыр Үшарал әуежайының ұшу-қону жолағына реконструкция жасалып, тұрақты әуеқатынасы жолға қойылды. Биыл «Астана – Достық» бағыты бойынша «Тальго» пойызы іске қосылды және «Үшарал – Достық» автожолының реконструкциясы аяқталды. Қазір «Талдықорған – Қалбатау – Өскемен» автожолын қайта жөндеу, Алакөл курорттық аймағында жоғары вольтты электр желілерін тарту жұмыстары жүргізіліп жатыр. «Балқаш» туристік-рекреациялық аймағының бас жоспары» әзірленді. Оның аясында ұзындығы 16 шақырым болатын жағалауға бюджет есебінен инженерлік-коммуникациялық желі тартылып, жалпы

аумағы 860 гектар жерге 7 бағыттағы демалыс аймақтары орналастырылады. Жоспар шеңберінде 30 миллиард тенгеге дейін жеке инвестиция тарту көзделген. Мемлекет басшысы туристік-демалыс аймақтарына инженерлік-коммуникациялық желі жүргізумен және абаттандырумен белсенді түрде айналысып, облыстың туристік әлеуетін арттыру қажет екенін айтты.

– Жалпы, облыста туристік нысандар жеткілікті. Сондықтан оның бәріне тиісті деңгейде мән беріп, дамыту керек. Туризм Жетісу облысы экономикасының басым бағыты болуға тиіс. Туристер неғұрлым көбірек келсе, облысқа да оң септігін тигізеді. Облыстың туризм саласындағы әлеуеті өте зор, – деді Президент.

Осыдан соң Мемлекет басшысы Жетісу өңіріндегі ірі өндіріс ошақтарының бірі саналатын ALACEM цемент зауытына аралап көрді. 2020 жылы индустрия-

ландыру бағдарламасы аясында іске қосылған Қазақстан – Сингапур бірлескен кәсіпорнында құрғақ әдіспен жылына 1,5 миллион тонна цемент өндіріледі. Жоба құны – 47 миллиард тенге. Зауытта, негізінен, азаматтық және өндірістік нысандар құрылысында кенінен пайдаланылатын М400, М450, М500 маркалы цемент түрлері шығарылады. Кәсіпорынның басқарушы директоры Станислав Шербаковтың айтуынша, зауыт Алматы қаласының, Жетісу және Алматы облыстарының цемент өніміне деген сұранысын 65 пайызға дейін қамтамасыз етеді. Кәсіпорынның өндіріс және көлік-логистикалық учаскелерінде 600 адам жұмыс істейді. Олардың басым бөлігі – жергілікті тұрғындар. Сонымен қатар өнімді өткізу, дилерлік желілер арқылы қосымша 200-ге жуық жұмыс орны ашылды.

(Жалғасы 2-бетте)

## МЕКТЕП САЛУҒА БӨЛІНГЕН ҚАРАЖАТТЫҢ ТЕК 37%-Ы ИГЕРІЛГЕН

2027 жылға қарай елімізде кемінде 1,2 млн оқушы орны ашылуға тиіс. «AMANAT» партиясының «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасында осындай міндет қойылып отыр. Мектептерді салу, жөндеу және жабдықтауға қатысты осы және өзге де өзекті мәселелер Партиялық бақылау комитетінің отырысында талқыланды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында атап өткендей, сапалы орта білім алу – әрбір баланың мызғымас құқығы. Жалпы, осы жылы оқушы орындарының тапшылығы мәселесін шешу үшін 137,7 мың орынға арналған 165 мектеп ашу жоспарланған. Оның ішінде 78,5 мың оқушы орнына лайықталған 77 мектеп пайдалануға берілді.



3»

## ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЛАРЫНЫҢ ФЕСТИВАЛІ ӨТТІ



Таяуда Алматыда Мемлекеттік қуыршақ театрының ұйымдастыруымен жүзеге асқан I Халықаралық Almaty Puppet Festival қуыршақ театрлар фестивалі мәресіне жетті.

## КӨПЕННІҢ КӨШІРМЕСІ



Көпен Оспанханнан кейінгі өте талантты сатирик болды. Ол – сатираны биік деңгейге көтерген адам. Өзі өмірден 70-тен аса кетті ғой. Жалпы, ол жас та және қартайып та кеткен жоқ.

## «НЕСІБЕГЕ» АЙНАЛҒАН НЕСИЕ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында халықты несиелендіру мәселесіне назар аударғаны мәлім. Мемлекет басшысының айтуынша, банктер экономиканың нақты секторын несиелендірудің орнына тұтынушылық қарыздарға басымдық беріп келеді. Осының әсерінен қаржы жүйесіндегі тәуекелдер артып қана қойған жоқ, сондай-ақ азаматтардың несиеге тәуелділігі арта түсті.

5»

## АСТЫҚТЫ АЙМАҚТАҒЫ ШАРУАЛАР АЛАҢЫ

Теріскей аймақтарды тұтас қамтыған астықтың көктеп кетуі диқан қауымын әбден әбігерге салды. Ондаған шағын шаруа қожалығы мен серіктестіктер ала жаздай төккен тері, миллиондап алған несие мен салған қыруар қаражаты ақталмай, шаш етектен шығынға батты. Наурыз жиын-терім кезінде сибірлей жауған ақ жаңбырдың салдарынан шаруалардың басым көпшілігі баданадай асық астықты сұлатып оруды мәжбүр болған.

5»



# ЖЕТІСУ – ТУРИЗМ ӘЛЕУЕТІ ЗОР ӨНІР

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы зауыт жұмысшыларымен әңгімелесіп, осындай ірі өндірістің ашылуы құрылыс индустриясын дамыту, әсіресе жергілікті инфрақұрылымды жетілдіру үшін маңызды екенін атап өтті. Бұған қоса, компания құрылтайшылары елімізде жүзеге асырылып жатқан инвестициялық жобалардың ауқымын кеңейтіп жатыр. Атап айтқанда, 2021 жылы Абай облысының Жарма ауданындағы «Қазакцемент» кәсіпорнын сатып алып, модернизация жасау арқылы 450 жұмыс орнын ашқан. Сонымен қатар таяу жылдары Жамбыл облысы Қордай ауданында тағы бір цемент өндіру зауыты іске қосылмақ. Зауыт өнімі көршілес Қырғызстан мен Өзбекстан мемлекеттеріне экспортталады.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жетісу облысына жұмыс сапары өңір орталығы Талдықорған қаласында жалғасты. Президент Талдықорған драма театрына барды. Театрға есімі берілген Казак ССР Халық әртісі Бикен Римованың бюстіне гүл шоғын қойды. Одан соң Мемлекет басшысы театр ғимаратын аралап көрді. Қасым-Жомарт Тоқаев Талдықорған драма театрында Жетісу облысының зиялы қауым өкілдерімен кездесіп, пікір алмасты.

— Бүгін, міне, халқымызға танымал аса көрнекті актриса Бикен Римова театрында кездесіп отырмыз. Өте қуаныштымын. Шын мәнінде, біз өткен заманның қайраткерлеріне, олардың еңбегіне лайықты, әділетті баға беріміз керек. Бұл еліміздің болашағы үшін, жас ұрпаққа дұрыс жол көрсету үшін қажет, — деді Президент.

Кездесуге қатысушылар еліміздің мәдениет саласына ерекше көңіл бөлініп, мемлекеттің қолдауын сезініп отырғанын жеткізіп, Президентке алғыс айтты. Сонымен қатар облыс ақсақалдары кеше Республика күнінде өзінің көтерген көк байрағымыз жығылмасын деген тілегін білдірді. Мемлекет басшысы бұл, ең алдымен, тұрақтылықтың, тыныштықтың арқасы екеніне назар аударды.

— Өздеріңіз білесіздер, әлемдегі ахуал күрделі. Ең құбылмалы кезде тұрмыз. Күрделі кез. Сол себепті бейбітшіліктің біздің басты байлығымыз екенін жақсы түсінуіміз керек. Бірлігіміз мығым боп, бір ел болып еңбек етуіміз қажет. Елде заң үстемдігі мен тәртіп болса ғана, тыныштық пен даму болады. Президенттен бастап бәріміз Конституцияны құрметтеп, заңға бағынуымыз керек. Заң алдында бәріміз теңбіз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Кездесу соңында Президент еліміздегі бастамалардың тиімді жүзеге асырылуына



әлеулі үлес қосып жүрген облыс белсенділеріне ризашылығын білдірді.

Осыдан кейін Мемлекет басшысы Талдықорған қаласында салынып жатқан жаңа шағынауданда болып, құрылыс барысымен танысты. Қасым-Жомарт Тоқаевқа жаңа шағынауданда 41 тұрғын үй салынып жатқаны жөнінде баяндалды. Мұнда 1 510 пәтердің жалпы ауданы — 122,6 мың шаршы метр. Құрылысқа 28,3 миллиард теңге бөлінген. Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзілдин айтуынша, осы шағынауданда былтыр аумағы 44,1 мың шаршы метр болатын 509 пәтерлі 14 үйдің құрылысы аяқталған. Ал биыл жыл соңына дейін 783 пәтерлі тағы 21 үйді аяқтау жоспарланған. Бұдан бөлек, Қаратал өзенінің оң жағалауын дамыту қарастырылған. Жаңа шағынаудандарда алдағы уақытта 28 мыңнан астам адам тұрады деп болжам жасалып отыр. Кездесу соңында Президент Үкіметке аталған мәселелерді зерделеп, тиімді шешім қабылдауды тапсырды.

Осыдан соң Мемлекет басшысы Жетісу облысының әлеуметтік-экономикалық даму барысымен танысты. Президентке Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исбаев өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы мәлімет берді. Өңір әкімі Мемлекет басшысына аймақ экономикасының барлық негізгі саласының дамуында оң үрдіс сақталып отырғанын айтты. Облыстағы өндіріс көлемі 5,8 пайызға, ауыл

шаруашылығы 1,7 пайызға ұлғайған. Ал сауда мен құрылыс салаларының даму көрсеткіштері 1,6 есе өсті. 198,4 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген. Бұл 2022 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 11,2 пайызға көп. Облыс экономикасына 213,9 миллиард теңге инвестиция тартылған, соның ішінде жеке инвестициялар 15,7 пайызға көбейді. Бейбіт Исбаев облыстың өнеркәсіп өндірісінде 533 кәсіпорын жұмыс істейтінін, онда 26,6 мың адам еңбек етіп жатқанын жеткізді. Оның айтуынша, өндіріс көлемі 230,1 миллиард теңгені құрады. Биыл жалпы құны 46,9 миллиард теңге болатын 14 нысанды іске қосу жоспарланған. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 1,7 пайызға өскен. Оның ішінде егін алқабы 1,9 мың гектарға ұлғайған, ал қант қызылшасын өсіретін жер көлемі 2 есе артып, 8,7 мың гектарға жеткен. Сонымен қатар облыс әкімі Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Ақсу қант зауытына толық жөндеу жүргізіліп, іске қосылғаны туралы, облыста су жүйесін қайта жанарту және салу үшін 22 жобаның іске асырылып жатқаны туралы, әлеуметтік нысандар салу мәселесі туралы баяндалды. Қасым-Жомарт Тоқаев облыстың даму қарқынын оң бағалап, осы бағыттағы жұмыстарды одан әрі жалғастыруды тапсырды.

Президенттің Жетісу облысына жұмыс сапары Қаратал ауданында жалғасты.

Мемлекет басшысы аудан орталығы — Үштөбе қаласындағы Қаратал тарихи-өлкетану музейіне барды. Музей биыл пайдалануға берілген. Жалпы ауданы 2 520 шаршы метр болатын қос қабатты ғимаратта өлке тарихына қатысты 350-ге жуық экспонат қойылған. Мемлекет басшысына музейдегі археологиялық артефактілер, этнографиялық жәдігерлер көрсетіліп, Қаратал ауданының тарихы және жазушы Кемел Тоқаев, Казак ССР Халық әртісі Бикен Римова, осы өңірден шыққан ақын-жыраулар, би-шешендер мен елге еңбегі сіңген басқа да тұлғалар туралы тың деректер таныстырылды.

Президент музейде жергілікті зиялы қауым өкілдерімен жүздесу барысында мұражайды аралап шыққанын және ондағы жәдігерлерді көбійтеу керекін атап өтті. Сондай-ақ қоғам дамуы үшін мұндай мәдени нысандардың қажет екеніне назар аударды. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Құрметті қонақтар кітабына қолтаңба қалдырды.

Одан соң Мемлекет басшысы Үштөбе қаласындағы әлеуметтік нысандарды аралап көрді. Әуелі ол биыл ашылған 30 орындық жатақханадағы Астанаға жеткізіліп, «Бастауыш бейім беру педагогикасы және әдістемесі» мамандықтары бойынша білім беріледі. Оқу орнында 17 заманауи аудитория, мәжіліс және спорт залдары,

медициналық кабинет, асхана мен буфет бар. Колледж инклюзивті орта талаптарына сай жабдықталған, яғни ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін пандус пен арнайы лифт қойылған.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Үштөбедегі орта мектепке барды. Білім ошағы 1963 жылы салынған. 1996 жылы мектепке Кемел Тоқаевтың есімі берілген. Президентке қаламгер Кемел Тоқаевтың шағын кабинет-мұражайы таныстырылды. Мұнда жазушының шығармалары, тұтыңған жеке заттары қойылған. Сондай-ақ Мемлекет басшысы биыл салынып, халық игілігіне берілген дәрігерлік амбулатория жұмысымен танысты. Аталған медициналық мекеме бір ауысымда 50 адамды қабылдай алады. Емделушілер үшін стационар, физиотерапия, процедуралық, екпе салу, гинекология және басқа да медициналық кабинеттер жұмыс істейді.

Одан соң Мемлекет басшысы Жетісу облысындағы мәдениет және спорт нысандарын аралап көрді. Жетісу облысы Қаратал ауданының Көлпе ауылына Президентке 200 орындық мәдениет үйі таныстырылды. Бұл нысанның жалпы ауданы — 739 шаршы метр. Мәдениет үйінде бірнеше шығармашылық үйірме жұмыс істейді. Сонымен қатар Президент осы ауылда бой көтерген спорт кешенінде болды. Нысанның жалпы ауданы — 887,7 шаршы метр. Модульді ғимаратта спорт залы, балалар ойын алаңы және воркаут қарастырылған. Бұдан кейін Мемлекет басшысы Талдықорған қаласындағы жаңадан салынған Jetysay Arena жабық мұз айдынын аралап, спортшылармен әңгімелесті. Спорт нысаны толықтай жеке кәсіпкердің қаражатына салынып, Республика күні ашылған. Жалпы инвестиция көлемі — шамамен 900 миллион теңге. Кәсіпкер Мұхамбетжан Серікұлының айтуынша, бұл нысанда тұрғындар шорт-трек, хоккей және мәнерлеп сырғанау сияқты қысқы спорт түрлерімен айналыса алады. Сонымен қатар мұнда паралимпиадалық, яғни шаналы хоккеймен шұғылдануға болады. Нысанның жалпы аумағы — 2235,8 шаршы метр. Кешен кәсіби технологиялық құралдармен, оның ішінде тоназытқыш, мұз құю және спорт жабдықтарымен қамтылған.

Қасым-Жомарт Тоқаев ел игілігі үшін еңбек етіп жатқан кәсіпкерге ризашылығын білдірді. Президент спортшылармен әңгімелесу кезінде мемлекет аталған саланы одан әрі қолдайтынына тоқталып, жастардың спортпен тұрақты айналысқанын құптағанын айтты.



## ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІПТЕУ МАҢЫЗДЫ

**Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата отырысы өтті. Онда сенаторлар күн тәртібіне шығарылған халықаралық шарттарды ратификациялады және депутаттық сауалдарын жолдады.**

Отырыс барысында депутаттар «Қазақстан Республикасы мен Кипр Республикасы арасындағы ұстап беру туралы шартты ратификациялау туралы» және «Қазақстан Республикасы мен Кипр Республикасы арасындағы қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы шартты ратификациялау туралы» заңдарды қарап, мақұлдады. Бұл заңдар екі мемлекеттің қылмысқа қарсы күрес саласындағы ынтымақтастығын көздейді.

Ұстап беру туралы шартта іздеуде жүрген азаматтарды қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін оларды Қазақстан мен Кипр арасында экстрадициялау мәселелері, сондай-ақ ұстап беруден бас тарту үшін міндетті және факультативтік негіздер регламенттеледі. Атап айтқанда, егер іздеуде жүрген адам тергеуде болса және осыған ұқсас қылмысы үшін осы мемлекеттің сот тәртібімен қудаланса, адамдарды ұстап беруден бас тартылуы мүмкін. Сонымен қатар қылмыстың ауырлығын ескере отырып, егде жас, денсаулық мәселесі немесе басқа да жағдайлар беруден бас тартуға негіз бола алады.

Осы ретте уағдаласушы мемлекеттердің өз азаматтарын ұстап беруге жол берілмейтінін атап өткен жөн.

Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы заңда көрсетілген құқықтық көмектің белгілі бір түрлері сақталмаған жағдайда, яғни мемлекеттің егемендігіне, қауіпсіздігіне қатер төндірсе, оның ұлттық заңнамасына немесе халықаралық міндеттемелеріне қайшы келсе, құқықтық көмек көрсетуден бас тарту көзделген.

«Мақұлданған заңдар Қазақстан мен Кипр Республикасы арасында қылмыс қорғау саласы бойынша ынтымақтастықты дамытуға арналған. Келісімнің ережелері ұстап берудің шарттары мен рәсімдерін, сондай-ақ азаматтарға құқықтық көмек көрсету

мәселелерін реттейді. Алдағы уақытта осы заңдар екі елдің қылмысқа қарсы күрес жолындағы бірлескен қызметінің тиімділігін арттырады және өзара қарым-қатынасты нығайтуға ықпал етеді деп сенеміз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар палата отырысында сенаторлар депутаттық сауалдарын жолдады.

Нұрғали Жүсіп ұлттық құндылықтарды дәріптеу жөніндегі жұмысты жандандырудың маңыздылығына тоқталып, бұл іске «Қазақстан халқына» қорын да қосу қажет екенін атап өтті.

Сергей Ершов орман шаруашылығы саласындағы проблемаларға назар аударды. Нақты айтқанда, депутат қорғандардың инфрақұрылымына, арнайы техниканың, мамандарға қажетті киімдер мен басқа да бұйымдардың сапасына алаңдаушылық білдірді. Бауыржан Қаниев Ақтөбе облысындағы Көкжиде кен орнының мұнай қалдықтарымен ластануы тұщы су тапшылығына алып келетінін айтты. Сенатор жағдайды жақсартуға бағытталған бірқатар нақты шара ұсынды.

Ләззат Қалтаева тиісті заңға әрекетке қабілетсіздік мәртебесін тағайындау және алып тастау туралы өзгерістер енгізу мәселесін көтерді. Сондай-ақ депутат қорғандар мен қамқоршылардың теріс әрекеттерінен қорғау үшін қамқоршылыққа мұқтаж тұлғалардың құқықтарын күшейту бойынша өз ұсыныстарын жеткізді.

Андрей Лукин Үкіметке мемлекеттік қажеттілік үшін жер учаскелерін алып қою кезінде мемлекеттің негізгі шығындарын азайтуға бағытталған шаралар қабылдауды ұсынды.

Сұлтанбек Мәкежанов құрылыс саласындағы іскерлік индекстің төмендеуіне себептеріне тоқталды. Сенатордың пікірінше, тұрғын үйді сатып алу мен жалға алу бағасының осы заңсыз құрылысқа және отандық құрылыс материалдары нарығындағы тапшылыққа әкеліп соқтырған.

Нүрия Ниязова шетелдердегі қақтығыс аймақтарында қалған Қазақстан азаматтарына қолдау көрсету үшін министрліктермен және бейінді ұйымдармен бірлесіп Хаттама әзірлеу мәселесін тілге тиек етті.

## ПАРЛАМЕНТАРАЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ АРТЫП КЕЛЕДІ

**Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов ресми сапармен Өзбекстан Республикасына барды. Ташкентте Өзбекстан Олий Мәжілісінің Заң шығару палатасы мен Қазақстан Парламенті Мәжілісінің арасындағы парламентаралық ынтымақтастық кеңесінің бірінші отырысы өтті.**



Парламентаралық ынтымақтастық кеңесін құру туралы шешім Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевтің 2021 жылғы желтоқсандағы Астанаға мемлекеттік сапары барысында қабылданған еді. Бұл — екі ел парламенттері арасындағы өзара ықпалдастықтың тың және жетілдірілген форматы.

— Біздің президенттеріміз Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёевтің жеке келісімдерінің арқасында екі елдің ынтымақтастығы одақтастықтың жаңа деңгейіне көтерілді. Бұл — Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы қарым-қатынастың жаңа кезеңі. Ал мемлекет басшылары барлық келісімнің жоғары деңгейде уақытылы әрі дұрыс орындалуына парламенттік бақылау жасауды Парламентаралық ынтымақтастық кеңесіне жүктелді, — деді Мәжіліс Спикері.

Отырыс барысында екі ел депутаттары сауда-экономикалық, көлік, аграрлық, мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты және су дипломатиясы мәселелерін талқылады.

Ерлан Қошанов Өзбекстан Қазақстанның өңірдегі ең ірі экономикалық серіктесі екенін атап өтті. Орталық Азия елдерімен тауар айналымы жалпы көлемінің 62,5 пайыздан астамы осы елге тиесілі. 2022 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы сауда-саттық рекордтық 5 млрд АҚШ долларына жетті. Екі ел үкіметтерінің алдында бұл көрсеткішті 10 млрд долларға дейін арттыру міндетті тұр.

«Орталық Азия» халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығының құрылысы — келешегі зор бірлескен жобалардың бірі. Оны өңірдегі ірі сауда-өнеркәсіптік хабқа айналдыру көзделіп отыр. Сондай-ақ Қазақстан парламентшілері Өзбекстанның «Мазари-Шариф — Кабул — Пешавар» теміржолын және «Беларусь — Ресей — Қазақстан — Өзбекстан — Ауғанстан — Пәкістан» мультимодальді дәлізін салу арқылы трансауған дәлізін дамыту жөніндегі бастамаларына қолдау білдірді.

Күн тәртібіндегі маңызды мәселенің бірі — Трансшекаралық су нысандарын бірлесіп басқару және тиімді пайдалану туралы үкіметаралық келісімді келісу рәсімін және Орталық Азия елдерінің халықаралық су-энергетика консорциумын құру мүмкіндігін талқылау болды.

Кездесу қорытындысы бойынша делегация басшылары Қазақстан Парламенті Мәжілісі мен Өзбекстан Олий Мәжілісінің Заң шығару палатасы арасындағы парламентаралық ынтымақтастық кеңесі туралы ерекше қол қойды. Парламентаралық ынтымақтастық кеңесі жылына кемінде бір рет тұрақты түрде өткізіліп отырады.

Сапар аясында Мәжіліс Төрағасы Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевпен кездесті. Ерлан Қошанов Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сәлемін жеткізіп, елдегі іргелі өзгерістер туралы айтты. Мәжіліс Спикері Өзбекстан басшысына Парламентаралық ынтымақтастық кеңесінің бірінші отырысының қорытындылары мен екі ел парламенттері арасындағы өзара іс-әрекеттің қазіргі жағдайы туралы мәлімет берді. Сондай-ақ Республика күнін мерекелеуге арналған салтанатты жиында Қазақстан Президентінің халыққа арнаған ауқымды идеологиялық үндеуіне ерекше назар аударды. Онда мемлекеттің жүріп өткен жолына объективті де тарихи баға берілді.

— Бүгінде Қазақстан дамуының жаңа кезеңін өткеруде. Оның ішіндегі — заң және құқық үстемдігі. Президентіміз ұстанып отырған басты басымдық — ішкі саяси тұрақтылық пен жалпыұлттық бірлікті сақтау. Сонымен қатар елімізде жүзеге асырылып жатқан ауқымды реформалардың маңызды мақсаты — әрбір азаматтың әл-ауқатын арттыру. Біз сындарлы сыртқы саясатқа баса мән береміз. Онда Өзбекстанмен одақтастық қатынастарға ерекше көңіл бөлінуде. Бұл жайт өңірдегі тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайтады, — деді Мәжіліс Спикері.

Сондай-ақ Өзбекстан Сенатының төрағасы Танила Нарбаевамен және Олий Мәжілісі Заң шығару палатасының спикері Нуриддин Исмоиловпен кездесулер өтті. Онда тараптар қолменттердегі, достық топтарындағы және басқа да амандардағы парламентаралық қатынастардың келешегін талқылады. Қазір Олий Мәжіліс депутаттары ел заңнамасын жаңа Конституцияға сәйкестендіруден айналысып жатыр. Бұл орайда Ерлан Қошанов Қазақстанның тәжірибесін бөлісуге дайын екенін жеткізді.

Сапар аясында Мәжіліс делегациясы Ташкент пен Самарқандтағы көрнекті тарихи орындарды аралады.

# МЕКТЕП САЛУҒА БӨЛІНГЕН ҚАРАЖАТТЫҢ ТЕК 37%-Ы ИГЕРІЛГЕН



**2027 жылға қарай елімізде кемінде 1,2 млн оқушы орны ашылуға тиіс. «АМАНАТ» партиясының «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасында осындай міндет қойылып отыр. Мектеп салу, жөндеу және жабықтауға қатысты осы және өзге де өзекті мәселелер Партиялық бақылаукомитетінің отырысында талқыланды.**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында атап өткендей, сапалы орта білім алу — әрбір баланың мызғымас құқығы. Жалпы, осы жылы оқушы орындарының тапшылығы мәселесін шешу үшін 137,7 мың орынға арналған 165 мектеп ашу жоспарланған. Оның ішінде 78,5 мың оқушы орнына лайықталған 77 мектеп пайдалануға берілді. Биыл мектептердің құрылысына шамамен 164 млрд теңге бөлінген. Алайда 7 айдың қорытындысы бойынша, 2023 жылы қаражатты игеру көрсеткіші тек 37%-ды құрап отыр. Комитет төрағасы, Мәжіліс депутаты Павел Казанцев атап өткендей, жалпы білім беретін мектептерді салу және жөндеу қарқыны әлі де көңіл көншітпейді. Биыл мектеп мүлдем салынбаған өңірлер де бар. Атап айтқанда, осы жылы 3 мектептен салынуы тиіс Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Маңғыстау және 2 мектептен салынуы тиіс Шығыс Қазақстан облыстары мен Алматы қаласында бірде-бір мектеп бой көтермеген. Сол сияқты Қарағанды облыстарында да бір мектеп салынуы керек еді.

«Белгіленген мерзімде жұмысты толық аяқтау үшін мердігер ұйымдардың көбінесе қажетті ресурстары (ұйымдастырушылық, қаржылық, материалдық-техникалық) ғана емес, сонымен қатар біліктілігі де

жалған. Осы жағдайға байланысты құрылыс алаңын ауыстыруға тура келді.

«Осы жылдың 8 айында аталған мектептегі құрылыс-монтаж жұмыстары тек 10%-ға орындалды. Жыл соңына дейін екі ай ғана уақыт қалды, бұл жерде құрылыс келесі жылдың екінші жартысында ғана аяқталады десе кысынды болады. Геодезистер, жобалаушы мамандар қайда қарады? Мектеп тұрғызатын алаңды алдын ала дұрыс таңдау керек еді, ал енді нысанды салу құны қымбаттап кететін болды», — деді «АМАНАТ» партиясының хатшысы Ержан Жылқыбаев.

Білім ошақтарындағы жөндеу жұмысының уақытылы жүргізілуінде мектеп басшылары да маңызды рөл атқарады. Мысалы, Атырау облысының Құлсары қаласында №18 мектеп директоры, «АМАНАТ» партиясының мүшесі Алтынгүл Ибраева мердігермен байланыс орнатып, көктемде оқу процесінің аяқталуын күтпей-ақ қаржыландыруды алғаннан кейін жөндеу жұмысын бірден бастап кеткен. Сонымен қатар Алтынгүл Ибраева аудандық партиялық бақылау комиссиясымен бірлесіп, жұмыс сапасын жеке бақылайды. Осылайша, жұмыс кестесі сақталып, жөндеу дер кезінде жасалды.

Өз кезегінде Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспан Комитет мүшелерін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасының іске асырылу барысы туралы хабарлар етті. Осы жылдың сәуір айында Мәжілісте өткен «АМАНАТ» партиясы фракциясының отырысында жасалған ескертулерді ескере отырып, 17 қазанда Үкімет ұлттық жобаға отандық тауар өндірушілерді қолдаудың қосымша шараларын көздейтін өзгерістер жобасын бекітті.

«Салынып жатқан мектептерге жиіаз тек қазақстандық өндірістен сатып алынады.

бүгінде елордада 1,4 млн адам тұрса, оның 444 мыңы — кәметелке толмағандар.

«Астаналықтардың орташа жасы — 30. Алдағы жылдары мектеп оқушылары санының күрт өсуі күтіледі. Ел тұрғындарының қалаға ағылу процесі, яғни ішкі көші-қон әлі де жоғары. Бұл адам ресурстарын жоғалтып отырған аймақтарға зиянын тигізеді. Оқу-ағарту министрлігі, әкімдіктер мен Үкімет мектептер мен балабақшалардың құрылысын жобалау кезінде демографиялық аспектіні ескеруі керек. Қазір Астанадағы мектептерде бала саны тым көп», — деді ол.

Бұл пікірмен комитет мүшесі, Мәжіліс депутаты Сергей Пономарев те келісіп отыр. Ол осыған ұқсас жағдай орын алып отырған оңтүстік астананың проблемасын тілге тиек етті.

«Қалалардың тез ілеспес жылдамдықпен өсуі мектеп тапшылығы мәселесін үдетіп отыр. Жағдай ушығып тұр, Алматыда бірде-бір мектеп жөндеілмеген. Көптеген тұрғын үй кешені бей-берекет, бақылаусыз салынып жатыр. Ал сол кезде емханалар, балабақшалар, мектептер жетіспейді. Құрылыс жүргізетіндер тұрғын үй кешені салатын болса, онда әлеуметтік инфрақұрылымды да қоса тұрғызуы тиіс. Біз құрылыс компанияларын осыған тартуымыз керек», — деді халық қалаулысы.

Алматы әкімдігі соңғы екі жылда қалада 11 мектеп салынғанын, ал 2020 жылдан бастап құрылыс салушылар үшін әлеуметтік инфрақұрылымды, атап айтқанда, балабақшалар мен мектептерді міндетті түрде салу туралы ереже қолданылатынын атап өтті.

Жиын қорытындысы бойынша, комитет мүшелері орталық және жергілікті мемлекеттік органдар үшін бірқатар ұсыным қабылдады. Мәселен, жобалық-сметалық құжаттамаларды әзірлеу мен түзетулі жеделдетуге, мектептерді салу және жөндеу жөніндегі жобаларға мемлекеттік ведомстводан тыс сараптама нысанын қорытындысын алуға мүмкіндік беретін тетікті әзірлеу қажет. Оқу-ағарту министрлігі салынып және жөнделіп жатқан барлық мектептің нақты жүйелі есебін қамтамасыз етуі қажет.

«Өңірлердегі партиялық бақылау комиссиялары білім беру нысандарын салуға және жөндеуге қатысты сайлауалды бағдарламаның барлық тармағының орындалуын бақылауға алып, әрбір нысанда көшпелі тексерулер жүргізуі тиіс. Сондай-ақ олар партиялық бақылау бекеттерінің жұмысын жандандыруы қажет», — деп түйінделді Павел Казанцев.

Сонымен қатар мектептердің құрылысы мен жөндеуіне тиісті партиялық бақылаудың жасалмағанына байланысты комитет үш облыстағы әкімдердің орынбасарлары мен құрылыс басқармаларының басшыларына «ескерту» түріндегі жаза тағайындауға қаулы етті. Олар Алматы облысы — Нұржан Құдайбергенов пен Сапар Нұрашев, Атырау облысы — Жасулан Бисембиев пен Нұрберген Құсайынов, Маңғыстау облысы — Жұмабай Қарағөв пен Айнұр Манкешова.

# ХАЛЫҚ ҚАЖЕТТІЛІГІН ӨТЕУ — НЕГІЗГІ МАҚСАТ

**Қазіргі кезде елімізде соңғы өлімге апарып соқтырып жатқан ауыр сырқаттың бір түрі — инсульт. Ресми деректерге сүйенсек, жыл сайын 40 мыңнан астам адам инсульт алады, өкінішке қарай көп жағдайда оның аяғы мүгедектікке әкелетін көрінеді.**

Қазақстанның ең қымбат қазынасы — халқы болса, халыққа керек басты қажеттілік — денсаулық. Бұл мәселе «АМАНАТ» партиясының сайлауалды бағдарламасында жан-жақты қамтылған. 2023—2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» бағдарламасында еліміздегі инсульт орталықтары мен коронарлық көмек беру орталықтары желісін кеңейтуге баса назар аударылған.

— Жалпы, біздің медицинада қан айналым жүйесі ауруларын емдеу ісінде үлкен реформа керек. Ең алдымен шешілуі тиіс мәселе — медицина қызметкерлерінің қажетті ресурстармен қамтамасыз етілуі. Партияның сайлауалды бағдарламасында бұл мәселеге үлкен мән берілді. Өңірлерде ауруханалар, фельдшерлік орталықтар, емханалар салыну керек. Дегенмен бұл салада үкіметтің үлкен жоспары бар және оның алды жүзеге аса бастағанын көріп отырмыз, — дейді Парламент Мәжілісінің депутаты Самат Нұртаза.

Денсаулық сақтау министрлігінің дерегіне, биыл жандан ашылған 79 инсульт орталығында 30 мыңнан астам адам емделген. Оған қоса, желел коронарлық синдром және миокард инфарктісі кезінде 44 коронарлық араласу орталығы медициналық көмек түрін көрсетеді. 2025 жылға дейін елімізде тағы 6 инсульт орталығы мен 4 коронарлық араласу орталығы ашылады.

баратын жас маманның жалақысын екі есеге дейін көбейтсек, жастар белгілі бір уақытқа тәжірибе жинау үшін барып жұмыс істеуі мүмкін. Сондықтан бюджеттен шалғай өңірдің медицина мамандарына арнайы қаражат бөлінгені дұрыс деп есептеймін», — дейді С.Нұртаза.

Айта кетейік, 2019—2022 жылдар аралығында «Дипломмен ауылға» бағдарламасы арқылы бюджеттен 9,5 млрд теңге жәрдемақы бөлініп, ауылдарға барған 35,5 мың азаматқа берілген. Үкіметтің «ҚР ауылдық аумақтарын дамытудың 2023—2027 жылдарға арналған Тұжырымдамасында» аталған бағдарламаға қатысты нормативтер қайта қаралып жатыр.

Ауылдарда тұрғындар ділгір болып отырған қажеттілік — байланыстың нашарлығы. Кейбір елді мекендерде интернет мүлдем ұстамайды. Әсіресе, шекарада орналасқан ауыл халқы осы жағдайдан көп зиян шегіп келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 12 қазан күні Астанада өткен Digital Bridge—2023 халықаралық форумында үкіметке шалғай аудан тұрғындарын интернетпен қамтамасыз ету мәселесін жоспардың тыс қарастырып, тез арада шешуді тапсырған болатын. «АМАНАТ» партиясы да қазақстандық байланыс спутниктерінің көмегімен шалғайдағы ауылдарды интернетпен қамтамасыз етуді ұсынып отыр. «Шекара біздің мемлекетіміздің тікелей қауіпсіздігімен байланысты. Ол аймақта адам аз екен деп интернет орнатпасақ, өз телеарнамызды, радиоимызды апармасақ, ертеңгі күні ол жерден айырылып қалуымыз да мүмкін деген сөз. Сондықтан да шекаралық аумақты адам санына қарап бағаламай, оған біртұтас Қазақстан Республикасының террито-

Оның айтуынша, дамыған елдерде тәрбиешінің жүктемесі бізден екі есе төмен, соған сай тәрбие беру ісінің мазмұны да жоғары. Сол себепті қолға алынатын отырған 40 сағаттық жұмыс аптасына кезең-кезеңімен көшу және «тәрбиеші-тәрбиеленуші» арақатынасын ЭЫДҰ нормаларына келтіру үшін мектепке дейінгі ұйымдар педагогіннің жалақысын кезең-кезеңімен арттыру мәселесі де өзекті болып отыр. «40 сағаттық жұмыс аптасына көшу мәселесіне орай, қазіргі күні 39 балабақшада пилоттық жоба жүзеге асырылды. Егер топтағы сәбилердің жасы 2-де болса 20 бала, одан жоғары жас болса 25 бала бір топта болуы керек деп есептедік. Бірақ бұл әдіс үлкен қаражатты қажет ететін болды. Сондықтан Үкімет айлық жалақыны жан басына шаққандағы қаржыландыру көрсеткішін көтеру арқылы көтеруді қарастырып отыр. Яғни, биыл тәрбиешінің жалақысына 30 пайыз қосылды, 2024 жылы тағы 40 пайыз, ал 2025 жылы тағы 30 пайыз кезең-кезеңімен қосылмақ», — дейді депутат. Бұдан бөлек, үкімет жоспарында жан басына шаққандағы нормативті ұлғайту арқылы да айлық жалақыны көтеру қарастырылуда. Себебі қазіргі демографиялық өсімнің жоғары болуына орай, балабақша қызметіне сұраныс та жоғары.

Орта мектеп базасында оқушының тұлғалық дамуына жағдай жасап, кәсіби біліктілігін көтеру де білім саласында жүзеге асырылып жатқан жаңашыл істің бірі. Мәжіліс депутаты Жұлдыз Сүлейменова 10-11 сынып оқушыларына қосымша білім беріп, колледждер базасында біліктілігін дамыту туралы жобаның да болашағы зор екенін айтады. «Осы арқылы жоғары сынып оқушысы өзі тұрып жатқан жердегі колледж-



Аталған салада тағы бір басымдық берер дүние — ауыл медицинасы. Қала мен ауыл өмірінің арасындағы әлеуметтік алшақтық ондаған жылдар бойы теңестірілмей келе жатқан жайт. Үкімет тарапынан жыл сайын қаражат бөлініп, бағдарламалар қабылданып жатқанымен жұмыс жүйелі түрде жүріп кеткен жоқ. Қазір қаладағы күнделікті тіршілікке жана өндірістер, технологиялық мүмкіндіктер жылдам еніп жатқанымен, шалғай өңірлер «жанашылдықтан» алыстап бара жатыр. Оның ең басты себебінің бірі — демография мен миграция мәселесі. Тек жылтырдың өзінде ауылдық жерлерден 326 мыңға жуық адам қалаға көшкен. Жергілікті әкімдіктердің мөлiметiне сәйкес, елімізде тұрғын саны 50 адамнан аспайтын 549 елді мекен бар. Демек, алдағы уақытта 549 ауыл «мәртебесінен» айырылып, қартадан түсіп қалады деген сөз. Депутат Самат Нұртаза ауылда медициналық қызмет сапасының жақсармай отыруына нарықтық құбылыстар да үлкен әсер етіп отырғанын айтады. «Бір жағынан жастар қазіргі қоғамдық үдеріске, нарық талабына байланысты шалғай жерлерге аса қызықпайды. Қаладағы студент ойын-сауық орталықтарына, кинотеатрларға т.б. демалыс орындарына барып үйренген, ауылда ондай орындар жоқ. Инфрақұрылымы дамымаған. Жас маманды ауылға күштеп апару алмайтын ғой», — дейді ол.

Депутаттың айтуынша, 2009 жылы қабылданған «Дипломмен ауылға» бағдарламасы осы уақыт аралығында өзін-өзі толық ақтай алған жоқ. «Егер біз ауылға

ариясы деп қарауымыз қажет. Республикамыздың кез келген тұрғынында мемлекеттің барлық нышандарының болуы, жұмыс істеп тұруы міндетті. Әрине, жеке компания болсын, кәсіпкер болсын өзінің салған инвестициясын жылдам қайтаруы үшін халықтың көп шоғырланған жерін таңдайды. Ол — нарық заңы. Дегенмен бұл жерде мемлекеттік мүлде, мемлекетшілдік деген ұғым алдыға шығуы керек. Үкімет бұл мәселелерді жүйелі түрде қарастыра отырып шешуі қажет», — дейді Мәжіліс депутаты Самат Нұртаза.

«АМАНАТ» партиясы міндетіне алған негізгі мәселенің бірі — мектепке дейінгі білім беру ісін жүйелі түрде дамыту. Мемлекет басшысының Жолдауындағы тапсырмасына сәйкес, биылғы қыркүйектен бастап тәрбиешілердің жалақысы 30%-ға өсті. Ендігі міндет — халықаралық білім беру талаптары мен деңгейіне сәйкестендіру. «Партияның сайлауалды бағдарламасында уәде етілгендей, қазіргі күні халықаралық тәжірибе зерделенді және еліміздің мектепке дейінгі ұйымдарында тәжірибе қолдану үшін онтайлы тәсілдер қарастырылды. Баланың жас аралығына байланысты ойын арқылы үйрету, ойын арқылы дамыту методикасы енгізілді. Бұл соңғы уақыттардағы мектепалды даярлық саласына қатысты жаңа әдістемелер бірі. Балабақша қабырғасындағы сәбилер осы жерден сапалы даярлықтан өтіп, бастауыш сыныпқа келгенде алғашқы пәндерді қабылдауға дайын болып баруы тиіс», — дейді Мәжіліс депутаты Жұлдыз Сүлейменова.

дерге барып, өз қалауына орай, жұмысы мамандықтың қырсырымен танисалды, үйреніп, өзіне қажетті іске дағдыланады. Қазір министрлік 16 мамандықтың тізімін бекітті. Әр өңір бойынша екі колледжде бекітілді. Бұдан былай жоғары сынып оқушысы мектептегі оқуын жалғастыра отырып, жұмысы мамандықтарға да бағдарланатын болады», — дейді ол.

Яғни, 11-сыныпты бітіріп шыққан кезде жалпы орта білімі иеленгеннен бөлек қолында қосымша жұмысты мамандығының сертификаты болады. Сондықтан бұл — болашақ үшін өте қажет жобаның бірі. «Өйткені қазіргі таңда дипломды азаматтар көп болғанымен бір іске икемі бар, мәселен шеге қағуды білетін адам аз. Өкінішке қарай, қазіргі ел экономикасында сондай кезеңге келіп тұрмыз. Бұл бір, екіншіден, еңбек нарығы ұдайы өзгеріп жатыр. Бұған демография, миграция ағымдары, әлемдік тенденциялар әсер етуде. Мектеп, университетте алып шыққан біліммен өмір бойы жұмыс істеу мүмкін болмай қалды. Абай атамның «сен де бір кірпіш дүниеге тегің тап та, бар, қалан!» деген сөзінің мән-маңызы осы кезеңге тура келіп тұр», — дейді Ж.Сүлейменова.

Дегенмен мұндағы ескеретін жайт — балалар қауіпсіздігі. Ең алдымен жұмысшы мамандығын алып шыққан оқушының қауіпсіздік мәселесі бірінші орында тұруы керек. Жұлдыз Досбергеновтің айтуынша, депутат осы мәселеге орай заңға өзгерістер енгізуді ұсынып, Үкіметке жолдаған.



жетпей жатады. Бұл жағдайды үнемі сот процестері арқылы шешу, мерзімінен кешігу, жұмыс сапасына қатысты шағымдар сияқты келенсіздіктерге әкеліп соғады. Техникалық қадағалау жеткіліксіз деңгейде жүзеге асырылады, көбіне-көп сапаға қатысты ескертулер жөндеу немесе құрылыс жүріп жатқан кезде емес, аяқталғаннан кейін беріледі», — деді ол.

Мәселен, Шығыс Қазақстан облысы Зайсан қаласындағы 300 орындық мектеп туралы айтсақ, көктемгі су тасқыны салдарынан білім ошағын салу үшін таңдалған жер учаскесі су астында

Сондай-ақ сатып алынатын тауарларға бизнеспен алдын ала (офтейк) келісімшарттар жасалады. Сыртқы қасбеттерді безендіруде климаттық және сейсмикалық жағдайларды ескере отырып, негізінен отандық өндірістің заманауи материалдары қолданылады», — деді ол.

Мемлекеттік органдардың мектеп тапшылығы мәселесін шешуге күш салып жатқанына қарамастан, республикалық маңызы бар қалаларда білім ошақтары әлі де жетіспейді. Астана қалалық партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Мирас Шекеновтың айтуынша,



**29 қазанда бауырлас Түркия Республикасының құрылғанына 100 жыл толады. Түбі бір туысқан ел ертеден бері азат өмір сүрді дегенмен, XX ғасырдың басындағы «соқтықпалы, соқпақсыз» жылдарда зайырлы, демократиялық жолға түсті. Елдігін сақтады. Содан бері ғасыр өтіпті. Жаһан жұрты республика ретінде танып, мойындаған кезде Түркия жалғыз тәуелсіз түркі елі еді. Қазір түркі жұртының алты азат мемлекеті бар. Қазақстан тәуелсіздік алған сәтте алғашқы болып егемен ел екенін мойындайтынын мәлімдеп, шын қуаңған жұрттың бірі Анадолыдағы ағайын болатын. Ал Түркия тарихында Мұстафа Кемал Ататүріктің орны бөлек. Анадолы жұртының тағдыр-талайы осынау қайраткер тұлғаның табандылығы мен ақыл-парасатына тікелей байланысты еді.**

**Айқын газеті бауырлас елдің ғасырлық мерейтойы қарсаңында әлем тарихында өзіндік із қалдырған Мұстафа Кемал Ататүрік жайлы сенатор Дархан Қыдырәлінің мақаласын оқырманға ұсынуды жөн көрді.**

**РЕДАКЦИЯДАН**

Әлем картасы өзгеріп, ірі империялар келмесе кетіп жатқан күрделі кезеңде Түркия Республикасының құрылып, іргелі мемлекет ретінде қалыптасуында Мұстафа Кемал Ататүріктің айрықша қызмет атқарғаны белгілі. Ал Ататүріктің еңбегі мен ерлігін дұрыс бағамдау үшін сол кезеңді тарихи тұрғыда бір шолып шыққан абзал.

Кез келген империяның шарықтау шегі және құлдырау кезеңі болады десек, үш құрлыққа тамыр жайған Осман империясы тоқырау кезеңін бастан өткеріп жатты. Алып империяның шекарасын қорғау, сол үшін әскери жорықтарды көп ұйымдастыру елді үлкен шығынға әкеліп соқты. Жібек жолының маназын жоғалтуы, еуропалықтардың Қызыл теңіз, Парсы шығанағы арқылы Үнді мұхитына шығып, орасан зор байлықтарға қол жеткізуі – империяның экономикалық жағдайының әлсіреуіне әсер етті. Бірте-бірте оның экономикасы капитуляциялар арқылы батысқа тәуелді бола бастады. Империяның құлауына Еуропада бастау алған ұлтшылдық қозғалыстар да негіз болды. Сонымен қатар батыстағы реформалау үрдісінен Түркия тыс қалып қойды. Мұсылмандық өркениеттің қорғаны саналған Османлы батыс үстемдігін сезіне бастаған кезде реформалар жүргізе бастады. Дегенмен көп жағдайда тереңге бойламай, олардың сәулеті, ғимараты, мәдениеті секілді көзге көрінетін материалдық дүниелерге үнілді. Сондай-ақ алпауыт елдер күн тәртібіне шығыс мәселесін қойып, өздері «сырқат адам» деп атаған Османлыны Еуропадан, Балқан түбегінен, Ыстанбұдан, тіпті Анатолиядан ығыстырып шығару, Алтайға дейін қуып тастау, қолдарына қару алуына, әлемдік саясатқа ықпал етуіне мүмкіндік бермеу секілді ұйғарым жасады. Наполеонның «Әлемдік империя құрсам, астанасын Ыстанбұл жасайтын едім» деген сөзі бар екен. Ыстанбұл осылайша бүкіл батыстық мемлекеттердің көз құрты болды. Өйткені ол бір жағынан шығыс пен батысты жалғастырған еуразиялық қала болса, екіншіден, Түркия жері христиандар үшін аса қасиетті, киелі мекен болып саналды. Осындай кезеңде жағдайы әлсіреген, жан-жағында қыспаққа алынған, қол астындағы ұлттың бәрі өз тәуелсіздігіне ұмтылған, жалпы жана дәуірдегі ғылым мен технологиядан артта қалған Осман империясы көп жерден ығысуға мәжбүр болды.

Осы кезде Парижде топтасқан ұлт зиялылары мен жастар бірігіп, заманға

сай ұлттың қалыптасуы мен ұлтшылдықтың теориясын негіздеу бастады. Мысалы, 1904 жылы тегі татар Юсуф Акчұра «Үш түрлі саясат» деген кітап жазды. Оны батыстың тарихшылары кейін атқарған қызметі мен маңызына қарай «түркіштіктің манифесті» деп атады. Юсуф Акчұра: «Бірінші жол – «османшылдық». Империяның құрамындағы барлық этнос пен дін өкілі – бір халық, бір ұлт. Дегенмен оның құрамында мұсылмандар да, христиандар да бар. Ұлттық теңсіздікке ұмтылған кезде бәрі бет алдына кетеді, сосын «осман ұлты» деген ұлт қалмайды. Екінші жол – қазіргі халифтің жүргізіп отырған исламшылдық саясаты. Бірақ империя құрамындағы басқа мұсылман елдердің біразы өзге империялардың қол астында. Олардың арасында Осман империясына қарсы шығып жатқандары да бар. Империя да тек мұсылмандардан құралмаған. Сондықтан мұсылманшылдық саясаты да мемлекетті сақтап қала алмайды. Үшінші жол – түркіштік. Осман империясының негізін қалаған түріктер болғандықтан, шаңырақтың иесі солар. Османшылдық та, мұсылманшылдық та түптеп келгенде түркіштікке келіп тіреледі. Өйткені түрк – мұсылман, түрк – османлы. Сондықтан да мемлекетке түркіштік керек» деп жазды.

Ақчұраның бұл саясаты кейін Зия Гөкальптың әйгілі «Түркіштіктің негіздері» еңбегінің жазылуына түрткі болды. Зия Гөкальп «түркіштік, батысшылдық және мұсылманшылдықты біріктіру қажет. Осыдан жана мемлекетшілдікті шығаруымыз керек» деп синтез жасады. Ататүрік негізге алған басты идеялар, міне, осылар. Осындай пікірлердің әсерімен, сұлтан 1908 жылы тақтан тайдырылды, мемлекет басына «жас түріктер» келді, парламенттік билік күшейді. Әр ұлттар парламентке өзін өкілдерін қою арқылы тартысты күшейте берді. Сөйтіп, Осман империясының құлдырауы ұзаққа созылды. Жалпы, бір мемлекеттің бір сәтте құлауы оның қайта орнынан тез тұруына мүмкіндік беруі мүмкін. Өйткені құлаған империяны дөңсестіріп, жолы тұрғындардың санасында жаңғырып тұрғандықтан, олар сол империяны қайта жасақтауға ұмтылады. Егер империяның құлауы ғасырларға ұзап кетсе, бұл қиын. Осман империясының құлауы екі ғасырға созылды. Осы уақыт аралығында бірнеше ұрпақ ауысты. Мемлекет басына келген «жас түріктер» Бірінші дүниежүзілік соғыста дұрыс стратегиялық жол таңдамады. Германия жеңіліс тапқаннан кейін Еуропа елдері жан-жақтан анталап, түрк жеріне ауыз сала бастады. Осы кезде Осман империясының құлауы ғана емес, түрк халқының мүлдем жойылып кету қаупі төнді.

Міне, осындай күрделі кезеңде тарих сахнасына Ататүрік шықты. Ұлылар еңбегі заманының қиындығымен, уақыттың тығыздығымен және атқарған ісінің ауқымымен өлшенсе, Ататүріктің еңбегі ұшан-теңіз. І дүниежүзілік соғыс басталғанда Уинстон Черчилль: «Қалтасында бір тиыны жоқ, қираған, қаусаған Түркиядан осы сілкіністен кейін не қалады?» деп айтқан екен. Расында, әлемнің картасы өзгеріп жатқанда ел зиялылары империяны сақтап қалу амалдарын іздегенде, Ататүрік «Османлы сұлтандығын сақтап қалуға тырысу, түрк ұлтына қарсы жасалған үлкен қастандық болар еді» деп келмесе кетіп бара жатқан империяны қайта жаңғыртуға ұмтылмай, ұлтты сақтап қалды. Сондықтан Ататүрікті талайы шақта тағдыры төлкеке түскен түрікке Тәңірдің тартуы деп білген жөн.

Соғыста одақтасарымен бірге жеңіліске ұшыраған Осман мемлекеті 1918 жылғы 30 қазанда қатал үкімдер бекітілген Мондроз келісімшартына қол қоюға мәжбүр болды. Бұл келісімшарт Антанта мемлекеттеріне қауіпсіздіктеріне қатер төнген сәтте Осман мемлекетінің кез келген стратегиялық аймағын жаулап алу құқығын берді. 1918 жылдың 13 қарашасында Антанта мемлекеттері мен грек кемелері Ыстанбұлға басып кірді. Англия, Франция, Италия және Грекия Түркияның аймақтарын басып алды. Урфа, Мараш, Газиантеп және Алапа жерін француздар басып алды. Анталия мен Конияда италиян әскери жасақтары, Мерзифон мен Самсунда ағылшын әскерлері жүрді. 1919 жылғы 15 мамырда Антанта елдерінің мақұлдауымен грек армиясы Измирге басып кірді. Бірақ өзара бөліске салғанда оларда ауызбіршілік болмады.

Ататүрік одақтасардың алауыздығын жақсы пайдаланып, қысылтқан кездегі ауыр шарттарды қолайлы мүмкіндікке айналдыра білді. Уақыттың тамырын тап басып таныған ол 1919 жылдың 19 мамырында Ыстанбұдан «Бандырлар» кемесімен жолға шығып, Самсунға келді. Бұл күн тарихта түрк халқының Ұлт-азаттық күресінің іс жүзінде басталу күні болды. Елдің қолдауына ие болған Ата-

алғашқы кезеңдегі қадамдарынан анық байқаймыз. Мәселен, Түркияның алғашқы ақшасында көк бөрінің бейнесі суреттелген. Ол түркі тарихына байланысты терең зерттеулердің көп жүргізуін қадағалап отырды. Жіберген адамдары Бұхара Республикасының құрылуына ықпал етті. Түркі әлеміндегі тұтастыққа қол жеткізу үшін Ататүрік латын әліппесіне көшті. Дегенмен Ататүрік сол тұстағы саяси ахуалды, дәуірдің шындықтарын жақсы оқи білген тұлға болды. Түркістанның сол тұста тәуелсіздікке жете алмайтынын ол білді. Біріншіден, бұған саяси ахуал мүмкіндік бермеді. Сол тұстағы әлемдік саясатты жүргізген Еуропадағы үлкен күштер мен Түркістанның билігін ұстап тұрған Ресей бұған мүдделі болған жоқ. Екіншіден, бұған жағрапиялық жағдай да кедергі еді. Сондықтан Ленин мен Сталиннің түпкі саясатын айқын аңғарып, батыстың ойын оқи білген Ататүрік сол замандарға сәйкес нақты қадамдарға барды. Ол ұлыс мемлекетін құруды ойлады. Ататүрік: «Бізді біреулер «панисламист» дейді, бірақ біз ондай емеспіз. Біреулер бізге «пантүркізмді» тануға тырысады. «Пантүркізм» емеспіз. Біз түркі халқына негізделген Түркия мемлекетімен ғана шектелміз. Біз сыртқы саясатта да, ішкі саясатта да

Түркия Республикасының 10 жылдығы аталып жатқан кезде Ататүрік: «Аустрия – Венгрия және Осман империясы сияқты Кеңестер Одағы да қирайды. Әр ұлт азаттық үшін аяқасқа шығады, тәуелсіздік үшін күреседі. Сол кезде Орталық Азиядағы қандастарымыз тәуелсіздіктеріне қол жеткізеді. Бірақ біз туысқан ретінде ол күнді күтіп отырмауымыз керек. Дайындалып, арадағы көпірлерді құруымыз керек. Ол көпір – тарихымыз, тіліміз, мәдениетіміз. Осыларды бүгіннен қалыптастырамыз. Ортақ тарихымызды жазайық. Ертең бұл біздің арамдызды жалғастыратын дәнекерге айналады» деп өсиет айтқан. Сондықтан түркі елдерінің арасындағы бүгінгі бауырластықтың пайда болуына Ататүріктің әсері болғаны анық.

Жалпы, Ататүрік социализмнің де, капитализмнің де, либерализмнің де озық үлгілерін мүмкіндігінше өз елінің өркендету жолында пайдаланды. Мәселен, ол 30-жылдары бес жылдық жоспарлы экономиканы енгізді. Соғыс аяқталысымен, қылышты ораққа, оқты сабанға алмастыру туралы ұран көтеріп, ауыл шаруашылығына мән берді. Ұлттық өнім мен өнеркәсіпті дамытуға ден қойды. Бір мысал, әлі соғыс жүріп жатқан 1921 жылы ол «Жергілікті жерде өндірілген киім кию туралы» заң шығарды. Жалпы, Ататүрік «халықшылдық, ұлтшылдық және мемлекетшілдік» деген ұранды ұстанды. Сондықтан Ататүрік барлық билікті мемлекетке шоғырландыруға тырысты. Сол арқылы Осман империясы кезінен ықпалын жүргізіп келген түрлі әулет пен топтардың әсерін әлсіретті. Әскер мен мемлекеттік қызметке шоғырланған түркі ұлттың шаруашылық пен саудаға тартты. Оған дейін бұл сала негізінен еврей, армян ұлты өкілдерінің қолында болатын. Ататүрік: «Бізден миллионерлер, ірі капиталистер шығу керек. Ірі буржуазия қалыптасу керек. Ол ұлттық сипатта болуы тиіс» деді және соған мүмкіндік жасады. Осылай жана орта тап қалыптастыруға тырысты. Астананы ел орталығындағы Анкараға ауыстыру да экономикаға жан бітірді. Барыс-келіс артты, сауда жанданды, бұқара халыққа жұмыс табылды. Бәсекелестікке соғыстан қалжыраған түркі халқы ұтылып қалмау үшін ол жалпы халыққа негізделген халықшылдық саясатын жүргізді. Соның арқасында Түркия 30-жылдардағы әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыстан оңай шықты.

Ататүрік – Түркия және түркі халықтары үшін аса қастерлі есім. Оны сондай қадірлі еткен қандай қасиеттері еді? Соған да тоқталып өтсек.

Біріншіден, Ататүрік мемлекетін жау қолынан азат етті. Құлап жатқан Осман империясының қирандыларының ішінен өзіннің ұлтын сақтап қалды. Сондықтан ол әуелі Отанын құтқарған қаһарман, жаужүрек қолбасшы.

Екіншіден, ол тәуелсіз мемлекет құрды. Мемлекеттің іргесін бекітіп, көпұлтты біртұтас ұлысқа айналдырды, тарихи таным мен ұлттық рухты күшейтіп, түркі тілінің көсегесін көгертті. Жаңа қоғам, жана сана қалыптастырды. Сол үшін түбегейлі саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени реформалар жүргізді. Мәселен, соның бірі – фамилия реформасы. Оның реформасы арқылы әрбір азаматқа жаңа түрікше фамилия берілді. Ол адамның әулетімен мүлде қатыссыз болды. Сол арқылы Түркида мекендеп жатқан көптеген этнос өкілдері түркі болып есептелді. Әрине, олар өзіннің өткенін біледі. Бірақ түркі жерінде тұру арқылы, түрікше сөйлеп, түрікше білім алу арқылы олардың әрқайсысы Түркі Республикасының азаматы, патриоты ретінде қалыптасты.

Үшіншіден, ол халықшылдық саясатын ұстанды. Ленин сияқты өзге топтарды, партияларды жою отырып, бір партияның басшылығына сүйенген жоқ. Ол тұтас халықтың қолдауына ие болды. Ататүріктің жерді, елді құтқаруы, қоғамды, ұлтты қалыптастыруы және халыққа арқа сүйеуі, халықтық билікті орнатуы оның есімін өзге көсемдерден биіктетіп тұр.

Жалпы, Ататүріктің азаттық жолындағы жеңісі мен жүргізген жемісті реформалары барлық бодан халықтарға үлкен үлгі болды. Оның 1930 жылы айтқан «Күн шығыстан атады. Танертең күннің қалай атқанын анық көргенім сияқты бір күні бүкіл шығыс халықтарының да солай оянғанын айқын көріп тұрмын» деген сөзі бар. Ол шын мәнінде шығыстағы отаршылдыққа қарсы күрестің символына айналды. Сондықтан исламға қайшы көрінетін кейбір әрекетіне қарамастан оны бүкіл шығыс халықтары мен ислам әлемі тегіс құрметтеп, ұлы тұлға ретінде мойындап, дәріптеді. Мәселен, Мұстафа Шоқай да оны «Түркия тарихының бағытын түбегейлі өзгерген көсем» деп бағалады. Ал Үндістан мұсылмандарының рухани жетекшілерінің бірі, әйгілі ақын Мұхаммед Икбал «Кемал пашаға» деген жыр арнап, «Біз сактандық, қор болдық, Саған сактық не керек?!» деп жазды. Сондықтан Мұстафа Кемал Ататүрік тек Түркияның негізін қалаушы ғана емес, бодан ұлттардың үмітін оятқан, қирандыдан шыққан елдің еңсесін тіктеудің бағдарын жасаған аса ірі мемлекет және қоғам қайраткері ретінде тарихта қалды.

**Дархан ҚЫДЫРӘЛІ,**  
Сенат депутаты

# АТАТҮРІК – ТӘҢІРІНІҢ ТҮРКІГЕ ТАРТУЫ



түркі Сұлтанның өкілі ретінде халық көтерілісіне басшылық жасап жүргендердің басын қосып, Ерзүрүм, Сивас қалаларында құрылтайлар өткізіп, халық билігін жария етті.

1920 жылғы 16 наурызда Антанта мемлекеттері Ыстанбұлды басып алды. Осыдан бір айдан кейін, 1920 жылғы 23 сәуірде Анкарада Түркия Ұлы Ұлттық мәжілісі ашылып, өз қызметіне кірісті. Мұстафа Кемал бірауыздан Мәжіліске төраға болып сайланды. Түркия Ұлы Ұлттық мәжілісі мен оның 2 мамырда құрылған үкіметі Анадолыдағы азаттық соғысына басшылық жасады. 1923 жылдың 24 шілдесінде жасалған Лозанна келісімшартымен Түркия ансаған азаттыққа қол жеткізді. 1923 жылғы 29 қазанда Мұстафа Кемал Ататүрік бастаған Түркия Ұлы ұлттық мәжілісі Анкарада ресми түрде Түркия Республикасын жариялады. Мұстафа Кемал Ататүрік Түркияның тұңғыш президенті болып сайланды. Осылайша, түркі ұлты 11 жыл бойы арпалысып, 16 миллион адам жынып құрбан етіп, үлкен қажыр-қайратпен ел тәуелсіздігін сақтап қалды. 1924 жылы 20 сәуірде Ататүрік тәуелсіз Түркияның Ата Заңын қабылдай отырып, мұсылман әлемінде алғашқы зайырлы мемлекетті қалыптастырды.

Осы кезеңде Түркияға төніп тұрған тағы бір қауіп бар еді. Бұл батыс әлемін империалистік күш ретінде қабылдап, дүниежүзілік рулетарлық билікті орнатуды көздеген большевиктер болатын. Билік басындағы Троцкий, Зиновьев бастаған топ «дүниежүзіне төңкеріс орнатамыз» деді. Бұған сенген түріктер де аз болмады. Әнуар паша, Жамал пашалар да осы идеяны қолдады. Олар Британияға империалистік күш ретінде қарап, содан ош алуға тырысты. Сөйтіп, Жамал паша Үндістандағы мұсылмандарды, Әнуар паша Түркістан мен Ауғанстандағы мұсылмандарды көтеріліске бастамақшы болды. Ал прагматикалық саясат жүргізген Ататүрік ақылға қонымды әрекет жасап, большевиктермен белгілі деңгейде мәмілеге келіп, коммунизм идеясының Түркияға енуіне тосқауыл қоя білді.

Әрине, Ататүрік – түркіш адам болды. Ол Ақчұра мен Гөкальптың түркіштік идеясынан нәр ала отырып, оны өзінше дамытты. Мемлекетті Түркия деп атауының түпкі мақсаты – түркі әлемімен, соның ішінде Түркістанмен бірігу еді. Ататүріктің түркіш болғанын, оның

бейбітшілікті ұстанамыз. Біздің қиялы саясатта шаруамыз жоқ», – деді.

Ататүріктің алдына аңаған шебер саясаты оның көршілерімен тату болуына септігін тигізді. Мәселен, Түркия жана құрылып жатқан тұста КСРО оларға көмектесті. Бұхара Республикасының басшысы Осман Қожаоғлының айтуынша, тек Бұхараның өзінен 100 миллион алтын рубль жіберілген. Біз сол тұста Түркістаннан, қазак жерінен де қаржы жиналғанын білеміз. Ал Ленин осы қаражаттың басым бөлігін орталықта алып қалып, Түркияға барлығы 11 миллион алтын рубль көлемінде жәрдем жасаған. Большевиктердің оларға көмек бергендегі мақсаты – Түркияны өзіне қарату болды. Сондықтан 20-жылдардың басында Мәскеуде шыққан большевиктік газеттер Ататүрікті керемет мақтап жазды. Оны пролетариаттан шыққан көсем, халық билігімен салтанат құрған, патшаны тақтан тайдырған, керітартпа мұсылманшылдықпен күресуші, ескіліктің түбіріне балта шабушы, халифатты жоюшы, жұмысшы табының жеңімпазы ретінде мадақтады. Ататүрік мұны шебер пайдалана білді. Кеңестер мен батыстың арасындағы қарама-қайшылықты, өзіне төнген қауіп-қатердің барлығын ол мүмкіншілікке айналдырып отырды.

XX ғасырдың алғашқы жартысында Ресейдегі ұлт-азаттық қозғалыстар сөзсіз аяқталғандықтан, олардың көсемдері Түркияны паналап, сол жақта күрестерін жалғастырғаны белгілі. Сол жылдары Ататүрікке үлкен үміт артқан Мұстафа Шоқай «Түркия Республикасы неғұрлым үлкен жетістікке жетсе, бізге үлгі болар еді» деп жүргізген реформаларын қолдап, оған үлкен құрметпен қараған. Ататүрік эмиграцияға барған осы зиялы қауым өкілдерін Түркияның қалыптасуына тартты. Түркі әлемінен жыылған зиялыларды қолдау арқылы сол кездегі түркі қоғамын қалыптастыруға ұмтылды. Сондықтан Түркияда ұлттық идеяның орнығуында, зайырлылық, батысшылдық принциптерін құруда, конституциялық реформалар жасауда түркі әлемінен келген зиялы қауымның әсері үлкен болды. Мәселен, татар Юсуф Акчұра Түркі тарих құрылымын басқарды, әзери Ахмет Агаоғлы заң мен саясат саласында ықпалды қызмет атқарды, башқұрт Зәки Уалиди Тоған мен Абдулкадир Инан тарих, әдебиет және тіл саласында жемісті еңбек етті.

**Т**еріскей аймақтарды тұтас қамтыған астықтың көктеп кетуі диқан қауымын әбден өбігерге салды. Ондаған шағын шаруа қожалығы мен серіктестіктер ала жаздай төккен тері, миллиондап алған несиесі мен салған қыруар қаражаты ақталмай, шаш-етектен шығынға батты. Нағыз жиын-терім кезінде сібірлей жауған ақ жаңбырдың салдарынан шаруалардың басым көпшілігі баданадай піскен астықты сұлатуы орауға мәжбүр болған. Салдарынан құлаған масақ жерге жабысып, мүлде өнім ала алмай қалғандар да баршылық. Бұрын-соңды болмаған формажорлы мұндай жағдайдан кейін «Келер жылы егін еге алмай қаламыз ба?» деп қапаланған шаруалардың қарасы көбейген. Оның үстіне, мемлекеттен берілетін миллиардтаған субсидия мен жеңілдіктердің де қарапайым шаруаларға жетпей қалуы жығылған үстіне жұдырық болып тұр.

**АҚМОЛАЛЫҚ ШАРУАЛАР БАНКРОТҚА ҰШЫРАУЫ МҮМКІН**  
Әсіресе, елдің басты астықты өңірлерінің бірі саналатын Ақмола облысындағы жағдай аса алаңдатарлық. Жалпы көлемі 4 млн 930 мың гектар алпаққа дән салған шаруалар биыл бар-жоғы 3 млн тоннаға жетер-жетпес қана өнім алған. Салыстыра кетсек, бұл өнім былтырмен салыстырғанда 2 млн тоннадай аз. Өйткені бір жағынан, киіктің тұяғымен тапталған егістің алқаптары, қыркүйекте толассыз жауған жаңбырдың кесірінен тектарына орташа есеппен 6,4 центнерден ғана айналған. Оның үстіне, бидайдың сапасы да сын көтермейді.

Облыстың Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының мәліметінше, биыл класы мүлде төмен астықтың мөлшері 500-600 мың тоннаға жетіп жығылған. Жылған астық мүлдем ылғалды болғандықтан элеваторлар да астықты кептіріп үлгермей қалған. Астық қабылдау бекеттері мен элеваторларда астығын алып, кезек күткен шаруалар түйінді жағдайда мемлекеттен көмек болмаса, мүлде банкротқа ұшырайтынымыз анық деп отыр.

Еккен астығынан мүлде өнім ала алмай қалғандардың бірі — атбасарлық шағын шаруа қожалығының иесі Мұхит Рахметов. Шаруа қолда бар қаржысымен қоса, «Аграрлық несие корпорациясынан» қосымша көлемде несие алып жердің біршама бөлігіне арпа мен қалғанына бидай еккен. Алайда жердің жартысынан астамынан мүлде өнім ала алмай қиын жағдайға түскен.

— Биыл қолда бар 559 гектар жерімнің 400 гектарына арпа еккенмін. Тұқымды да анау-мынау емес, канадалық сұрыптан арнайы сатып алып септім. Арпа жаңбырдың алдында әжептәуір өнім берерлік күйде болған. Бірақ дәл егін орағы басталар тұста тоқтамай жауған соң егінді сұлатуға мәжбүр болдым. Тоқтамаған жаңбырдан кейін сулаған астық көктеп кетіп, 280 гектар алпақ сол күйі орылмай қалды. 120 гектардан шамамен 140-150 тоннадай өнім алғанмын. Бірақ сапасы төмен. Жартысынан астамы, яғни 85 тоннасы сапасы өте төмен класссыз болды. Элеваторлардың



Елнар ҚАБА (Астана)

## АСТЫҚТЫ АҰМАҚТАҒЫ ШАРУАЛАР АЛАҢЫ

бәрі мұндай астықты кептіруге үлгермей жатыр. Қажетінше астықты қабылдап алады да қақпаларын жауып тастайды. Ал одан кейін элеватор басы қаптаған кептелісі кезекке айналады. Астықты тапсыру үшін 2-3 тәулікке дейін кезек күтетін кездер аз болмайды. Кезек күтіп элеваторда жүргенде басқа шаш-етектен болатын шаруаң жайына қалады. Элеваторлар бар-жоғы 55 мың тенгеден ғана баға ұсынып отыр. Ал бұған қалай бермекпіз? Ешқандай субсидия да алған жоқпын. Атбасар ауданынан тек Көкшетауға шауып жүріп Марат Ыдырысов деген кәсіпкер ғана алды. Несие мерзімін де ұзартпады. Өйткені пролонгацияны тек мүлде өнімсіз қалған шаруаларға ғана береді екен. Әрі олар мерзімін ұзартса, бірден «қара тізімге» ілініп кетіп, одан кейін несие де бермей қоятынын естідім. Сондықтан ештеңе қарамай, құтылуы жөн көріп отырмын. Басқа амалым да жоқ, — дейді ашынған шаруа Мұхит Рахметов.

### НЕСИЕ МЕРЗІМІН ҰЗАРТСА, «ҚАРА ТІЗІМГЕ» ЕНЕДІ

Шаруалардың ащы жанайқайын облыстың Кәсіпкерлік басқармасындағылар да мойындады. Шағын шаруа қожалықтарының шарасыз күйін жоғарыға жеткізіп, түйінді мәселені тарқатуға тырысқанымен олардың да сөзі биліктің назарына ілінбеген сыйналы. Мәселен, жуырда дәлірек айтқанда, 12 қазан күні агро-өнеркәсіп кешендерінің кезекті кеңесі өткен. Жиында биылғы сапасы аса төмен класссыз астықты жүзеге асыру жайы тағы да әңгіме өзегіне айналған. Өйткені биыл «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» класссыз астыққа небары 70 мың тенге белгіленді. Кәсіпкерлер баға ең болмағанда тоннасына 80-85 мың тенгеден көтерілуі тиіс деп есептейді. Ал оның өзі 350 мың тонна. Еліміз бойынша алынатын бұл астық көлемі де шаруалардың санасына жетпей тұр. Өйткені бұл көлем тек бір облысты да қамтуға жетпейді.

Кәсіпкерлер палатасының мәліметінше, мұнымен қоса шаруаларды элева-

торларда астықты қабылдауы алаңдатып отыр. Астық қабылдау бекеттері жанармай мен газдың жоқтығын сылтауратып астықты қабылдамайды. Салдарынан ұзын-сонар кезек пайда болып, астық уақытында кептірілмегендіктен одан сайын шығынға батырған. Облыстың кәсіпкерлер палатасы да несие мерзімін ұзартудың жазылмаған «қағидасымен» шаруалар бір-ақ сәтте «қара тізімге» еніп кетіп, ол алдағы көктемі егіс науқанында аса қиын жағдайға душар етуі мүмкін екенін де еске салды. Салдарынан өңірде егіні себілмей, салық пен әлеуметтік төлемдерге және жалақыға қарыз өндіріс орындары еселене түспек. Мұның соны өз кезегінде жұмыс орындарының жабылып тұнуына да ықпалын тигізеді.

Жиын барысында сондай-ақ МемАгро электронды жүйесі жұмысының жүйесіздігі де сын сағағына алынды. Аграрлық шаруа қожалықтары субсидия өтінімдерін бағдарлама әкімшісі — облыстың Ауыл шаруашылығы басқармасы өте ұзақ қарайтынын жеткізді. Қазіргі уақытта осы жылдың шілдесінде берілген өтінімдер тексеріліп жатыр. Күніне 100-120 өтінім тексерген күннің өзінде жұмыс жыл соны-

гізіп, оларды шешу үшін ұсыныс-тілектері тиісті мемлекеттік органдар мен қаржылық институттарға жолдаған. Кәсіпкерлер палатасындағылар да түйінді мәселені мемлекет шешпесе, шаруалардың жағдайы аса қиын екенін айтып отыр.

### ЭКСПОРТ НАРЫҒЫНАН АЙЫРЫЛЫП ҚАЛАМЫЗ...

Мәселен, Атбасар ауданы Кәсіпкерлер палатасының директоры егер мемлекеттен көмек болып, кластан тыс бидайды алу көлемін көбейтпесе, шаруалардың басым бөлігі келер көктемеге жетпей банкротқа ұшырайтынын айтып шырылдады.

— «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» 70 мың тенгеден деп белгілеген 350 мың тонна класссыз астықтың бағасы да, көлемі де тым аз. Өйткені тек Атбасар ауданы бойынша ғана 270 мың тонна класссыз астық жиналды. Сапасы өте төмен. Элеваторлар шаруаларға тек тоннасына 55 мың тенгеден ғана ұсынып отыр. Біз шаруаларды алдағы уақытта қосымша құн салығынан және корпоративті кіріс салығынан босатуды сұрап отырмыз. Шаруалар субсидия да ала алмай отыр. Тек Атбасар ауданы бойынша ғана 3,5 млрд



*Биыл астық көлемінің аз болғаны рас. 4 млн 930 мың гектардан 3 миллион тонна өнім алынды. Әрине, классыз астықтың да көлемі орасан. Шамамен 500-600 мың тонна болып тұр.*

на дейін созылмақ. Ал бұл ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін мемлекеттік қолдаусыз қалдыруы да ықтимал. Өйткені электронды жүйенің дұрыс жұмыс істемеуі себебінен кәсіпкер осы жылдың 1 желтоқсанынан кейін өтінімді қайтадан бере алмай қалады. Кәсіпкерлер барлық көтерілген мәселелерді жиын хаттамасына ен-

тенге субсидия қарызы бар екен. Бұл онсыз да жағдайы шатқаяқтаған шаруалар үшін үлкен көмек болмас па еді? Шаруалар тұқымсыз да қалуы мүмкін. Үкімет тұқымды «Азық-түлік келісімшарт корпорациясының» қорынан береміз дегенімен элеваторларда бәрі бір жерде жатқан бидай мен сұрыпталған бидайдың арасы жер мен

көктей емес пе? Мұны неге естен шығаралы? База үнемі істен шығып катып қалады. Баға бекітілгенімен қазір нарық бос жатыр. Жыл сайын бұл уақытта шаруалар астығын экспортқа шығарып, вагондар жетпей қызу тірлік болатын. Биыл бәрі тым-тырыс. Нарық бос жатыр. Атбасар ауданы ежелден облыстың астық экспортының 50 пайызын жүзеге асырады. Тәжікстан, Ауғанстаннан бастап, Біріккен Араб Әмірліктеріне дейін жіберілетін. Енді бұл нарықты тұтастай ресейлік бидайдың ұстап қалатыны анық. Біздің Үкіметтің нені күтіп жатқанын түсіне алмай отырмыз, — дейді Атбасар ауданы Кәсіпкерлер палатасының директоры Роза Тасмағамбетова.

### «ЖАҒДАЙ ЖАМАН ЕМЕС» ДЕП ЖҰБАТТЫ

Шаруалар мен Кәсіпкерлер палатасы жағдайдың аса алаңдатарлық екенін айтып шырылдағанымен, облыстың Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшылығы анау айтқандай жағдайдың аса ушыға қоймағанын айтып түсіндірмек болды. Басқарма шаруалар тұрақты жағдайға бойы үйренгенін әрі сақтық шараларын жасамай, осындай күйге душар болғанын айтып, тақтың ұшын басқа жаққа аудармақ болды.

— Биыл астық көлемінің аз болғаны рас. 4 млн 930 мың гектардан 3 миллион тонна өнім алынды. Әрине, класссыз астықтың да көлемі орасан. Шамамен 500-600 мың тонна болып тұр. «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» Қазақстан бойынша 350 мың тонна ғана класссыз астық алуға келісім берді. Бағасы 70 мың тенгеден деп белгіленді. Бұған дейін баға бекітілмеген. Енді баға белгіленді. Сондықтан шаруалар астығын трейдерлермен келісіп, яки басқа амалын тауып сатуына болады, — деді Ақмола облысы ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Еркеш Әленов.

Түйінді мәселеде бір жіптің ұшы Азық-түлік келісімшарт корпорациясында екенін байлап тілестіріп көрмекке бекіндік. Ведомствоның арнайы өкілі әзірге баға бекітілгенімен, әлі қарастырылып жатқанын жеткізді.

— Класссыз астық республика бойынша 350 мың тонна деп белгіленген. Бұл Үкіметтік кеңес барысында бекітілген. Сондықтан бұл «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» шығарған баға да көлем де емес. Қазір аталған мәселе әлі қарастырылып жатыр. Шаруалардан класссыз астық әлі сатылып алынған жоқ. Бұл Ауыл шаруашылығы министрлігі және Үкіметтің кеңесінде шешілгендіктен әзірге тек қарастырылып жатыр. Корпорация тек бекітілген межедегі бағдарламаны орындаушы ғана, — деді Азық-түлік келісімшарт корпорациясының ресми өкілі Жамбыл Зейнолла.

### R.S.

Түйінді мәселе жуық арада шешімін таппайтыны анық байқалды. Сондықтан бұл орайда аталған жағдайға Үкімет пен Парламенттің басқа да құзырлы органдардың бірлесіп әрекет етіп, онсыз да аса күрделі жағдайда қалған ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне қолдау көмек сияқты. Әрі бұл тез арада шешімін таппаса, мыңдаған шаруалар шаш-етектен қарызға батып, егін салатын шаруа таппай қалмасымызға кім кепіл!

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,  
Ақмола облысы

## ЖЕЗКИІК, АҚЖАЙЫҚҚА НЕГЕ БАРДЫҢ?

Ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпараты бойынша киіктерді шамадан тыс көбейтіп кету салдарынан 121,9 мың гектарға жуық егіс, 247,7 мың гектар шабындық және 882,6 мың гектар жайылым жерлер (Қостанай, Қарағанды, Ақмола, Ақтөбе, БҚО) зардап шегіп, келтірілген залал құны 12 млрд тенгеден асқаны айтылған еді. Осыған сәйкес, Экология және табиғи ресурстар министрлігі 19 қыркүйек күні Ауыл шаруашылығы министрлігінің саны реттелуге тиіс жануарлар тізіміне өзгерістер енгізіп, киіктердің санын азайтуды бастап та кеткен. Мәселен, Орал ақбөкендерінің саны 20%-ға, Бетпақдала киіктері саны 15%-ға қысқартылатыны да айтылды. Бірақ осы киіктерді қынадай қырудың екінші жағы да бар болып шықты. Әлеуметтік желілерде тараған бейнежазбаларға қарасаңыз аңшылар аңшылар тым қатігездік танытып жатқан тәрізді.

### Наурызбек САРША

2015 жылдары елде атуға тыйым салынғалы бері иен даланы еркін жайлаған киіктердің саны қазір 2 миллионнан асып кеткен еді. «Қазіргі күні киіктердің саны тарихи көрсеткіштен асып кетті. Яғни, екі миллионға жуық ақбөкен бар. Олар жыл сайын диқандардың егінін таптап, шығын келтіріп жатыр. Қазірдің өзінде шаруалардың шығыны 12 миллиард теңгені құрады. Олардың санын қысқартпасақ, көбейе береміз», — деген Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев атылған киіктердің еті комбинаттар арқылы сатылатынын мәлімдеген еді. Киікті аулау қазір БҚО, Қарағанды, Қостанай және Ақмола облыстарының аумағында жүріп жатыр. Биологиялық негіздемесі сәйкес, киік саны қорал (тор құру) әдісімен және ату арқылы реттеледі. Ведомство киіктердің санын 20 пайызға азайтуды жоспарлаған. Нысанбаевтың сөзінше, киік етінің әр келісі 300 тенгеден ет комбинаттарына өткізіледі. Ет комбинаттары ветеринарлық бақылауды бар сауда нүктелерінде сата алады. Биологиялық негіздеме сәйкес, киік санын реттеудің екі әдісі таңдалған. Біріншісі, торға қамап ұстау. Онда «Охотзопром» ӨБ РМҚК қызметкерлері ұзындығы 2 шақырым болатын тор

құрып, қолға түсірген киіктерді сойып, етін комбинатқа өткізеді. Екіншісі, ақбөкендерді түнгі уақытта ату. Министрліктің мәліметінше, 337 мың ақбөкенді ату немесе торға түсіру жоспарланған.

Киікті күзетумен әрі аулауды бақылаумен «Охотзопром» ӨБ РМҚК айналысады. Бірақ жауапты мекеменің әрекеті қоғамның наразылығын тудырып жатқаны жасырын емес.

Қазақ даласында киіктің Бетпақдала, Үстірт және Орал тұқымдастары бар. Кейінгі жылдары үш тұқымдастың да саны көбейе бастаған. Әсіресе, Батыс Қазақстан облысының шаруалары айрықша көбейген киік шаруашылыққа зиян келтіре бастағанын жайлы көптеген шағым жасаған. Бұл туралы біз осы «AIQYN» газетінде жазған болатынбыз.

Осы мәселенің анық-қанығын білу мақсатында Батыс Қазақстан облысы Жанакала ауданындағы Жанаказан ауылдық округінің әкімі Сәдуақас Губашевқа хабарласқан едік.

«Жалпы, киік санын реттеп отырған дұрыс. Себебі ұзақ жылдар бойы, әсіресе соңғы екі-үш жылда шаруалар қатты қиналып кетті. Олар бостан-бос мәселе көтеріп жатқан жоқ. Егіндіктерді былай қойғанда, жайылым жерлердің өзіне айтарлықтай зиян келтірді. Оған қуаныштылықты қосыңыз. Осындай жағдайда



шаруалардың жағдайы қалай оңсын?! Негізінде министр тапсырмасына сәйкес, киік санын 230 мыңға азайту тапсырылды. Бірақ ол өтелгеннен мәселе шешіле қоя ма екен? Қазір 2 миллион киіктің келесі жылы 1 миллионы төлдесе де (киіктер егізден төлдейді) 3-4 миллионға жетіп жығылаын деп тұр. Ондай жағдайда мәселе тіпті ұшыққалы тұр. Қазір киіктерді ату мәселесін «Охотзопром» мекемесі қадағалап отыр. Мысалы, бір бригадала 4 адам болса, оның біреуі жетекшісі болса, біреуі жүргізуші болады. Қалған екеуі — мергендер. Міне, сол бір бригаданы «Охотзопром» мекемесінің бір маманы қадағалап жүреді. Кешкі 20.00-де басталған ату мерзімі таңғы алтыға дейін жүргізіледі. Бір түнде 100 басқа дейін атуға рұқсат. Бірақ қазіргі уақыт жауын-шашынды болып тұрғандықтан ол көлемді орындау мүмкін болмай тұр. Атылған ақбөкенді таңертең жинап алып, есебін жүргізіп, Жанакала ауданындағы ет комбинатына өткізеді. Ал әлеуметтік желілердегі таралған киіктердің ішек қарындарын өз басым көрмедім», — дейді ол.

Ал Мәжіліс депутаты, заңгер Абзал Құспан киіктерді ату мәселесі дұрыс жүргізілмей жатқанын айтады.

«Батыс Қазақстан облысынан сайланған депутат ретінде осы киіктер мәселесін Мәжіліс мінберінде бірнеше мәрте

көтердім. Оның ішінде киіктер санын реттеу туралы мәселеге тоқталдым. Оған себеп — Орал популяциясы шекті саны бірнеше есеге көбейіп кеткендігі. Нәтижесінде, ауыл шаруашылығына айтарлықтай зиян келтірді. Киіктер санын реттеудегі мәселені қарапайым түрде былайша түсіндіріп көрейін. Кез келген адам өзінің қорасындағы мал санын реттеп отырады емес пе? Жем-шөп жеткіліксіздігіне байланысты соғымға союы мүмкін, базарға апарып сатуы мүмкін. Бірақ оны малын жек көргендігінен жасамайды ғой. Сол секілді киіктердің де санын реттеу керек. Бұрын КСРО кезінде қалай болды? Охотзопром деген мекеме болды. Киік көбейіп кетсе де, азайып кетсе де сол мекемеден жауап алынатын еді. Мен дәл осы жолды ұсынған болатынмын. Бізде Орман шаруашылығы комитетіне қатысты осындай мекеме бар. Мен киік ату мәселесін аңшыларға тапсыруға болмайды деген болатынмын. Осы жылы жазда Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы қоныс аударатын жануарлар жөніндегі комитет мамандары келіп Оралды түгел аралады. Одан бөлек, осы мәселеге қатысты мамырайында 25-інан 28-іне дейін үш күн қатарынан Астанада үлкен жиын өтті. Сол кезде де сол мамандар келді. Оралды аралаған кезде де, Астанадағы жиында да мен басы-қасында

жүрдім. Сол жерде мен осы мәселені қадап тұрып айтқанмын. Сол кезде аңшылардың өкілдері отырды. Солар осы мәселені бізге тапсырындар, біз айналысайық деп отырды. Ол кезде де қарсы болғанмын. Егер оларға берсек, процесс қадағалаусыз бетімен кетіп, бақылау мүмкін болмай қалады дедім. Киікті болып жатқан жүйесіздіктің барлығы осы біздің ұсынысымыздың жерде қалғанының салдары деп білемін. Мен білетін ақпаратқа сәйкес, жеке аңшыларға рұқсат берген», — дейді мәжілісмен.

### ТҮЙІН:

Сонымен, киіктерді торға қамап ұстау да, ату әдісі де басталды. Әлеуметтік желілерде, түрлі ақпарат көздерінде қырылған, әр-әр жерде теңкіп өліп жатқан, қолікке тиелген киіктің фото, бейнежазбалары таралды. Киікті атуға, оның санын қысқартуға, сөйтіп жайылым, егістік жерді қорғауға бұйрық беру оңай болғанымен, оның екінші жағына үйлемеген болып шықты.

Осындай да Мұқағали Мақатаевтың мына өлең жолдары еріксіз еске түседі.

«Киіктер, мұнда жүрмендер,  
Бас бұғып отыр сұр мерген.  
Боласын ғайып, байғұстар,  
Қоштасын сайран күндермен.  
Тасада отыр сұр мерген,  
Кетіндер аулақ бұл жерден».

Иә, Қазақстанда тас дәуірінен бері тіршілік ететін жануар — ақбөкен. Басына сан мәрте зобалаң туса да, жылдар бойы жойылмай келеді. Рас, киіктерді атып, санын азайтпаса бұрын шешілуге тиіс мәселелер бар. Олардың етін, мүйізін, басқа да мүшелерін қалай пайдаланамыз? Киік етін өңдеуге ет комбинаттары қауқарлы ма? Атылған киік еті ветеринарлық нормалардан өтті ме, жеуге жарай ма? Бұл да ойланатын сауал. Ендігі кезекте ведомство тарапынан аталған сауалдарға тынғылықты жауап болса екен. Сонда ғана көңілі алаң халықтың күмәні сөйлер...



# Республика күні Астанада Көңіл-күйіміз тойланды

Республика күні – Ұлттық мереке, тарихи күн. Еліміздің барлық азаматы үшін ортақ мейрам. Бірлік пен ынтымағы жарасқан Қазақстан халқы бейбітшілік пен тыныштықтың, достық пен татулықтың қадірін әркез бағалай біледі. Қасиетті қазақ даласында, қазақтың туған топырағында тағдыр тоғыстырған барша халықтың еркіндігі, тең құқығы мен бостандығы бәрінен қымбат. Сондықтан да болар еліміздің әрбір азаматы 25 қазанды мерекелік көңіл-күйде ерекше атап өтті десек болады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев барша Қазақстан халқын мерекемен құттықтады.

– Баршанызды ұлттық мерекеміз – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын! Қазақстанның тарихи тандауын айқындаған Егемендік декларациясы – елдігіміздің берік тұғыры. Онда мемлекетіміздің аумақтық тұтастығының мызғымастығы, халқымыздың жалпыұлттық бірегейлігін нығайтуға ұмтылысы және азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік берілетіндігі нақты көрініс тапқан. Осы басты қағидаттар Конституциямызда, заңдарда және Қазақстанның стратегиялық бағыт-бағдарын белгілейтін басқа да құжаттарда көрсетілген.

Республика күні ырысты ынтымақ пен өзара тілеуестіктің арқасында халқымыздың барлық сын-кәтерден сүрінбей өтіп, азаттыққа жеткенін әйгілейді. Біз бабалар аманатына адал боламыз. Ел бірлігін әрдайым нығайта береміз. Егемендігімізді қадір тұтып, көздің қарашығындай сақтаймыз.

Халқымыз тату-тәтті әрі берекелі қоғам құруға бар ерік-жігерін жұмсайды, жасампаз ісімен жаңа белестерді бағындырады. Әрбір отандасымыз адал азамат деген атқа лайық болып, елімізді дамытуға салмақты сөзімен, өнегелі ісімен үлес қосады.

Біз бірге мақсатымызға жетеміз – баршаға бірдей мүмкіндік беретін Әділетті Қазақстанды құрамыз.

Байрағымыз көк аспанда асқақ желбіресін! Ұлттың рухы қашанда биік



болсын! Еліміз өсіп-өркендей берсін! Сіздерге зор денсаулық, бақ-береке және толағай табыс тілеймін! – деп, барша халыққа ақ тілегін арнады Президент.

Елорда тұрғындары да Егемендік декларациясы қабылданған, еліміздің іргетасы қаланған, көпэтносты мемлекетіміздің жалпыұлттық бірегейлігі мен бейбіт достығына тіреу болған тарихи күнді ерекше көңіл-күйде атап өтті. Астананың бес ауданындағы елді мекенде халық үшін интерактивті концерттік бағдарламалар, спорттық эстафеталар ұйымдастырылып, балаларға арналған анимациялық қойылымдар ұсынылды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мерекелік іс-шараның мақсаты – қайта жаңғырған Республика күні мерекесінің мәні мен мазмұнын, маңызын өскелең

ұрпақтың жадына сіңіру арқылы, жас ұрпақты отансүйгіштік, патриоттық рухта тәрбиелеуге үлес қосу. Қала тұрғындарына мерекелік көңіл-күй сыйлау. Сонымен қатар мерекелік іс-шара аясында қаламыздың әлеуметтік осал топтарына азық-түлік себеттерін тарту етіп, сый-сыяпат та жасалды. Өз кезегінде «Астана жастары» еріктілері концертті тамашалауға келген адамдарды құшақтап, ыстық ықыласын білдіріп, «Әр құшақта – Отанға деген махабат» деген жазуы бар тақтайшаларымен мерекелік көңіл-күйді сезіндірді.

Бүгінгідей бейбіт, берекелі күнде халқымыз да мерекені қуанышпен атап өтіп, өздері де жүректарды тілектерін арнады. Байқоңыр ауданы Өндіріс кентінде мерекені атап өтуге халық өте көп жиналды. Мерекемен құттықтап,

өзіміз сөзге тартқан Арман Алдаберген есімді ақсақал концертті тамашалау үшін келгенін айтып:

– Республика күні құтты болсын. Ел іргесі бүтін, аспанымыз ашық бейбіт заман болсын. Қазақ халқы қашаннан «Бірлік бар жерде, тірлік бар» деп ынтымақ-ырысты бағалай білген халық. Сондықтан еліміздің әрбір азаматына денсаулық, бақыт, тілеймін. Халқымыз аман, еліміз тыныш болсын! – деп бата берді.

Ал өзін Юрий Дмитриев деп таныстырған азамат:

– Мен үшін Республика күні – ерекше мереке. Мен Отаным Қазақстанды жақсы көремін. Барлық халыққа берекелік тілеймін. Жастарға оқындар, өсіңдер, еңбек етіндер дегем келеді, – деп ақ пейілін жеткізді.

Иә, Ата Заңымыз – Конституцияда «Біз Қазақстан халқы, дүниежүзілік қоғамдастықтың ажырамас бөлігі бола отырып, қазақ мемлекеттілігінің бұлжымастығын негізге ала отырып, адам құқығы мен бостандығының басымдығын тани отырып, демократиялық қоғам мен құқықтық мемлекет құруға бекем бел байлап, азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді, өзіміз үшін және өз ұрпақтарымыз үшін лайықты өмірді қамтамасыз етуді қалай отырып, осы Конституцияны қабылдаймыз және конституциялық құрылыстың мынадай негіздерін жариялаймыз» деп жазылғанындай, бүгінде мемлекет тарапынан әділетті мемлекет, біртұтас ұлт, берекелі қоғам, зайырлы орта құру мақсатында стратегиялық бағдарламалар қабылданып, түрлі бағдарламалар жүзеге асып жатыр. Халқымыздың арман-тілегі де этносаралық татулық пен халықтың бірегейлігі, біртұтастығымен үндес. Біздің мемлекетіміз – ортақ идеялар мен құндылықтар біріктірген адал ниетті, ақ тілекті, абзал жүректі адамдардың мекені. Сондықтан «бір кісінің баласындай, бір қолдың саласындай» ымырастық, түсіністікпен ортақ Отанымыз – Қазақстанды мекен еткен әрбір азаматтың тілегі біз үшін құнды. Татулық пен бірлік бар жерде қоғам өркен-

дейді, әл-ауқаты артады. Мейірім мен қайырым, достық, ынтымақтастық – ел іргесінің бүтіндігін кепілі.

Мемлекет басшысының «Көп мәдениетті ортаны дамытып, барлық азаматтың мемлекеттік тілді меңгеруі үшін жүйелі қаламдар жасау қажет. Жалпыұлттық азаматтық бірегейлік этникалық ерекшеліктерді жоққа шығармайды. Ол азаматтық қоғамның жана моделінің негізін қалыптастыруды көздейді. Қазақстандағы әрбір этностың өз дәстүрін, мәдениеті мен тілін дамытуға мүмкіндігі болды және бола береді» деген сөзі де бар. Береке-бірлігі жарасқан бір шаңырақ астында өзге этнос өкілдерін жатысынбай, туғанындай бауырына басып, «бір нанды бөліп берген» қазақ халқының даладай дархан, құзар шырдарындай асқақ, өзен-көлдеріндегі тұңғыш, көгілдір аспанындай мөп-



**Б**үгінде дастарқанымыздан жиі табылатын балғын көкөністің қайдан және қалай келіп жатқаны жайлы бас ауыртпайтынмыз шындық. Тоңазытқышта таусылып қалса болды дүкенге барып, қызанақ пен қиярды себетке салып жүре береміз. Қыста да жазда да осы әдет.

Бердібек ҚАБАЙ

**БАЛҒЫН БАҚША ӨНІМІ ҚАЙДАН КЕЛІП ЖАТЫР?**

Сауд Арабиясында жұмыс істеп тұрған әлемдегі ең үлкен тұрақты жылыжай фермасы Гиннестің рекордтар кітабына енді. Шаруа қожалығының жалпы ауданы 3,20 млн шаршы метрді құрайды. Қызыл құмның үстіндегі алқапты суару үшін мелиорацияланған су пайдаланады екен. Мұнда тек жеміс ағаштары көшеттерінің өзіне 50 алаң арналған. Рекордтық көрсеткіштің көшін бастап тұрған кешен алдағы 2 жылда әлемнің түкпір-түкпіріне өнім жіберуді жоспарлап отыр. Арабтар мұнымен тоқтамайтын тәрізді.

Ал біздегі жағдай қалай? Сіз бен біз қысы-жазы жеп жүрген жеміс-жидек, көкөністің түр-түрі көбіне жылыжайда өсіріліп, күн сайын қалалар мен ауыл аймақтың дүкендеріне жөнелтіліп отырады. Жылыжайда жеміс өсіру — ең табысты әрі халықты таза азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етудің таптырмас тәсілі. Бүгінде жылыжай өндірісіне қол жеткізу — әрбір бағанның арманы десек артық болмас. Жылыжайда өскен өнімнің бір артықшылығы, түсімнің молдығы мен көкөністің жылдам өсуі және сыртқы пішінінің көз тартардай әдемі әрі тегіс болып келуі. Мұндағы құпия, жылыжайларда жарық пен ылғалдың жеткілікті мөлшерде болуы және жылулық барлық аумаққа бірдей таралуында болып отыр. Нәтижесінде, өнімнің түсі де, пішіні де көз тартарлық болып шығады. Бірақ жабық жерде өскен өнімге табиғи жарық, яғни шынайы күн сәулесінің жетіспеуінен дәмі мен иісі жағынан далада өскен көкөніске жетпейтіні шын. Десе де, өнімнің құрамында қажетті дәрумендер мен минералдар жеткілікті болады. Дегенмен сапалы өнім алу үшін шаруаға біраз тер төгуге тура келеді. Жылыжай шаруашылығының да өзіне тән қиындығы аз емес. Соған қарамастан қазір елімізде жылыжайлар саны артып келеді. Әсіресе, оңтүстік өңірде жылыжайлар біршама тиімді болып тұр.

«Қазір біз тұтынып жүрген жеміс-жидектер мен көкөністер жылыжайлардан келеді дейді ғой. Кейбіреулер Қытайдан әкеледі деседі. Не болса да үнемі балғын жидек жеп үйреніп қалдық. Бұрынғы кездерде ата-аналарымыз күзде бақша өнімдерін жинап түрлі көкөністі тұздап банка жабатын. Қазір мұндаймен әуреленіп жататындар аз. Өнімнің сан түрі дүкен сөресінде толып тұр. Керегінді ал да жүре бер», — дейді астаналық тұрғын Эльмира Мұратқызы.

Қала тұрғынының айтып отырғаны шындық. Балғын көкөністердің басым көпшілігін соңғы жылдарда өзге елдерден емес, өзіміздегі жылыжайлардан тасымалдап жатқанымыз көңіл қуантады. Көкөніс шаруашылығы ауыл шаруашылығының ең тиімді саласы ретінде өзіндік ерекшеліктерге ие. Мұны өсірушілер де, тасымалдаушылар да жақсы түсінеді.

Дастарханамызды жайнатып жіберетін түрлі жеміс-жидектің жалпы саны және түрлері 200-дін шамасында екен. Осының ішінде 100-ден астамы көкөніс дақылдарының санатына жатқызылады. ТМД елдерінде көкөніс дақылдарының 70-тен астам түрі өсірілсе, Қазақстанда оның 50-ге жуығы дастарханамыздан табылады. Тағамтану академиясының мәліметтеріне сай, әр адам жылына орта есеппен 120 келі түрлі көкөніс дақылдан пайдалануы қажат. Ағзаға қажетті дәрумендердің дені осы көкөністерде мольнан кездесетіндіктен медицина мамандары да үнемі көкөніс жеуді ұсынады.

Ауыл шаруашылығы министрінің мәліметі бойынша елімізде



# ЖЫЛЫЖАЙ, БОЛАР ТАҒЫ ЖАНҒА ЖАЙ

көкөніс дақылдарының жыл сайынғы егістік көлемі 110-115 мың гектар шамасында болса, оның 20-22 мың гектар оңтүстік облыстардың еншісінде. Еліміздегі көкөністердің барлық түрлерінен алынатын жалпы түсім 2,2-2,5 млн тоннаға дейін жетіп отыр екен. Қазір еліміз сұранысқа ие көкөніс өнімдерімен 100%-ға жуық қамтамасыз етіп отыр. Сонымен қатар осы тауарлар алыс-жақын шет елдерге экспортталады және импортталады. Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, 2022 жылы Қазақстан 242,3 мың тонна картоп, 178,6 мың тонна пияз, 17,5 мың тонна қызанақ, 9,0 мың тонна қырыққабат экспорттады. Бұл орайда импорт 48,7 мың тонна картоп, 196,4 мың тонна пияз, 118,3 мың тонна қырыққабат және 68,3 мың тонна қызанақты құраған. Тағы бір айта кететіндігі көкөніс түрлері біздің елге көбіне Өзбекстан мен Қырғызстаннан тасымалданып отыр.

Ал еліміздегі барлық жылыжайдың 80 пайызы еліміздің оңтүстігінде орналасқанын ескерсек жылыжайлардың да жылулы қажет ететіндігін аңғаруға болады.

**АСТАНАДАҒЫ ЖЫЛЫЖАЙЛАР**

Негізінде, Астанада екі ірі жылыжай кешені бар. Бұл жылыжай кешендерінің жылдық өнім шығару мүмкіндігі 10 мың тоннадан асуы керек. Ең өкініштісі сол,



бір өзгерістер байқалса дереу алдын алып, шара қолдану», — дейді бас агроном Айбол Танатұлы.

Агрономның айтуынша, жылыжай кешені көп шығынды талап ететін бизнес. Алдымен ақшалай шығындардан бұрын жерді таңдап, онда өсірілетін көкөністің түрлерін нақтылы бекіту қажет. Егер тұтынушыға қажетсіз немесе талапқа сай келетін сорттар тандалмаса барлығы құрдымға кетуі мүмкін. Одан

каны белгілі. Қазір жылыжай корпусымызда орман шаруашылығы мамандары жылыжай, бақша (жеміс-жидек) өсірудің қыр-сырын меңгеріп жатыр. Болашақта орманшылар даярлаудан бөлек бау-бақша шаруашылығы сикты мамандар даярлауды көздеп отырмыз», — дейді Директордың оқу жұмысы бойынша орынбасары Гаухар Рамазанқызы.

**БАПТАМАСАҢ БАҚШАҢДЫ — ҚАЙТАРМАЙДЫ АҚШАҢДЫ**

Ал еліміздегі ең ірі жылыжай Екібастұзға. Бір жылда 15 мың тонна қызанақ жинайтын кешен 30 гектар аумақты алып жатыр. Тартылған инвестиция 27 млрд теңгені құрайды. 450 қызметкер жұмыс істейтін кешеннің өнімдері Qaztomat сауда белгісімен сырт елдерге де жөнелтілуде. Аталмыш жылыжай кешенінің жылу мен жарықпен қамту

*Дастарханамызды жайнатып жіберетін түрлі жеміс-жидектің жалпы саны және түрлері 200-дің шамасында екен. Осының ішінде 100-ден астамы көкөніс дақылдарының санатына жатқызылады.*

екі кешеннің бүгінде біреуі ғана жүйелі түрде жұмыс істеп тұр. Ал «Астана Эко Стандарт» ЖШС қазір өз жұмысын толық тоқтатқан. Есесіне Led System Media ЖШС-нің жұмысы дөңгеленіп тұр. Астананың өнеркәсіптік ауданындағы жылыжай барлығы 1,3 гектар алқапты алып жатыр. Аталмыш кешен жүйесі заманауи технологияның барлығын тоғыстырған.



бөлек кез келген жылыжайда маман жетіспесе немесе мамандар біліксіз болса тағы да сол шаруашылықтың туралап қалуы әбден мүмкін. Демек, кез келген жағдайда міндетті түрде білікті маманның болуы тиіс.

2017 жылдың өзінде Астананы жылына 10 мың тонна көкөніспен қамтамасыз етуге қауқарымыз болады деген Үкімет жоспарының бүгінде орындар түрі көрінбейді. Есесіне егін егуші елдің қатары артып қажетінше өнім алуды меңгерген халықтың қарасы мол. Одан бөлек тек Астанада емес, Алматы, Шымкент қалаларында Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің бас болуымен мектептер мен өзге де білім ошақтары жанынан шағын жылыжайлар пайда болып жатыр. Мектептердегі бақшамен оқушылар айналысып, көкөніс өсірудің кейбір тиімді тұстарын да меңгеруде. Ал колледждерде бұл іс арнайы білім ретінде оқытыла бастамақ.

«Оқу-ағарту министрлігінің «Жасыл мектеп» жобасы аясында салынған жылыжай Астанадағы Сервис және туризм колледжінде де бар. Әзірге жылыжайы бар бір ғана колледж болғандықтан білім мекемесіне арнайы бардық.

«Елорданы және қала аумағын көгалдандыру жұмыстары жүргізіліп жат-

Қазір ауылдар мен қала маңындағы жеке тұрғын үйлердің ауласында түрлі пішінді жылыжай кешені пайда болып жатқанын көріп жүрміз. Оңтүстік өңірлерді былай қойғанда Астананың өзінде мұндай бақшалар көбейген. Бұл кешендердің дені темір не ағаштан тұрғызылған қаңқаны полиетилмен қаптап отырып жасалады. Әрине, мұндай үлгідегі жылыжайлар қыстың саршұнақ аязына шыдас бере алмасы белгілі. Дегенмен ерте көктемнен-ақ егін етуге жарап тұр.

«Үй салдық, сосын бос жатқан осы бес сотық жерді игілікке пайдалануды жоспарладық. Сөйтіп, отбасымызбен жылыжай құрылысын жүргізе бастадық. Қыстың күні аяз күшті ғой. Алғашқыда үлкен пеш салып жылытамыз деген ой да болды. Есептей келе, көмір өте көп шығын әкелетін болғандықтан ол ойымыздан қайттық. Құрылыс қаңқасын кәдімгі ағаш тактайлардан тұрғызып шықтық. Оның үстің полиэтиленмен бірнеше кабат етіп жаптық. Қазір қазан айының соңы болды ғой. Соңғы өнімді жинап үлгердік. Алғашқыда бала-шаға мен немерелердің қамы деп жүрдік. Қазір отбасылық табыс көзіне айналып келеді. Ең бастысы, жылыжайға да жылулық керек. Баптасаң бақшаң гүлдейді. Бапта-масаң еңбегің зая кетеді. Көктемде наурыз айының басынан-ақ, көшеттерге орын даярлайды. Сәуір айының соңынан бастап қияр мен қызанақтың және көше гүлдерінің көшеттерін сатып шығынымызды жабамыз. Осы жылы көктемде 10-15 мыңдай қошет саудаладық. Одан қалғанын өзіміз өсіріп, жемісін жеп біршамасын саттық. «Баптама-саң бақшаңды — қайтармайды ақшаңды» деп әзілдеймін балаларыма. Отбасылық шаруашылығымыз болғаннан соң бәріміз жұмылып жүріп еңбектенеміз. Өйтпесен болмайды ғой. Оңтүстікте жүрген кезімде ауыл агрономы болдым. Осы бір тәжірибемнің бүгін пайдасы тиіп тұр. Бейнеттің зейнеті де бар», — дейді Астана маңындағы ауылдардың бірінде жылыжайды қолдан тұрғызып алып пайда тауып отырған Қарабай ақсақал.

«Қыста да жылытып отырмын. Біз оңтүстікте болған соң ауа райында солтүстікке қарағанда біршама айырмашылық бар. Сондықтан жылыту кезінде шығын аз кетеді. Десе де, қыстың күндері көмір жоқ болып қалып, бақшаңды үсітіп ала жаздаған кездерім де болды. Алдағы уақытта газ жүйесімен жылытуды көздеп отырмын. Өнімнің барлығы топырақта өсетін болғаннан тәуекелділік басым. Себебі соңғы жылдары топырақта сан түрлі зиянкес пайда болып, балғын жемісті жеп кетіуі жиіледі. Ең дұрысы гидропоника. Бұл топырақ орнына қолданылатын арнайы зат болғандықтан онда топырақтағыдай зиянкестер болмайды», — дейді Түркістан облысы Ордабасы ауданы Қарақұм ауылында егіншілікті нәсіп еткен шаруа Самат Сұлтанов.

**МАМАННЫҢ МАҢЫЗЫ ЕРЕКШЕ**

Бізге топырақта өскен өнімнің артықшылығы мол деген ұғым қалыптасқан. Мамандардың айтуынша, керісінше топырақта өскен кейбір жидектің адам ағзасына зияны көп. Себебі кей аумақтарда топырақ мүлде ластанған. Ондай жерлерге көкөніс салуға жарамайды. Өкініштісі сол, кейде аңдаусызда мұндай аумаққа егін де салынып жатады. Сол себепті көкөністің кей түрін топырақтың баламасы саналатын гидропоника немесе өзге де түрлеріне көшіру керек. Бұл жүйеде еш қателік болмайды. Тіпті, оның топырақтағы өнімнен артықшылығы турасында пікірді жоғарыда мысалға келтірген едік.

«Жылыжай шаруашылығымен айналысқысы келетін кез келген адам алдымен өзінің шығындарын толық есептеп барып жүйелі жұмыс жоспарын реттеп, мамандарын сайлап іске кірісуі керек. Әйтпегенде шығынға шаш етектен батып, жұмысы алға жылжымай қойы әбден мүмкін», — дейді Астанадағы Led System Media жылыжай кешенінің бас агрономы Айбол Танатұлы.

Тағы бір еттегендей дейтін дүние, елімізде дәл осы жылыжай маманы деп диплом беретін оқу орны жоқ екен. Иә, ауыл шаруашылығы саласы бойынша маман даярлайтын оқу орындары бар. Онда агрономиялық сала негіз болып оқытылады. Арасында там-тұмдап жылыжайлар турасында мағлұмат беріліп, бірлі-екілі лекция жүргізіледі. Шаруа осымен бітеді екен.

Жоғарыда пікір білдірген бағбандардың дені — жай ғана агроном немесе мүлде салаға қатысы жоқ шаруалар. Олардың айтуына қарағанда, маман болса қателіктер де болмас еді. Шынымен де саланың маманы болса алға жылжу да бір қадам артық болары сөзсіз. Жылыжай бүгінде пайда мол әкелетін бизнес түрі екені рас. Ғылыми тұрғыда айналысатындар үшін тіптен мол табыс болары сөзсіз. Ал болашақта жылыжайлар тек бау-бақшалық кешен ғана болып қалмай адамдардың өмір сүруіне қолайлы комплекске айналады дейді ғалымдар. Қарап отырсақ бұл да рас дүние. Тіпті, жақында болатыны да ұқсайды. Шыныдан тұрғызылып жатқан Араб еліндегі үлкен құрылыс тағы да әлем үшін мол жаңалық болғалы тұр.

# ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ҚАРҚАРАЛЫДА ІЗІ ҚАЛҒАН

Арқаның алтын тәжі атанған Қарқаралы қаласы да даласы тұнған тарих. Дегенмен өткен күннің мұрасына анықтап қарап, болашаққа қалдыру үшін қандай қадам жасалуда? Ұлылардың табаны тиік, елге сіңірген еңбегі еленіп жатыр ма? Мұнда Ұлт көсемі – Әлихан Бөкейхан білім алған мектеп бар. Бір кездері киім-кешек сататын дүкенге айналып, жекенің қолына өтіп кеткен. Аудан орталығының дәл іргесіндегі Ақтерек деген алақандай ауылда Ахмет Байтұрсынұлы ашқан мектеп бар. Ауыл халқы Ұлы ұстаздың маңдай тері сіңген мектеп ғимаратын кие тұтып, көзінің қарашағындай қорғап, бүгінге дейін аман-есен жеткізген. Қазір мұнда мектепке дейінгі балалардың шағын орталығы мен кітапхана орналасыпты. Жақында зерттеушілер Ахмет тұрған үйді тапқандарын айтып сүйіншілетті...

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

## АХМЕТ МЕКТЕБІ

Ахмет мектебі қарағайдан қиылып, көк бояумен сырланған. Бірнеше ғасырдың куәсі болған ғимарат бүгінге дейін сыры кетпей, әдемі сақталған. Маңдайшасына: «Бұл үйде 1904–1908 жылдары Алаштың біртуар азаматы Ахмет Байтұрсынұлы ұстаздық қызмет жасаған» деген тақта орнатылған.

— Ұлтмыздың ұлы тұлғаларының бірі Ахмет атамыз қызмет еткен киелі ғимарат. Қазір мұның 2 бөлмесінде

зерттеп жүрген журналист Нұрлыкан Қалқаманұлы.

Әйтсе де, ауыл азаматы Жеңіс Рақышев түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, жан-жақтан көмек сұрай жүріп көне ғимаратты бұзылып кетуден аман сақтап қалған.

— 1991 жылы атақты ғалым, профессор Ақжан әл-Мәшани Ақтерекке келген ғой. Ол кезде ағаш үй кенсе болған. Сол кісі бұл үйде Ахмет Байтұрсынұлының сабақ бергенін айтып кеткен. Әйтпесе, біз оны білмейтін едік. Содан көп ұзамай жекешелендіру басталып, совхоз таралды. Бұрын ортақ мүлік болған дүниелер тонала бастады. Біреуі

сауымыз керек, — дейді Қуаныш Мақсұтов.

## АХМЕТ ҮЙІ

Ең алғаш Қарқаралының іргетасы 1824 жылы бекініс болып қаланған. Ал 1827 жылдан бастап Қарқаралы қазақ станицасы болады. Сол уақытта кент болсын, даласы болсын орыс, татар, казак көпестерінің қонысына айналды.

— Әжем марқұм айтып отыратын «Боктыдан ағып шығатын Талдының бір саласы Сарыбұлақ деген өзен бойында егін екті» деп. Сол кездегі жазбаларға қарасақ, егіншілікті қазақтар да жете меңгерген екен. Көп егін еккен. Кәмпеске басталмай тұрған ХХ ғасырдың бас кезінде болған — бұл. Егінді Қоянды жәрмеңкесінде пұлдаған, — дейді өлке тарихын зерделеп, қағаз бетіне ғана емес, деректі фильм түсіріп, таспаға қалдыруды мұрат еткен Qagan.kz ақпараттық-танымдық порталдың атқарушы директоры Құрманғазы Өтебай.

Ахандардың да келіп қоныс теуіп, казак балаларын оқытқаны да осы уақыт. Негізінде Қарқаралының басында орыс пен татарлар ғана оқыған. Ол уақытта ешкім қазақтың көзін ашуға құмар бола қоймады.

— Қарқаралыдан әрі қарай жиырма шақырымдай жерде Жиренсақалдың арғы бауырындағы Ақтеректе Ахан мектеп ашады. Ақжан әл-Мәшани сынды тұлғалар осы мектепті төмамадан екен. Бір таңғаларлығы осы төніректе көзі ашық, көкірегі ояу қазақтың балалары сол мектептен дәріс алған. Өткен ғасырдың 29–30 жылдарындағы көтерілістің идеясын осы көзі ашық адамдар осы жерден алып шыққан, — дейді Құрманғазы Өтебай.

Қарқаралы жақтағы мектеп болсын, ескі үйлер болсын ХІХ ғасырдың аяғы ХХ ғасырдың басында салынған. Ахметтің үйі деп мөлшерлеген баспана құрылысы да сол уақытта салынған ағаштан қиылып салынған үйлермен бірдей. Тек қана айырмашылығы бөлмелерінің бірі кен болса, екіншісінде тарлау болып келеді.

Айта кету керек, Ақтерек — үлкен ауыл болған. Қазақтар келіп қоныстанған.

— Көнекөз қариялардың айтуы бойынша, Ақтеректе ерекше үш үй болған.



ауылдық кітапхана орналасқан. Біз кітапхана ғана емес, музей қызметін де атқарып отырмыз. «Осы жерде Аханның мектебі бар екен» деп арнайы іздеп келіп, ат басын бұратын азаматтар көп. Сонау Торғайдан, Ақтөбеден адамдар келіп жатады. Олардың арасында ұстаздың туыстары да бар, — дейді кітапхана меңгерушісі Гүлден Ажакова.

Көне мектептің оң қанаты кітапхана болса, ортанғы бөлігінде мектепке дейінгі балалардың шағын орталығы орналасқан. Балалар кішкентай күндерінен бастап Аханның мектебінде тәлім алып, бойларына туған жерге деген махаббат пен ұлттық рухты сіңіріп шығады екен.

— Ахмет Байтұрсынұлының Ақтерек ауылында тұрып, бала оқытқаны — біз үшін үлкен мақтаныш. 1993 жылы ауыл мектебіне ұстаздың есімі берілді. Ағаш үйдің өзіне күрделі жөндеу жүргізілген болатын. Бүлінген тұстары қайта қалпына келтірілді, — дейді мектеп директоры Светлана Әбенова.

Ұлттық мұра ретінде ұлықталуы тиіс тарихи ескерткіш аудандық мәдениет бөлімінің балансында тұр.

Бұл мектептің негізін Ақ патшаның заманында Ахмет Байтұрсынұлы қалаған. Ақтеректегі білім ошағы — Қарқаралы жерінде ашылған алғашқы казак-орыс мектеп-интернаты. Жергілікті халық оны медресе атандырыпты.

1991 жылы белгілі ғалым Ақжан әл-Мәшани осы ауылға арнайы келіп, Ұлы ұстаздың табаны тиген жерге тау етіп, жұртшылықпен кездескен екен. Сол кезде Ахмет Байтұрсынұлының медресе ретінде 1904–1908 жылдар аралығында еңбек еткенін айтқан. Ахмет Байтұрсынұлы жерінде ұстаздық қызмет ете жүріп, саясат ісіне де белсене араласады. Патшалық үкіметтің отаршыл саясатын сынап, революциялық қозғалысқа араласады. Соның бір айғағы — 1905 жылы бір топ казак оқығандары қол қойып, патша үкіметі жолдаған атақты «Қоянды петициясы». Онда казак халқына әлеуметтік теңдік беру, жер бөлісінде тұрғылықты халық мүддесінің ескерілуі, оқу-ағарту ісін жолға қою тәрізді бірқатар талаптар қойылған.

— Тағы бір айта кетерлігі, ел арасындағы анықталмаған аңыз-әңгімелерде Ақтеректегі Ахмет мектебінде Әлімхан Ермеков сынды тұлғалар білім алғаны айтылады. Мектеп-медресені төмамадан шәкірттердің бөлігі ішкі Ресейге барып, Мәскеу, Петербург тәрізді ірі қалаларда білімін жаңғыртып екен. Алаш арыстары қуғындалып, қызылдар үкіметі орнаған соң Ақтеректегі Ахмет ізі біраз уақытқа дейін ұмытылды. Халық жалында болса да, ұзақ уақыт бойы ашық айтылмай, тұншықтырылып келді. Сол жылдарда мектеп жабылып, ғимарат совхоздың шаруашылық кенесі ретінде қолданыста болыпты. Одақ ыдырап, аласапыран басталған кезде ауыл халқы білместікпен ғимаратты тонап, біршама зақым келтірген екен, — дейді туған жер тарихын



есігін, екіншісі терезесін алып кетті дегендей. Алғаш кісілердің бәрін танимын. Оларға: «Әй, бұл әруақты кісі. Ертен жаманшылыққа ұшырайсыңдар», — дедім. Сөйтіп, «лексхозға» барып, көмек сұрадым. Ол қиын заман еді ғой. Әйтеуір, «лексхоз» басшысының қолдауымен бұзылған үйді қайта қалпына келтіріп, есік-терезесін салып қойды. Бос тұрмасын деп бір бөлмесіне кітапхана аштық, бір бөлмесін балабақшаға, бір бөлмесін медресе ретінде қалдырдық, — дейді еңбек ардагері Жеңіс Рақышев.

Ахмет Байтұрсынұлының Қарқаралыдағы өмір жолының толық зерттелмегенін «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Нұрсахан Ахметқызы да растады.

— Кезінде Қарқаралының 190 жылдығы тойланғанда Ахмет Байтұрсынұлы есімі еленбеді. Ол кісі — азаттық жолындағы күресін осы Қарқаралы топырағында бастаған адам. Орыстар Санкт-Петербургқа «Революция бесігі» деген баға берді. Ал біздің ойымызша, Қарқаралы — қазақтың ХХ ғасырдағы азаттық қозғалысының бесігі. Демократиялық ой-пікірдің қалыптасқан орталығы. Сол орталықта мектеп ашу арқылы баланың санасын оятып, азаттық қозғалыстың не екенін көрсеткен тұлға екенін қарастыруымыз керек. Ахмет Байтұрсынұлының саяси қарқаралымен тығыз байланысты, — дейді Нұрсахан Ахметқызы.

Ғалымның айтуынша, ұлт ұстазының саяси аренаға шығуына Александровтың жолдамасы бірден-бір себеп болған. Сол жолдамамен Қарқаралы жеріне келіп, өңірдегі тұңғыш казак-орыс мектеп-интернатын ашады. Оқулықтар жазып, патша үкіметіне петиция жолдауға атсалысуды.

Қоғам қайраткері, айтыс ақыны Қуаныш Мақсұтов мектепті мемлекет қорғауына алуы керек дейді.

— Бұл мектепті, Қарқаралының білім бөліміне бере салған дұрыс емес. Ол мемлекет қорғауына алынуы керек. Алаш арыстарының ізі де, көзі де осы. Сондықтан зерттеу керек. Зерделеу керек. Оны ұлттық мұражай қылып, халық көретін, ел келетін орта жа-

Біріншісі — Ахмет мектебі, ағаштан қиып салынған, екіншісі — соған қарама-қарсы кейін өртеніп кеткен екі қабатты кенсе болған. Ал үшіншісі — кенсе жанында арнайы кісі түсетін үй. Ахмет енді кенселе жатпайтыны белгілі ғой. Келімді-кетімді кісісі бар. Кенсе, мектеп, үй жақын орналасқан. Арасы 30–40 метр шамасында ғана. Қалғаны тас үй. Дәл сондай үйде тұрды дегенге сену қиын, — дейді Құрманғазы Өтебай.

Молда емес, жана білім, жана леп әкелген адам болғаннан кейін сол уақыттағы әулім үйде тұрғаны ләзім. Үй болса Кенес дәуірінде, одан кейін де сырты сырланып, сыр бүгіп жатты.

— Үш-төрт рет бардық. Көзіміз жеткені, бұл үй мектептің көмір қорасына айналған екен. Төбесі жабылмай, су аққан. Төбесіне тіреу ретінде майқарағай тастаған. Еркеш Тышқанбаев деген архитектор, құрылысшы инженер Құнанбай салдырған үйде тұрған екен. Сол кісі айтып еді осы үйлерді салғанда, бәрін ойластырған, қабырғалары бөренелер ойып салынған, Ақтеректің қарағайы деп. Төбеге ді балқалар, майқарағай, самырсын сияқты ағаш болуы мүмкін. Керуен жолдары болды, көп болса бір үйге алты балка кетеді. Алыс-беріс жасаған уақыт. Мыс алып барса, кейін қайтқан керуен осындай құрылысқа керек затты тиіп қайтатын, — дейді әріптесіміз.

## ТҮЙІН:

Ұлт ұстазы Қарқаралыда болған уақытында өмірінің жартысын мектепте өткізе, қалғанын сол үйде өткізді емес пе? Устел басында отырып, қиялымен болашаққа самғаған шығар?! Енді бұл үйді зерттеп, зерделеп, мүлдем шіріп, жоғалып кетпей тұрғанда қалпына келтірсе деген ниет біздікі. Тек Ахмет мектебіне ғана емес оның тұрған үйіне де мемлекеттік қамқорлық жасалса, құба-құп...

«Ахмет қанда кетті дейсің? Осында болды ғой. Өйткені ол үйден басқа қорған үй болған жоқ» деген сөзді көнекөз қариялар айтқан екен. Шынымен, Ахмет ешқайда кеткен жоқ. Оның ізі Қарқаралыда сайрап жатыр... Жоктаушысы ғана керек болып тұр!

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында халықты несиелендіру мәселесіне назар аударғаны мәлім. Мемлекет басшысының айтуынша, банктер экономиканың нақты секторын несиелендірудің орнына тұтынушылық қарыздарға басымдық беріп келеді. Осының әсерінен қаржы жүйесіндегі тәуекелдер артып қана қойған жоқ, сондай-ақ азаматтардың несиеге тәуелділігі күшейе түсті.



# «НЕСІБЕГЕ» АЙНАЛҒАН НЕСИЕ

Кәмила ЕРКІН

Тіпті, бір кездері халықтың шектен тыс несие алуына шектеу болады деп қабылданған шешімдер де бүгінге қажетті нәтижеге қол жеткізу үшін жеткіліксіз екенін дәлелдеп берді. Мысалы, 2019 жылы 500 мың казакстандықтың борышына рақымшылық жасалды және жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заңы да күшіне енді. Дегенмен проблема әлі де өзектілігін жойған жоқ. Керісінше, соңғы 7 жылда жеке тұлғаларға несие беру көрсеткіші 340 пайызға артқанын көріп отырмыз. Статистикаға сүйенер болсақ, 2016 жылы жеке тұлғаларға 4,2 трлн теңге кредит берілген. Бірінші кредиттік бюросының деректері бойынша, биыл 1 қыркүйекте жеке тұлғалардың жалпы кредиттік портфелі 18,1 триллион теңгеге жеткен. Оның ішінде 7,7 млн казакстандық жалпы сомасы 8,8 трлн теңге болатын тұтынушылық кепілсіз кредит алған. Бұл — еліміздегі экономикалық белсенді халықтың 77 пайызы. Бір ғана тамыз айында 2,5 миллион казакстандық несие рәсімдеп үлгерген. Ал бәрінегі бар 1,5 миллионға жуық адамның қарызының мерзімі өтіп кеткен және коллекторлар мен сот орындаушыларының қысымына ұшыраған.

Desht сарапшыларының пікірінше, казакстандықтарды несиелендіру мәселесі макроэкономикалық деңгейде қаржылық жүйенің тұрақтылығына қауіп төндірмейді.

«8,4 миллион адамның тұтынушылық несиесі бар. Бірақ оның жартысынан көбі пайызсыз бөліп төлеуге жатады. Қаржыгерлер қауымдастығы бұл қаржы ұйымдарына қауіп төндірмейтін, әлеуметтік маңызы басым проблема деп мәлімдейді. Себебі банктердің балансындағы тұтынушылық несиелер бойынша проблемалық берешек деңгейі ШОБ несиелеріне немесе жылжымайтын мүлік сатып алуға қарағанда төмен. Мұны қаржы реттеушісі де растап отыр. Қаржы нарығының заңдылықтарына сүйенсек, табысы тұрақты тұтынушы үшін бөліп төлеу өте ұтымды. Өйткені ақша құнсызданады. Сондықтан қаражатты бірден жұмсағанда, оны депозитке ұстап, орнына бөліп төлеу арқылы сатып алған тиімді», — деп түсіндіреді Desht мамандары.

Сарапшылардың пікірінше, қарызы ауқымды белгілі бір топ қана бәрінегі өтей алмай жүргендер қатарында. Халық жаппай қарызға батты деп Парламент деңгейінде талқыға түсуіне де осы топ өкілдері себепкер. Мысалы, 1,7 млн адамның проблемалық несиеінің жалпы көлемі 1,4 трлн теңгені құрайды. Бұл — тек өтеу мерзімі 90 күннен кешіккен кредиттер. Осы қарыз алушылардың 4 пайызының ғана жүктемесі 7 миллион теңгеден асады. Яғни, «триллиондар» туралы сөз қозғау қажет болса, онда 1,7 млн қарыз алушының бәрінегі емес, тек 100–150 мың адаммен жұмыс істеу қажет. «Сондай-ақ банктерде несие алу қиындық және жылдық шекті мөлшерлемесі — 56 пайыз. Банктер несие ала алмаған адамдар микроқаржылық ұйымдарға жүгіреді және ондаған несие ала алады. Өйткені қаржы реттеушісінің өзі мұндай ұйымдардың жылдық тиімді мөлшерлемесін 146 пайыз деп бекіткен. Мұның жанында банктерге мөлшерлемесі одан әрі төмендету қажет деген талаптар қисынсыз көрінеді. Кредиттік бюро туралы заңдағы олқылықтар осындайда көрінеді. Өйткені несие тарихы 15 күнде 1 рет жаңартылады. Соның әсерінен адам әртүрлі банктерден ондаған несие ала алады. Екінші деңгейлі банктер болса клиенттің несиеілік жүктемесі асып кеткенін анықтай алмайды. Қаржы реттеушісінің талабымен микроқаржылық ұйымдар проблемалық қарыздарды коллекторларға өткізіп, баланстарын тазартты. Нәтижесінде, қазір коллекторлар портфолиоы 5 есеге өсіп, борышкерлер саны миллионға жуықтады. Олардың қандай әдіспен жұмыс істейтін бәріне белгілі», — дейді сарапшылар.

Желіде осы тектес «проблемалық қарыз алушылар банктердің емес, МҚҰ-ның қыз-

метін көп пайдаланады» деген пікір талқылануда. Ал RiskTakers сарапшылары банктердің де, микроқаржылық ұйымдардың да проблемалық несие бойынша көрсеткіштері өте жоғары деген пікірде. Екі сектор да мұндай берешектерді коллекторлық ұйымдардың балансына аударып отырғандықтан, есебі түгел көрінуі өбден мүмкін. Дегенмен қолда бар мәліметтерді саралайтын болсақ, банктердің үлесінде — 1,03 млн, ал МҚҰ үлесінде — 347 мың проблемалық қарыз алушыдан келеді. Міне, осы ақпарат Қазақстандағы халықтың кредитке кіру проблемасын айқын айғақтайды.

Парламенттік тыңдауда Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің басшысы Мәдина Әбілқасымова коллекторларға қарыздарды сатуға толық тыйым салуды ұсынды. «Біз кредиттерді коллекторларға сатуға толық тыйым салуды ұсынамыз», — деп ведомство басшысы. Сонымен қатар борыштық жүктеме коэффициенттерін есептеу барысында құқықбұзушылықтар орын алғанын және несиелер бойынша қайта есептеу жүргізілетінін айтты. Әбілқасымованың айтуынша, бұл коллекторларға сатылған қарыздарға да қатысты. Агенттік деректері бойынша, онлайн-кредиттер де отқа тамызық болып отыр. Өйткені мұндай қызмет түрімен айналысатын ұйымдар қарыз алушының тынғылықты тексеруден өткізбейді. Сол себепті кірісі жоқ балалар мен жастар да қарыз ала алады.

«Бірақ жоғары көрсеткішке ие дефолттық қарыздарға қарамастан, проблема тек банктер немесе МҚҰ-да деп айтуға болмайды. Әрине, банктер мен микроқаржылық ұйымдардағы тәуекел деңгейі жоғары. Сол себепті реттеуші Парламентпен бірлесіп азаматтардың несиеілік жүктемесінің одан әрі артуын тоқтату үшін қатаң шаралар қабылдауы керек. Сонымен қатар халықтың кредитке белшеден бауының негізгі себептерінің бірі — нақты табыс деңгейінің төмендеуі туралы ұмытпауымыз керек. Халықтың қаржылық сауаттылығы да маңызды», — дейді мамандар.

Үкімет үнемі экономика тұрақты өсім көрсетті деп есеп береді. Бірақ сарапшылар әлі де халықтың сатып алу қабілеті тұрақты төмендеп келе жатқанын айтады. Ұлттық банктің қыркүйек айының басында жарияланған баяндамасында биылғы жылдың бірінші тоқсанында он казакстандықтың тоғыздың ай сайынғы табысы 151 000 теңгеден (шамамен 320 АҚШ долларынан) аспағаны айтылған. Соңғы екі жылда екі таңбалы деңгейден түспеген инфляция әсерінен азаматтардың басым көпшілігінің сатып алу қабілеті төмендеуде. 2023 жылдың басында жарияланған Ұлттық статистика бюросының мәліметтеріне, азаматтардың 96 пайызының ай сайынғы табысы 200 мың теңгеден төмен болған. Статистика сүйенсек, бір миллионға жуық казакстандық кедейлік шегінен төмен өмір сүреді, ал олардың табысы — 45 мың теңгеден төмен. Бюро биыл бірінші тоқсанда кедейлік 5,2 пайыздан, 4,8 пайызға төмендеді деп ақпарат таратса, Halyk Finance сарапшысы Мадина Кабжалилова бұл деректер ахуалды шынайы көрсете алатынына күман келтіреді. Себебі халықтың нақты табысының төмендеуі және азық-түлік тауарларының қымбаттауын ескерсек, бұл индикатордың объективтілігіне қатысты сұрақтар туындауы мүмкін», — дейді маман.

Сарапшылар казакстандықтар табысының 50 пайызын азық-түлікке жұмсайтын азаматтардың, тұрмыстық қажеттіліктеріне де қаражат жинауға мүмкіндігі жоқ екенін алға тартады. Бүгінде техниканы былай қойып, тістің өзін бөліп төлеуге емдететін қоғам қалыптасты. Табысы тұрақты болып несие алса құба-құп. Барлық мәселе сол жұмыс орнынан айырылған жағдайда басталады. Қаржылық қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмаған халық микроқаржылық ұйымдардың қызметіне жүгінеді. Қорыта айтқанда, салдарымен күрескенше, себепті жоюға күш салған абзал. Халықты несиелендіру мәселесін шешуде де негізгі мақсат азаматтардың өмір сүру деңгейін арттыру болғаны қажет.

# ҚҰЛАН КӨШКЕН МАҢ



**Барсакелмес – әлем бойынша экологиялық апат аймағында орналасқан жалғыз мемлекеттік табиғи қорық. Жері шүйгін, табиғаты тылсымға толы бұл мекенде аң мен құстың сан түрі тіршілік етеді. Қорық жайында көнекөз қариялардың аңыз-әпсаналары өз алдына бір төбе.**

## Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ

Негізінен, Арал теңізі аумағында орналасқан Барсакелмес аралы ғылыми тұрғыда 1848 жылы тамыз айында ашылған. Дерекке сәйкес, бұл жер Петерборден келген лейтенант Алексей Бутаковтың экспедициясы барысында белгілі болса керек. Осы экспедицияға географ А.Макшеев пен топограф А.Акишев те қатысқан. Экспедиция мүшелері аралдың топографиялық түсірілімдерін жасап, оның ландшафтын дайындаған. Ал ландшафтын алғашқы суреттемелерін солдат Тарас Шевченко жасаған деген ақпар бар. Осыдан кейін түрлі экспедициялар ұйымдастырылып, аралдың табиғаты, бауырымен жорғалаушылар мен қосмекенділер, аң-құс түрлері жіті зерттеле бастапты.

Мемлекеттік табиғи қорық өз жұмысын бастаған кезеңдерден бастап, оның тамаша табиғаты көрген адамды ерекше сезімге бөлейді. Сол уақытта бір-біріне іргелес қоныстанған Барсакелмес пен Қасқақұлан аралдарында біршама отбасы тұрмыс кешкен көрінеді.

«Қазір Қасқақұланды алам тұрмайды. Бұл Арал теңізінің тартылып, теңіз ортасындағы аралдың құрлықпен қосылып кетуімен тікелей байланысты. Бір кездері ол жер қайнаған тіршілік ортасына айналған еді. Сол уақытта Қасқақұланды екі флот жұмыс істеп, балық шаруашылығы қарқынды дамыды. Аштық кезде орыстарға Аралдан 14 вагон балық жөнелтілгені тарих парактарынан белгілі. Сол жұмыстарға Қасқақұландың да үлесі зор. Ауылда 10 жылдық мектеп, дәрігерлік пункт, электр станциялары да жұмыс істеді. Сол уақытта ауылмызға ұшақ пен кеме ғана қатынайтын. Бүгінде аралдағы үйір-үйір құландардың қатары артып, сексеуіл қалың орманға айналғаны байқалады. Тек көлік жүріп өтетін жалғыз жол бар», — деп еске алады Қасқақұлан ауылының байырғы тұрғыны Ранай Сатаева.

Дерекке сәйкес, 1929 жылы Барсакелмес аралында «Союзпушнина» аңшылық шаруашылығы құрылыпты. Осы арқылы қорықтағы жануарлар әлемін бағалы құстар және аң түрлерімен байыту міндеті жүктелді. Нәтижесінде, 1929–1939 жылдар аралығында мұнда ірі құм балпақтары, акбөкендер және карақұйрықтар жеткізіліп, құм балпағының кәсібі ашылған.

1930 жылдары Кенес Одағында табиғи ресурстарды, оның ішінде биологиялық ресурстарды пайдалануға деген қызығушылық артады. Соның негізінде қайта бейімдеу, бағалы аң түрлерін қайта қалыптастыру бойынша жұмыстар кең көлемде жүргізілді. Осы орайда жана қорғалу аумақтары қалыптасады.

Нәтижесінде, 1939 жылы Қазақстанның Кенестік Халық Комиссариятының 10.12.1939 жылғы №973 қаулысымен Барсакелмес мемлекеттік қорығы құрылады. Ал іс жүзінде 1940 жылдың соңында — шаруашылықты аң совхозынан қорыққа беру іске асырылған. Дәл осы уақыттан бастап аралдың табиғатын жоспарлы түрде зерттеу басталды.

Қорық жұмысын жандандыру бағытында түрлі бастамалар қолға алынған тұста аралға қоныс аударған халықтың қарасы аз болмады. Теңіз ортасындағы аралда тұрмыс кешкен тұрғындардың сол кездегі ахуалы жайында айтары да аз емес.

«Біз 1984 жылы отбасымызбен Барсакелмес қорығына көшіп бардық. Сол уақытта қорықта 2 орыс, 5 қазақ отбасы тұрып жатты. Жолдасым Серік Мұрынов аралда құлан бағушы, ал мен сауыншы болып жұмыс істедім. Екі жылдай сауыншы, кейінінен кітапханашы болып қызмет еттім. Ол уақыттағы қорықтың табиғатын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Аралда құлан, киіктің санында есеп болмады. Сондай-ақ 15 шақты сиыр өсірілді. Осы мүйізді ірі қараны күніне екі мәрте сауып, қаймақ, құрт жасаймыз. Орыс отбасының бірі — Михаил есімді көршіміз тракторшы болды. Келесі орыс көршіміз үйлерді электр энергиясымен қамтамасыз етумен айналысатын еді. Қорық өсімдіктер түріне өте бай. Соның

3 мың саман кірпіш басып, өз күшімізбен базаны кеңейттік. Жалпы, қорықта ойын-сауық орталығы, кинотеатр қызметі жолға қойылды. Жаз мезгілінде жағажайда суға түсіп, түрлі іс-шара ұйымдастырып тұрдық. Бір сөзбен айтқанда, молшылық жылдарды бастан өткердік», — дейді қорық тіршілігін көзбен көрген тағы бір тұрғын Болатбек Жарақов.

Жирмасыншы ғасырдың орта шенінде әлемдік ғылымда кешенді зерттеулерге, экожүйелерді зерделеуге және онда болып жатқан динамикалық процестерге деген қызығушылық арта бастайды. 1960 жылдың басында шөлді экожүйелердің кейбір типтерін зерттеуге деген қызығушылық Барсакелмес аралына зерттеушілердің тобын алып келеді. Бұл кезең Арал теңізінің кебуімен тұспа-тұс келген. Кейінгі жылдары талайды тамсандырған қорықтың тұрса табиғаты теңіздің тартылуына байланысты дағдарысқа ұшырай бастайды. «2000 жылдан кейін қорықтың айналасында теңіз жазықтығының айтарлықтай бөлігі ашылып, арал құрлықпен бірігіп кетті. Бұл жабайы аңдар миграциясының қайта іске асуына мүмкіндік берді. Арал теңізінің кепкен табаны экожүйелердің флорасы мен фаунасының біріншілік қалыптасу аренасына айналды. Тұщы судың болмауынан тұяқты жануарлар Барсакелмес аралынан шығып кетті. Соның ішінде құландар тұщы су көздері бар бұрынғы Қасқақұлан аралының айналасындағы теңіздің кепкен табанындағы сексеуіл тоғайларына үдере көшірілді. Ал карақұйрықтар мен акбөкендер шығыс жағалау бойынша кенінен миграциялады. Қазір қорықта бұрынғыдай халық тұрмайды. Тек мемлекеттік инспекторлар он күндік ауысыммен кезекшілікке шығады», — деп түсіндірді Барсакелмес қорығының директоры Хамит Қаниев.

Теңіздің тартылуына байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 25.11.2006 жылғы №1162 қаулысымен Барсакелмес қорығының аумағы 10 есеге ұлғайтып, 160 826 гектарға жеткен.

Ал 2016 жылдың 19 наурызында ЮНЕСКО-ның «Адам және биосфера» бағдарламасы бағыттаушы кеңесінің 28-ші сессиясы шешімімен Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорығы РММ-і негізінде құрылған Барсакелмес биосфералық резерваты ЮНЕСКО биосфералық резерваттарының әлемдік жүйесіне енгізілген. Бүгінде ЮНЕСКО-ның Барсакелмес биосфералық резерваты — Туран шөлейттерінің солтүстік және орташа аймақшалық типіне кіретін экожүйелерді қорғайтын Еуразиядағы бірден-бір қорық.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 шілдедегі №484 қаулысына сәйкес Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорығының көлемі Сырдария өзенінің Кіші Арал теңізіне құяр сағасындағы «Дельта» учаскесін (2 300 гектар) қосу



Барсакелмес қорығының алғаш құрылымдаған сәтін көзбен көрген әрбір тұрғын сол уақытты тәтті естеліктермен есте алады. Ол уақытты өз өмірлеріндегі ерекше әсерге толы қызықты кезеңге байлады.

«Қорықта 1980—1982 жылдар аралығында тұрмыс кештім. Тұңғыш баламды осында дүниеге әкелдім. Қазір балам 42 жаста. Сол уақытта күйеуім қорықтағы медициналық бекеттің менеджерісі болып қызмет атқарған болатын. Ол кезде қорықты Владимир Жевнеров деген орыс азаматы басқарды. Жаз бойына қорықта Ресейден биологтар, ғылыми қызметкерлер ағылып келіп тұратын. Осы жылдар аралығында Барсакелмес тұрғындары ұлтқа бөлінбей, ауызбіршілікпен өмір сүрдік. Бұл өміріміздегі ең қызықты кезең болатын», — деп еске алады қорықтың сол кездегі тұрғыны Даража Дүйсенбаева.

Алғашқы жылдары қорықта қарбалас тіршілік болады. Сол кезден бастап арал қызметкерлері ішкі міндеттемелерді шешумен қатар, сыртқы ғылыми орындармен де байланыс орната бастайды. Құрылымдау кезеңін көзбен қорық тұрғындары бұл кезеңді былайша еске алады.

«1983—1986 жылдар аралығында қорықта құлан бағушы болып жұмыс істедім. Сол уақытта қорықта 13 отбасы тұрып жатты. Әрқайсысына жүктелген жұмысы болды. Жаз айларында Ресейден ай сайын кезек-кезек студенттер келіп тұратын. Өзім құландарға қарап, күтіп-баптап, жем-шөбін беріп отырамын. Әйелім сол кездегі сиыр фермасында жұмыс істеді. Қорыққа Аралдан екі мезгіл ұшақ, кеме қатынасы жолға қойылды. Сәт сайын азық-түлік пен басқа да тұтынытын заттар жеткізілсе, қыс мезгілінде отын тасымалдайды. Яғни, қорықтағы тұрғылықты халыққа барлық жағдай жасалды. Сол уақытта сиыр фермасының базасы тарлық етіп,



арқылы ұлғайтылды. Бүгінде қорықтың жалпы аумағы 163 126 гектарды құрап, 3 кластерлік учаскеден тұрады. Яғни, «Барсакелмес», «Қасқақұлан» және «Дельта» учаскесі болып біріктірілген. Бүгінде қорық аумағында 56 мың гектарды құрайтын сексеуіл ормандары, флорасы 325 түр жоғарғы өсімдіктер бар. Оның ішінде 16 эндемик және 5 түр өсімдік Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген.

Қорықтың жануарлар әлемі де саналуан. Омыртқасыздар түрі өте көп. Жәндіктердің өзі 12 отрядтан тұратын 2 000 түрге жуықтайды. Бұдан өзге қорықта өрмекшінің 107 түрі мекендейді екен. Қосмекенділердің 2 түрі болса, бауырымен жорғалаушылар 12 түрге бөлінеді. Сол сияқты құстардың 250 түрі мекен етсе, оның 33 түрі «Қызыл кітапқа» енгізілген. Сонымен қатар 28 түр сүтқоректілердің 3 түрі, ал 22 түрлі балықтардың 4 түрі «Қызыл кітаптың» пізіміне жазылды.

Қазіргі қорықтың ғылым, ақпарат, мониторинг және экологиялық ағарту бөлімі 5 тақырыпта ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Соның негізінде, Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорығы еліміздің алдыңғы қатарлы ерекше қорғалатын аумақтарының бірі. Қорық өз қызметі барысында көптеген отандық және халықаралық ғылыми ұйыммен — БҰҰДБ, Халықаралық Аралды құтқару қоры, Жапон елшілігінің «Шөптер тамыры» бағдарламасы, ЮНЕСКО-ның «Адам және биосфера» бағдарламасы, Қазақстан биоалуантүрлілігін сақтау қауымдастығы және тағы басқа ұйымдармен етене жұмыс істеді.

Соңғы жылдары құлан көшкен Барсакелмес қорығы маңының құрлықпен қосылып кетуі көпшілікті алаңдатып отыр. Дейтұрғанмен, үздіксіз жүргізіліп отырған жұмыстар қорықты сақтап қалуға мүмкіндік жасап келеді.

Қызылорда облысы

# КІТАПХАНА — ҚОҒАМНЫҢ ҰСТАЗЫ

**Адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасаудағы тілден кейінгі ең кемел құралы — кітап. Кітап — қоғам мүшелерінің қарым-қатынасын реттеуде ғана емес, бүгінгі заман мен тарихты және болашақты жалғастырып тұрған рухани арқау. Осындай бірегей құралды адамзаттың қолына беріп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғап отырған кітапхана — елдіктің төрегі, ғылымның құретамыры десек артық емес. Жазушы Әбіш аға Кекілбаев: «Адамды адам еткен — кітап, адамзат еткен — кітапхана», — депті. Ал былтыр Үкіметтің қаулысымен 24 қазан Кітапханашылар күні болып бекітілген еді.**



Қазір кітапхананың сипаты да, қызметі де бұрынғыдан әлдеқайда ауқымды, байырғы түсінікке сыймайтын өлшемдер пайда болған. Кітапхана бір-біріне байланысты, бірінсіз бірі өмір сүре алмайтын үш құрамдас бөліктен тұрады. Біріншісі — кітап сақтайтын және кітап оқитын орын, екіншісі — кітапханашы, үшіншісі — кітап қоры. Осы үшеуінің бірілігі — кітапхана. Алайда осы құрылымдардың ішкі байланысы, мазмұны мүлде өзгерген. Сондықтан бүгінгі кітапхана орта ғасырды қойып, 20 жылдың алдындағы кітапханаларға ұқсамайды. Болашақта бұдан да жанарған кітапханалар пайда болатыны сөзсіз.

Түркістан қаласында өткен Ұлттық құрылтайда Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев: «Мартин Лютер Кинг сияқты менің де көкейімде жүрген бір арман бар, бұл — тәулік бойы жұмыс істейтін Президент кітапханасын ашу. Мен мұндай кітапхананы Анкарада көрдім. Оның оқырмандары әлемнің әр түркірінде басылып шыққан көркем шығармаларды, арнаулы әдебиетті оқи алады. Мұндай кітапхананы елімізде де салуға болады деп ойлаймын», — делі. Бұл — заман талабын ескеруден туған көрген ой. Қазіргі қоғамда қоғамның дамуының рухани негізі — кітапхана. Кітапханасыз ұлт болашағын елестету мүмкін емес. Ұлттық мәдениет пен ғылымның дамуы, қоғамының ізденуі кітапхана жұмысымен тікелей байланысты. Кітапхана жок жерде ғылым да, мәдениет те болмақ емес. «Кітапханалар болмаса не болар еді?» деген сұраққа Рэй Брэдбери: «Өткеніміз де, келешегіміз де болмас еді», — деп жауап берген екен.

Ата Заңымызда: «Мемлекеттің қоғамы байлығы — адам» деп көрсетілген. Бағамның қазіргі бет-бейнесі ғана емес, болашағы да азаматтардың білім сапасына байланысты. Барлық заттық және рухани байлық адам қолымен жасалады, адам үшін қажет етеді. Демек, қоғам дамуының қозғалушы күші болған адам өрекетінің түпкі мақсаты — өзіне (адамзатқа) қызмет ету. Ендеше басты мәселе — адам сапасын

бірі мекеме. Екіншіден, әлеуметтік игіліктерге адамдардың бәрiнiң қолы жете бермейдi. Айталық, жақсы медициналық көмек пен сапалы бiлiм алудың өзi қаржылық жағдайыңызға байланысты. Кiтапхана қызметi қоғамның барлық мүшесiне ортақ. Ол адамдарға алағаламай, байға да, келдейге де, кәрiге де, жасқа да, он екi мүшесi сау адамға да, көмекке мұқтаж жандарға да бiрдей қызмет көрсетiледi. Үшiншiден, кiтапхана жұмысы — көзге көрiнбейтiн, бiрақ өте ауыр жұмыс. Кiтапханашылар үнемi кiтаппен жұмыс iстейдi, оның iшiнде кiтап тасу (көтеру) сияқты ауыр дене еңбегi де бар. Бұдан тыс үнемi ескi кiтаптың шаңын жұтып жүрiп жұмыс iстеуге, электр нұрының астында ұзақ отыруға мәжбүр. Басқа салада мұндай зиянды ортада жұмыс жасайтындар үшiн денсаулығын күтуге арналған әлеуметтiк пакеттер бар. Төрiншiден, қазiр кiтап көп, оқырманға керектi кiтаптарды талдап, ұсыну — кiтапхананың басты мiндеттерiнiң бiрi. Сондықтан кiтапхана мамандары ақпаратты талдай алатын қабiлетке ие, бiлiктi де бiлiмдi болуға тиiс. Бұл үзiкiсiз тәрбиеленудi қажет етедi. Өкiнiшке қарай, кiтапханашыларда бұл мүмкiндiк жоқ.

Қазiр қоғамның да, оқырманның да талабы өзгерген. Сондықтан кiтапхана да өз қызметiн өзгерту процесiн бастап кешуде. Кiтапхана — әрi бiлiм беру орны, әрi мәдениет орталығы, ақпарат тарату және анализ жасау орталығы, сондай-ақ демалыс орны болу сияқты сан-салалы қызметтердi атқаруда. Дамыған елдерде осылай. Қазiр адам тәрбиелеудiң әдiстерi жанарған, соған сай кiтапханалар алдында өз оқырманын жан-жақты кешендi шаралар арқылы тәрбиелеу мiндетi тұр. Кiтапханаға адамдар кiтап оқуға ғана бармайтыны белгiлi. Өйткенi әркiмнiң үйiнде өзiне жетерлiк кiтап қоры бар. Ғалымдар болмаса, қарапайым бұқара үйiндегi кiтаптарын оқудан аса алмайды. Ал ғалымдар үшiн ғана қызмет ететiн болса, кiтапхана мәнінен айырылады. Кiтапханаға бiреу кiтап оқуға барса, бiреу жана ақпараттар алуға барады, бiреулер қоғамдық қа-



*Қазір қоғамның да, оқырманның да талабы өзгерген. Сондықтан кітапхана да өз қызметін өзгерту процесін бастап кешуде. Кітапхана — әрі білім беру орны, әрі мәдениет орталығы, ақпарат тарату және анализ жасау орталығы, сондай-ақ демалыс орны болу сияқты сан-салалы қызметтерді атқаруда.*

жоғарылату. Ал оның көрсеткі-ші — әлеуметтік білім деңгейі. Бұл тұрғыдан келсек, кітапхана қызметі — оқырмандарды шынайы, сенімді ақпаратпен қамтамасыз ету. Қандай мемлекет болса да азаматтарының білімді болуына мұқтаж. Бұл — әлем жаратылғалы бар қажеттілік, бұдан кейін де осылай бола бермек. Адамның жетілуі үшін уақыт пен жайлы орын қажет. Өзін-өзі тәрбиелеуге уақыт табатын адамдар көп, алайда, олар жайлы орынға, сенімді білім көзіне, шынайы ақпаратқа қол жеткізе алмайды. Бұл қажеттіліктер кітапхана арқылы ғана шешімін таппақ. Августин Биррелдің: «Бүгінгі күннің нағыз университеттері — бай кітапханалары» деген сөзі бар. Шынында, кітапхана — адамдарды өмір бойы тәрбиелейтін бірегей университет. Адамның мектепте немесе университетте білім алу белгілі бір уақыт шеңберінде ғана іске асады. Мектеп болсын, университет болсын — белгілі уақыт шеңберінде ғана білім беретін, уақыт жағынан мүмкіндігі шектеулі орындар. Кітапхана уақыт шектемесін ұшырамай, өмір бойы қызмет көрсетеді.

Кітапхана жұмысының ерекшелігі көп, өзіне тән қызығы да, қиындығы бар. Біріншіден, кітапхана қызметі ізгілік қағидаларына негізделген. Қай елге, қай жерге барсаңыз, ақылы кітапхана жоқ. Ол — әлемдегі ақысыз қызмет көрсететін бірден-

рым-қатынас орнату үшін, біреулер демалуға барады, т.б.

Кітапханаға қатысты біраз мәселе әлі де бар. Кітапхана қызметінің маңызын қоғам мүшелері де, үкімет те жақсы біледі. Бірақ кітапханаға жеткілікті көңіл бөлінбейді. Өйткені адамдар бәрін өзін пайдасымен өлшеуге әбден дағдыланып, қызметке өз мүддесі тұрғысынан қарап — жоғарыдан төменге дейін етек алған үрдіс. Мына қолмен беріп, ана қолмен алатын жерге болмаса, экономикалық қайтарымсыз жоқ іске қаржы бөлуге ешкім құлықты емес. Ал кітапхана қызметі — көзге көрінбейтін жұмыс, экономикалық қайтарымсыз жоқ. Қысқасы, кітапханаға жұмсаған қаржы жеке бастың абыройы үшін өнімді жарнама дей алмаймыз. Адамдар жарнама үшін жұмыс істейді, басшылар да, байлар да солай. Жұмысқа жауапты басшы жұмыс істеу үшін емес, өзінен жоғары орында отырған басшысына есеп беру үшін құжат дайындауы керек. Сондықтан көзге көрінетін іске қолдау жасау олар үшін пайдалы. Ал шындықта келгенде, кітапхана — қоғамның қазіргі қажеттілігін өтеумен қатар, болашаққа да қызмет ететін орын. Кітапханаға жұмсалған қаржы — болашаққа салынған инвестиция. Біздің қоғам осыны әлі түсінбей келеді.

**Иманғазы НУРАХМЕТҰЛЫ,**  
ф.ғ.к., Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі



# ШЫМКЕНТ – ДОСТЫҚТЫҢ МЕКЕНІ

**Шымкент – дара дәстүрімен, ерекше мәдениетімен танылған шаһар. Бірлігі жарасқан, ымыралы күн кешкен, ежелден достықтың тұғырлы ордасы, миллионнан астам тұрғынды бауырына басқан Шымкентте Республика күні дүркіреп өтті.**

Қазақ халқы паш еткен асқақ адамгершіліктің, адал ниеттің, шынайы жанашырлықтың арқасында талай ұлттың өкілдері қиын-қыстау шақтың ауырталығын еңсерді, қазақ жерінде өнді-өсті, бақытын тапты. Мереке аясындағы іс-шаралар патриотизм, абырой, әділдік, құрмет, ізгілік, бауырмалдық сияқты асыл қасиеттерді дәріптейді.

## ЫНТЫМАҚТАстыҚТЫҢ ҮЛГІСІН КӨРСЕТЕТІН ШАРАЛАР ЖИІ ӨТЕДІ

Шымкентте «Достық дастарханы» халықаралық палау фестивалі биыл тағы да жалғасын тапты. Қазақстан халқы ассамблеясы және «Дустлик» қауымдас­тығы, Өзбек этномәдени бірлестігінің ұйымдастыруымен өткен шарада Қазақ­станнан және көршілес елдерден келген 43 аспаз өз шеберліктерін көрсетті. Фестивальге аудан өкімдері, қоғам қайраткерлері, қала тұрғындары, балалар үйінің тәрбиеленушілері қатысты.

— Дастархан — берекенің бастауы. Сондықтан да бүгін мерекеге орай қаншама ұлттардың басын бір дастарханда біріктіріп, достықтың, ынтымақтастықтың үлгі­сін көрсетіп отырмыз. Фестивальде үздік аспаздарға номинациялар, сыйлықтар берілді. Әділ қазылар алқасы палаудың әр түрінен дәм татып, өз бағасын берді. Бірақ бұл жолы жүлделі орын белгілемейміз. Аспаздар бірінен бірі өтеді, — деді Өзбек этномәдени бірлестігінің төрағасы Тахирбек Нишанбаев.

Шара аясында Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғыз елінен, Тараз, Алматы, Түркістан қалалары мен басқа да өңірлерден 43 аспаз палау әзірледі. Одан бөлек, «Мейірім» қоғамдық қоры балалар үйінің тәрбиеленушілері мен аз қамтылған отбасыларына 100 келі палау таратты.

«Бүгін мұнда балаларымды алып келдім. Өзім көпбалалы анамын. Мұндай шара әртүрлі ұлттардың достығының көрсеткіші деп білемін. Ұйымдастырушыларға үлкен рақмет айтамын. Палаудың дәмі тіл үйіреді. Елімізде молшылық болсын, бірлігіміз ажырамай, тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын», — деді сайрамдық тұрғын Шарафат Пахридинова.

Осынау шарада қатысушылардың барлығы алғысхатпен марапатталып, сый­сыяпатқа ие болды.

Үшінші мегаполисте этнос жастары арасындағы шараның бірі — «Қазақтану» жобасы шеңберіндегі «Мың жүйрік» республикалық ағартушылық байқауы. Еліміздің әр өңірінен 5-12 жас аралығындағы 575 жасөспірім бақ сынаған байқау да өз мәресіне жетті. Қазылар алқасының қорытындысымен 10 қатысушы үздік деп танылып, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

— Қаламызда үшінші рет өткізіліп жатқан жобаға қызығушылар саны жылдан­жылға саны артып келеді. Мәселен, 2021 жылы байқауға 100-ге жуық жасөспірім қатысса, 2022 жылы — 300, ал биыл олардың саны 575-ке жетті. Бұл — осынша баланың қазақ ертегілерін тыңдап, мақал-мәтел, өлең оқуға деген ынтығасы жоғары екенін білдіреді. Жоба онлайн форматта ұйымдастырылып, қазылар алқасы тарапынан қатысушылардың еңбегі сараланды. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлар шыққан 10 қатысушы үздік атанды. Сіздерді осынау жеңістеріңізбен шын жүректен құттықтаймын. Елімізде осындай мерейлі сәттер көп болсын, — деді қалалық Ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқарма басшысының орын­басары Бексұлтан Ержанұлы.

Байқау 4 бөлім негізінде ұйымдас­тырылды. Қатысушылар «Ертегі әлеміне



саяхат», «Тұлғалар тағылымы», «Мен ұнататын мамандық» және «Туған өлкеге тағзым» тақырыптары бойынша сынға түсті. Алғашқы бөлімде үміткер өз қалауымен кез келген ертегіден үзінді айтып берді. Ұсынылатын ертегіде шығарманың желісі толық сақталуы керек. Қазылар алқасы өнерді бағалайтын кезде қатысушының өзін көпшілік алдында ұстауына, тіл көркемдігіне, мәнерлеп айту шеберлігіне назар аударды.

— Осынша баланың қазақ тілінде өнер көрсетуге деген құлшынысы бізді қатты қуантты. Тіпті, бір үйден 2-3 балаға дейін мемлекеттік тілде ертегі айтып, байқаудың көркін қыздырды. Өткен-ай дейтін жері жобаға тек 5-12 жас аралығындағы жасөспірім деп бекітіліу болды. Өйткені одан жоғары жастағы балаларда қатысуға ниет білдіріп еді. Тәртіп бойынша оларды қабылдай алмадық. Алдағы уақытта осы мәселе де ескерілсе екен, — дейді қазылар алқасының мүшесі, «Шұғыла» газетінің бас редакторы Базаркүл Қалбыр.

Шымкент қаласындағы «Достық» үйінде өткен марапаттау салтанатына еліміздің Ақтау, Ұлытау, Алматы, Түркістан облыстарымен бірге Шымкент қаласының этнос жастары және оның жетекшілері келген.

— Біз Ұлытау облысы Жезқазған қаласынан келдік. Шөкіртім 6-сынып оқушысы Аврора Зурли — итальян ұлтының қызы. Ол қазақ тілінде өте жақсы сөйлейді. Ертегі оқып, ондағы кейіпкерлерге тамсанып отырады. Осы байқау арқылы қазақ тілінде білім көкжиегін арттырып, жүлделі орыннан көрініп отыр, — деді Жезқазған қаласындағы №26 мектеп-гимназиясының қазақ тілі пәнінің мұғалімі Орынбасар Серғазықызы. Жеңімпаз 10 балаға арнайы диплом және велосипед табысталды.

## ЖЫР ДОДАСЫ ӨТТІ ЖАЛЫҢДАП

Шымкентте ұлық мереке аясында жыр додалары да ұйымдастырылды. Жас ақындар арасындағы республикалық «Күміс домбыра» айтысы «Тәуелсіздік — бабалар аманаты» деген тақырыпта өтті. Жыр додасына еліміздің әр өңірінен 16 айтыскер ақын қатысты.

— Тәуелсіздік алғалы айтыс өнері ұлттық мәдениетіміздің асыл мұрасы ретінде кеңінен насихатталып келеді. Соның ішінде «Күміс домбыра» жобасы халық арасында кеңінен қолдау тауып, биыл үшінші жыл қатарынан өтіп отыр. Осы орайда киелі өнердің дамуына қолдау көрсетіп келе жатқан қала әкімілігіне алғыс айтамыз. Бұл айтыс еліміздің тәуелсіздік жылдарында жеткен жетістіктерін насихаттау және жас ақындардың ішкі мүмкіндіктерін ашып, шабыттарына қанат бітіру мақсатында өткізілді. Жас ақындар арасындағы республикалық айтыс тек Шымкент қаласында ғана өткізіліп жүргенін де айта кету керек. Жас ақындардың бұл айтысқа қызығушылығы жоғары, сондықтан жоба тоқтап қалма­са екен

деген тілегіміз, әрі өтінішіміз де бар, — деді Қаратау дәстүрлі өнер мектебінің айтыс сыныбының жетекшісі, белгілі айтыскер ақын Қажымұқан Абзал.

Тәуелсіздікті тірек еткен жыр додасына белгілі айтыскер ақындар мен мәдениет саласының мамандары әділ бағасын беріп, қазылық етті. Атап өтсек, айтыстың ақтан­гері атанған Бекарыс Шойбеков, Маржан Ежанова, Қулия Айдарбекова, Ахметжан Өзбеков, Еркебұлан Қайназаров сынды азаматтар қазылар алқасы құрамында болды. Жыр додасында жас ақын­дар қоғамдағы өзекті тақырыптарды қозғап, көрерменді үшқыр ой, ұрымтал шумақтарымен тамсандырды.

— «Күміс домбыра» айтысына биыл үшінші рет қатысып тұрмын. Бірінші айналымда Астананың ақыны Ердаулет Ыбыраевпен шықтым, екінші айналымда Түркістандық ақын Ахметрасул Байнбаймен айтыстым. Айтыстың көрермені жылдан жылға жасарып келеді. Сондықтан да жастар арасындағы маңызды мәселелерді қозғалдым, — дейді Қаратау дәстүрлі өнер мектебінің мұғалімі, ақын Аян Ниязбек. Айтыстың ақтық кезеңіне жолдана алған үш жұп суырып алып, шаппа-шап айтыс көрсетіп, көрермен қауымның қошеметіне бөленді.

Айтыстың жеңімпаздары мен жүл­дегерлерін Шымкент қаласы әкімінің бірінші орынбасары Қуаныш Асыллов марапаттап, ұлттық өнерімізді ұлықтап, тамаша айтыс көрсеткен өнерпаздарға алғысын білдірді. Сонымен, әділқазылар алқасының шешімімен жүлделі ІІІ орынды Ердаулет Ыбырай мен Нурдаулет Өмір­бекке, ІІ орын Жамбыл облысының өкілі Мұхтар Қонарбай мен түркістандық ақын Ахметрасул Байнбайға, ал І орын Бай­науылдан келген Мәрес Байронға берілді. «Күміс домбыра» айтысының бас жүлдесін Шымкент қаласының өкілі Аян Ниязбек жеңіп алды.

«Күміс қалам» байқауы да осынау елдіктің мерекесі қарсаңында орайлас­тырылды. Осымен үшінші жыл қатарынан

дәстүрлі түрде өтіп келе жатқан жыр мұ­шайрасына 19 бен 35 жас аралығындағы ақындар қатысты. Шымкент қаласы әкімдігінің қолдауымен өткен мұшайра жыр маржанын терген жас ақындардың шабытына шабыт қосып, оларға жан жақты қолдау көрсету мақсатында ұйым­дастырылған.

Жыр кешіне Шымкент қаласы әкі­мінің бірінші орынбасары Қуаныш Асыллов арнайы келіп, көпшілікті Респуб­лика күнімен құттықтап, үлкен долада бақ сынағалы отырған жас таланттарға сәттілік тіледі.

— Поэзия адам жанына рухани азық беретін әдебиеттің ең ұлы жанрларының бірі екені белгілі. Бүгінгі байқау жас ақын­дардың бойындағы шығармашылық қабілеттерін, өнерге деген құштарлығын арттыра түседі деп ойлаймын. Сол арқылы жастар әдебиет әлеміне нық қадам басып, өз туындыларының көркемдік деңгейін шын­дай түссе деген ізгі ниетіміз бар. Байқау үміткерлерінің арасынан Ұлы Абай айтқандай, «Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын» келістіріп жазатын дара ақын­дардың шығатынына сенім білдіреміз, — деді Қ.Асыллов.

Ерекеге сайкес, байқаудың шешуші кезеңінде 16 ақын өнер көрсетіп, көрермен қауымды мән-мағыналы әрі жалынды жырларымен қуантты. Нәтижесінде, үздік деп танылған қос ақын финалға шығып, бақ сынасты. Осылайша, Ұлытау облысы­нан келген Айзада Рахымжан «Күміс қалам—2023» байқауының бас жүлдесін жеңіп алды. Жеңімпазға арнайы күмістен құйылған қалам мен бағалы сыйлықтар тапсырылды. Ал Жадыра Байбұланова — Есенғали Раушанов атындағы, Шерхан Талап — Әмірхан Балқыбек атындағы, Абзал Мақаш — Әбілдә Аймақ атындағы, Сәзім Мергенбай — Мархабат Байғұт атындағы, Серғазы Қайырболды — Аман­хан Әлім атындағы арнайы жүлделерге ие болды.

Қазылар алқасында «Ана тілі» газетінің бас редакторы Ерлан Жүніс бастап, Ханбибі Есенқарақызы, Абай Қалшабек, Танақөз Толқынқызы және Әлімжан Әлішер төрелік етті.

Мереке аясында қала жастарына ар­налған белсенді, шығармашыл жастар қауымдастығын қалыптастыруға, жастар­дың жана және қолданыстағы бастамала­рын қолдауға бағытталған «Тәуелсіздік ұрпақтары» жобалар байқауы да өтіп, сондай-ақ күн батареялары, қадамдық қуат, кокис қалдықтарын қайта өңдеу және анимациялық фильмдерді дыбыстау жобасы бойынша үздіктер анықталды.

## АҚ ОРАМАЛ — ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗДЫҢ БІРІ

Өскелең ұрпақтың саналы, ибалы болып өсуіне тәрбиенің тигізер пайдасы

бері, бірнеше этнографиялық кітаптардың авторы Ералы Оспанов, бізкестеші шебер, зерлеу үйінің негізін қалаушы Айжан Абдубайтова, этнодизайнер Тілек Сұлтан және колөнер шебері Эльмира Шер­мұхаметовалар бар.

— Соңғы кезде қоғамда, әлеуметтік желіде мектеп оқушыларының орамал орануы жайында көп пікірталас туындады. Дін жолын ұстанғандар мақалдаса, тағы бір топ оған қарсы шығып жатыр. Маман ретінде айтар болсам, заман ешқашан бір орында тұрған емес. Үнемі ауысып, адам­дардың өмірлік ұстанымы мен көзқарасы өзгеріп отырады. Өзгерістер орын алмаса, жаңалықтар да болмайды. Десе де, за­манына қарай жаңалықтарды да дұрыс қабылдап үйрену керек. Дін мәселесі көтерілген еште оқушы қыздардың ора­малына қатысты пікірлер жиі айтылады. Тарихқа үңілсек, қазақ Қоқан хандығы мен Кеңес дәуірінің озбырлығын бастан өткерді. Тәуелсіздіктен кейін біз ұлт ретінде қалыптасып, қазір ұлттық құндылық­тымыз бір ізге келе бастады. Егемендіктен кейін мемлекеттің аяқтанып алуына көп көңіл бөлінді де, құндылық, салт-дәстүрде азғана бостық пайда болды. Сол орынды түрлі діни ұстанымдар мен ұлттымызға жат киімдер иеленді. Қазір жас қыздардың басына қара және ақ түстегі орамалды жиі көріп жүрміз. Негізінде, салтымызда қыздар анасына көмектесу үшін үй шаруасына араласқан сәтте қызыл, сары, жасыл секілді жарқын түсті бір байлам шыт орамал ораған. Өйткені ақ орамал — балалы болған аналар орайтын орамал болған, — деді этнограф Ералы Оспанов.

Ал этнодизайнер Тілек Сұлтан қазақ қыздарының жасына қарай киім кию үлгісі жайында айтып берді.

— Қазақ халқының ең ардақтысы да, байлығы да әйелдері болған. Ер адамның бар байлығы — жүйрік аты мен беліндегі белдігі. Қыз бала шыт етіп өмір есігін ашқаннан, қартайып, өмірден озғанға дейін киім-кешектерін алтын, күміс, асыл тастармен ешекейлеп, қаптірлеген. Қыздар 5-6 жасқа дейін үл баламен бірдей ойнап, өседі. Одан кейін тазалыққа бет бұрып, қызға тән қасиеттер қалыптаса бастағанда анасы манайындағы абысындарына шақырып, шағын той жасап, қыздың шашын өріп, алғашқы үкілі тақиясын, үстіне кестеленген қызыл комзол кигізген. Қазір кейбір адамдардың діни көзқарасына байланысты 6-7 жастағы қыздарына орамал орағаны жиі кездеседі. Негізінде, ата-салтымызда кішкентай қызды мұн­шалық еркінен тыс күйде орандырып қоймаған. Ежелден қазақ қызын қатты еркелетіп, құрметтеген. Бар жақсысын кигізіп, бар асылды қызға лайық көрген. Әке үйінен ұзатылып кеткенше қыздың басынан үкілі тақиясы түспеген. Бүгінде қазақтың қай ұлттық киімін алып қара-

ғаны да, шарифатқа қайшы келмейді, — дейді этнодизайнер.

Симпозиум барысында Т.Сұлтан әр өңірдің, әр рудын қимешек үлгісін көрсетіп, осыған қарап әйелдердің жасы, тұрмыстағы жағдайы жөнінде баяндап берді. Осылайша, басқосуға жиналған ақ­жаулықты аналар, студент жастар, тігін­шілер, зиялы қауым өкілдері ұлттық киім­ді насихаттаушылардан құнды мағлұматтар алып, ұлттық киімнің сырына қанықты.

Бірлігі бекем, ынтымағы ырысты Шымқала тұрғындары бейбітшіліктің бесігі болған Қазақстанымыздың қуатын арттыруға, рухани кемелденуіне осылайша үлес қоса бермек.

Назгүл НАЗАРБЕК,  
Шымкент қаласы



## ӨРКЕНИЕТ ӨРІСІНДЕГІ ОТАНДЫҚ ҒЫЛЫМ



**Алматыда Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының вице-президенті, академик Еренғайып Омаровтың 75 жылдық мерейтойына орай «Қазақстан ғылымының өркениет өрісіндегі дамуы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.**

Алқала жиынның тізгінін Ұлттық ғылым академиясының академигі, ҚазҰЖҒА вице-президенті, филология ғылымдарының докторы, профессор Кәрімбек Құрманалиев ұстады. Шарада Президент кеңесшісі Ерлан Кариннің, Президенттің Ішкі саясат мәселелері және коммуникациялар жөніндегі көмекшісі Руслан Желдібайдың құттықтау хаттарын Кәрімбек Арыстанбекұлы және Жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің арнайы құттықтауын Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры Зиябек Кабылдинов табыстады. Әр ұлттың өзіне тән төл мәдениетін сақтау мен дамыту, сондай-ақ әлемдік өркениеттердің ғаламдық диалогінің аспектілері қарастырылған жиында алыс-жақын шетелдік және қазақстандық көрнекті ғалымдар бас қосты. Атап айтқанда, конференцияға Франция, Ұлыбритания, Қытай, Жапония, Ресей, Қырғызстан және қазақстандық белгілі ғалымдар қатысты. Олар өз кезегінде Еренғайып Омаровтың еңбектері мен шығармашы-

лығы турасында әңгіме өрбтті. Сонымен қатар тарих қойнауында әлі күнге дейін ашылмаған тың деректермен бөлісіп, арнайы баяндама жасады.

Конференция асында Еренғайып Омаров өзінің кітаптарын Ұлттық кітапхана қорына сыйға тартты. Одан өзге Ұлттық кітапхана қорынан ғалымның өмірі мен шығармашылығына арналған кітап көрмесі ұйымдастырылды. Конференция барысында тарих ғылымдарының кандидаты, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері Жанымхан Ошан ағамызды сұхбатымызға тартқан едік. Ол өтіп жатқан жиынның ұрақтар сабақтастығымен байланысы жайлы атап өтіп, қазақ өркениетіне қатысты бірқатар мәселенің бетін қаулады.

— Қазақстан өз егемендігін алғаннан бері тарихта сан ғасырлар бойы күнгірт қалған тұстарымыз ашылып жатыр. Қазақ тарихы деген — үлкен тақырып. Еліміздің неше мыңжылдық тарихы бар деп алатын болсақ, соның ішінде неше мың түрлі проблема жатыр. Соның бірі — қазақ өркениеті. Адамзаттың жалпы өркениетінде көшпенділер өркениеті, соның ішінде қазақ өркениеті деген мәселе егемендік алғанға дейін дәріптелмеген. Бұл тақырыпта ешкім зерттемеді, жазбады. Біз көп жылдар бойы мемлекеттігімізден айрылдык. Сол себепті қазақтарға байланысты түрлі пікір айтылды. Батыстық ғалымдар

қазақтарда өркениет болған жоқ, олар сай-сайды, шөбі шүйгін даланы кезіп жүрген кезбе халық болды деген сипаттама берді. Бұл әрине, қате пікір. Қазақта мемлекет болды. Империялардың ең үлкені біздің ұлы даламызда құрылды. Ал Қазақ хандығы тұсында өркениет жоқ деп айта аласыз ба? Қазақ хандығында әлемі калалар, әскери жүйе, елдің өз территориясы болды. Алыс-жақын елдермен дипломатиялық байланыс орнатты. Саудамен айналысты. Мұның бәрі — өркениет. Еренғайып ағамыз осы тұрғыдан қазақ өркениетінің мән-мағынасын ашып көрсеткен бірінші ғалым. Сондықтан, Еренғайып ағамыз бұл салада еткен еңбегі ұшан-теңіз деп айтуға болады. Ол біздің жоғымызды жоқтады, түгендеп берді және бүкіл әлемге жария етті, — деді ол.

Конференцияда Кеңес одағы тұсында қазақ ғылымының дамуы сөз болды. Әсіресе, Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, философия ғылымдарының докторы, профессор Раушанбек Әбсаттаров ағамыз келтірген деректері қазақ тілімізден жастардың аз болмағандығын айғақтайды. Жанымхан ағадан осы мәселеге қатысты пікірін сұрадық:

— Раушанбек ағамыз Кеңес одағы құрылғанға дейін Қазақстанда жоғары білімі бар 22 адам ғана болды деген деректерді біріміз «тотықұс» сияқты қайталадық, барлық ғалымдар жаздық деп айтты ғой. Раушанбек ағамыз сөзінше, бұл — Кеңес одағының пропагандаласы. Шын мәнінде, одан бұрын Ресейді қоспағанда Еуропа елдерінде, Түркия мен Мысырда 70 студент білім алған. Бұл 22 ғана қазақ оқыған деген ақпаратты жоққа шығарады. Қазақ тарихының ашылмаған сырлары өте көп, — дейді Ж.Ошан.

Академик Еренғайып Сәліпұлы — «Қазақ өркениеті» концепциясын ұсынған ғалым. Ол қазақта көшпенділікпен қатар, өзіндік өркениет болғанын, ертедегі қазақтардың кеме жасағанын ғылыми тұрғыдан дәйектеді. Қазақ өркениетінің көшпенділік, қалалық, өзендік, әскери, егіншілік, дала өркениеттері болып бөлінетіні туралы ғылыми тұжырымдарын «Қазақ өркениетінің негізі», «Аттила. Өркениеттің рөлі», «Қазақ өркениетінің қысқаша тарихы», The Kazakh Civilization and History, «Портреттер: Геродоттан Гумбольдтқа дейін сырттай көзқарас» сынды монографиялық еңбектерінде жариялаған. Ғалымның бастамасымен Қайнар университетінің жанынан ашылған «Қазақ өркениеті мен тарихы» институты 1997 жылдан бері жұмыс істеп келеді.

## ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЛАРЫНЫҢ ФЕСТИВАЛІ ӨТТІ



**Таяуда Алматыда Мемлекеттік қуыршақ театрының ұйымдастыруымен жүзеге асқан I Халықаралық Almaty Puppet Festival қуыршақ театрлар фестивалі мәресіне жетті. Аталмыш фестиваль Алматы қаласы Мәдениет басқармасының қолдауымен биыл алғаш рет өткізіліп отыр.**

Руханият өкілдерінің басын қосқан шараның басты мақсаты — қуыршақ театры өнерінің көркемдік-эстетикалық ізденісі арқылы театр жанрының көкжиегін кеңейту, халықаралық шығармашылық қатынасты нығайту, көрерменді қуыршақ театры әлемінің заманауи шығармашылығымен таныстыру. Халықаралық деңгейде өткен фестивальде Польша, Грузия, Болгария, Түркия, Өзбекстан, Қазақстан мемлекеттерінің 14 үздік театр ұжымы мен 150-ге жуық қуыршақ шебері көпшілікке өнерін паш етті. Одан өзге фестиваль аясында қойылымдар көрсетілімінен тыс шараға қатысушылардың арасында театр саласындағы мамандардың кәсіби деңгейін арттыру мақсатында «Қуыршақ театры суретші көзімен», «Грим және театр», «Қуыршақ театрындағы режиссерлік ізденістер», «Пантомима және қуыршақ: органикалық байланыс» тақырыбында шеберлік сағаттар мен дәрістер өтті. Ұйымдастырушылардың сөзінше, әлемдік және отандық қуыршақ театрының даму тенденцияларын, жанашыл бағыттары мен заманауи ерекшеліктерін айқындайтын қойылымдар ұсыну арқылы қала тұрғындары мен қонақтарының рухани құндылықтарын арттыру маңызды. Мұндай ауқымды жиындарды жиі өткізу — Алматы қаласының халықаралық деңгейдегі имиджінің он қалыптасуына ықпал етеді.

Мемлекеттік қуыршақ театры директорының даму жөніндегі орынбасары, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Бақыт Тушаев қуыршақ театрлар фестивалі енді әрмен қарай жыл сайын жалғасын табатынын атап өтті:

— Алматыда алғаш рет Халықаралық қуыршақ фестивалі ұйымдастырылып отыр. Фестиваль еліміздің айтұлы мерекесі — Республика күніне арналады. Біз әлемнің түкпір-түкпірінен жүлделі орындармен қайтып жатырмыз. Әрине, бізде де осындай шаралардың ұйымдастырылғаны дұрыс. Бұл тек алғашқы бастамасы ғана. Халықаралық деңгейдегі фестивальді өткізудегі мақсатымыз — қуыршақ жанрындағы театрлардың басын қосып, бір-бірімен тәжірибе ал-

масуына мүмкіндік беру, қуыршақ театры өртістерінің сахнада ойнау шеберлігі, заманауи қуыршақтардың жасалуы, қазіргі қуыршақ театрларының қай бағытта дамып жатқанын сараптан өткізу. Мәдениеттің ошағы — Алматы қаласында мұндай шараның өткізілуі заңдылық деп ойлаймын. Ал фестивальде ұсынылатын қойылымдар арнайы көркемдік кеңестен өткізілді. Бізде көбіне балалар тақырыбында, сондай-ақ ересектерге арналған қойылымдар бар. Өкінішке қарай, қазір драматургтер жасөспірімдер тақырыбында жаза бермейді. Сондықтан мұндай спектакльдер театрларда көптеп қойылмайды. Фестивальге әртүрлі жас шамасына арналған түрлі форматтағы қойылым келді. Өзге ел театрларының қойылымын қарасаңыз, қуыршақпен адамды ойлаңдарып тастайды. Философиялық шешімдерге толы үлкен дүниелерді ұсынып жатады. Сондықтан біз фестиваль көрсетілетін қойылымдарды іріктеу кезінде ойымыздағы мүддені шығатын дүниелерді қабылдауға тырыстық, — дейді театр директорының орынбасары Б.Тушаев.

Фестиваль қорытындысы бойынша Батуми Мемлекеттік кәсіби қуыршақ және Жас көрермендер театры «Үздік спектакль» аталымы бойынша Гран-при иегері атанса, «Үздік режиссер» аталымымен Ақтөбе облыстық «Алақай» қуыршақ театры, «Үздік ансамбль» аталымы бойынша Өзбекстан Республикасы, Ферғана облыстық қуыршақ театры, «Үздік суретші» аталымымен С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театрының қуыршақ труппасы, «Жаңашыл көзқарас» аталымында С.Кожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық-драма театрының қуыршақ труппасы, сондай-ақ «Қуыршақ театрының ұлттық драматургиясын дамытуға қосқан үлесі үшін» аталымымен Надежда Насырова марапатталды. Женімпаздарға арнайы қаржылай сыйақы табысталды.

Алматы қаласының Мемлекеттік қуыршақ театры — тамырлы тарихы 1935 жылдан бастау алған Республика тарихындағы тұңғыш қуыршақ театры. Бүгінде өнер ордасы таяқ қуыршақтан бастап, заман ағымына сай күрделі марионеткалар, соңғы үлгідегі техникалық-лазерлі көркемдеулермен жабықталған. 88 жылдық тарихы бар өнер ордасы әр жыл сайын көрермен талғамы мен қызығушылығына сай қойылымдар арқылы арнасын толықтырып, жанаша тың жобаларды іске асыруды мақсат тұтады.

## ЖАС РЕЖИССЕРДІҢ ҚОЙЫЛЫМДАРЫ САХНАЛАНАДЫ



**Алматыдағы Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры биыл кезекті ауқымды шараны көрермен назарына ұсынбақ. Театр әлеміндегі жас режиссерлердің жетістіктерін насихаттап, олардың кәсіби әлеуетін арттыру мақсатында I Республикалық жастар театрлары фестивалі ұйымдастырылып отыр.**

Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен өткізілетін фестивальде отандық 8 режиссердің туындылары таныстырылады. Атап айтқанда, Гүлназ Балпейісова, Мейрам Хабибуллин, Антон Зайцев, Әлібек Өмірбекұлы, Шағуан Үмбетқалиев, Анна Цой, Әридаш Оспанбаева және Шыңғыс Жақыпбай сынды 35 жасқа дейінгі режиссерлердің тандаулы қойылымдары сахналанады.

«Фестиваль арқылы тағы бір көзде-геніміз — қазақстандық режиссерлердің

кәсіби шеберліктерін шындау, шығармашылық тәжірибе алмасу», — дейді шара ұйымдастырушылары.

Сонымен қатар жастар театрлары фестивалінде Астана қаласы әкімдігінің Жастар театры, Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры, Сәкен Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық драма театры және т.б. ұжым өкілдері үздік қойылымдарын ұсынады. Республикалық ауқымда ұйымдастырылған шара аясында театр өнеріне зор еңбегі сіңген қайраткерлер Нұрқанат Жақыпбай, Есмұқан Обаев, Талғат Теменов, Әубәкір Рахимов, Қуандық Қасымов, Гүлсина Мирғалиева, Мұрат Ахманов және т.б. мәдениет саласының майталмандары бой көрсетеді. Ұлттық және әлемдік мәдениеттің құндылықтарын үйлестіре отырып, ұйымдастырылған I Республикалық жастар театрлары фестивалінің ресми ашылу салтанаты I қараша күні сағат 17:00-де өтеді. Шара барысында елімізде үздік деп танылған

қойылым режиссерлері марапатталады.

Айта кетейік, фестиваль аясында өтетін қойылымдар Алматы қаласындағы үш театр сахнасында ұсынылады. Нақтылайық, I қараша сағат 17:00-де фестивальден тыс «Құлагер» қойылымы Ф.Мүсірепов театрында, 2 қараша күні 15:00-де «Я есть», «Тотальный театр» 18:30-да «Қарағөз» трагедиясы Ф.Мүсірепов театрында, 3 қараша 11:00-де «Шырақ» лирикалық драмасы Ф.Мүсірепов театрында, 18:30-да «Кассандра танбасы» М.Әуезов театрында көрерменмен қайта қауышсады. Ал 4 қараша 15:00-де «Ричард III» трагедиясы Ф.Мүсірепов театрында, 18:30-да «Қыз жібек» М.Әуезов театрында, 5 қараша 11:00-де «Қобыланды», 18:30-да «Алғашқы ұстаз» қойылымы Ф.Мүсірепов театрында сахналанады. 6 қараша күні фестивальдің жабылу салтанаты өтеді. Театр сүйер қауым үшін фестиваль — еліміздің әр аймағынан келетін өнер ұжымының үздік қойылымдарын тамашалауға таптырмас мүмкіндік.

### Объявление о результатах повторного открытого тендера по закупке товаров «Компьютеры и орг. техника»

ТОО «Азиатский Газопровод», признает повторный открытый тендер по закупке товаров «Компьютеры и орг. техника» - несостоявшимся. Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: +7 (727) 393-02-04.

«Компьютерлер және орг. техника» тауарларын сатып алу бойынша қайта ашық тендердің нәтижелері туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Компьютерлер және орг. техника» тауарларын қайта сатып алу бойынша ашық тендер өткізілімді деп танылды. Қосымша ақпарат пен анықтаманы +7 (727) 393-02-04 телефоны арқылы алуға болады.

# РУХЫ МЫҚТЫ АЗАМАТ

...Кош, сонымен 1968 жылдың қоңыр күзінде ару қала, арман қала Алматыдағы С.Киров атындағы Қазақ ұлттық мемлекеттік университетінің Журналистика факультетіне 52 жігіт пен қыз оқуға түстік. Кен-байтақ еліміздің түкпір-түкпірінен келген кілең ақын, жазушылардың кепіні тау қопарлық. Шелек ауданының Қазақстан кеңсәріне жүзім теруе барған кезде бір-бірімізбен жақын таныстық. Кешкі тамағымызды ішкен соң кең клубтың ішінде өлеңдерін оқиды, кейбірі әңгімелерін талқыға салады. Соның бірі — Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданынан келген Көпен Әмірбек.

Көпенмен абитуриент кезінде М.Горький атындағы саябақта кездесіп, танысқанбыз. Ол да ҚазМУ-дің Журналистика факультетіне оқуға түсуге келіпті. Қуанып кеттім. Осынау көк көз, шымыр жігіттің ауылда жүргенде көркемөнерпаздар үйімесіне қатысып, өзі шығарған сықақ өлеңдерін оқытынын, жоғары сыныпта күреспен шұғылданғанын білгенімде ұната түстім.

Оқу басталды. Мен жатақанаға орналастым. Көпен де көрші бөлмеде. Ол кезде университеттің бірінші курсына оқуға қабылданғандар қажетті түрде спорт секциясына жазылуы керек болатын.



Көпен, мен ауыр атлетика секциясына жазылдық. Жаттықтырушымыз — В.Ким деген кәріс жігіті. Ақ тер, көк тер болып штанга көтеріп жатқанымызда қасымызға Көпен келді. Ол еркін күрес үйімесіне жазылыпты. Жоғарыда айтқанымадай, күреспен мектепте жүргенде жаттыққан Көпен бозкілемде қарсыластарының аяғын көктен келтіріп, Алматыдағы жоғары оқу орындарының жастары арасындағы жарыста жүзде тере бастапты.

Бірде университеттің аумағында ат шаптырып, спорт залында қала жастары арасында біріншілік өтті. Финалға шыққандар спорт шеберлігіне үміткер атанбақ. Тайлы-тұяғымызбен Көпеннің сайысын көруге бардық. Еркін күрестің тәсілдерін еркін менгеріп алған курстасымыз финалға дейін еркін жетті. Финалдағы қарсыласы — Механика-математика факультетінің соңғы курс студенті, спорт шебері Сайлау деген жігіт. Ақтық сында Көпен ұпай санымен ұтылды. Оқу бітірген кезде Көпен спорт шебері нормасын орындады. Оны біреу білер, біреу бімес.

«Сегіз қырлы, бір сырлы» деген сөз Көпен сияқты азаматтарға арналған ба деген ойға келем кей кезде. Студент кездің өзінде Көпеннің сықақ өлеңдері газет-журналдарға шыға бастады. Университеттің «Қызғалдақтар» ансамблінің белді мүшесі болды. Өз өлеңдерін оқумен бірге концертті шеберлікпен жүргізетін. Оның тапқыр сөздері көпшіліктің көңілінен шығып жататын. Бірде Масанчи көшесіндегі университеттің акт залында факультет өнерпаздарының қорытынды концерті болды. Оны да Көпен Әмірбек жүргізді. Журналистика факультеті атынан талантты күйші, ақын Тілеумұрат Қожабеков сахна төріне көтерілді. Сол мезетте Көпен микрофонды ала салып, ойындайтын Тілеумұрат күйі Төрмұрат, орындайтын Тілеумұрат» деп сарт еткізді. Жиналғандар ду қол соқты. Бұл да Көпеннің қиыннан қиыстырған тапқырлығы еді.

Университетті бітірген соң Көпен азаматтық борышын өтеуге аттанды. Елге оралған соң мерзімдік баспасөздерде қызмет етті. «Егемен Қазақстан» газетінің Шерхан Мұртаза ашып берген фельетон бөлімін басқарды. «Ара» журналының Бас редакторы қызметінде жүргенде ол бармаған облыс, аудан қалмаған шығар. «Көпен келе жатыр» дегенді естігенде аудан басшылары сасқалақтап, кем-кеткістерін жабуға тырысатын. «Ара» журналында Көпен жазған сын макалалардан соң талай басшының қызметінде айырылғаны шындық. Қоғамдағы келеңсіздіктерге Көпеннің жаны қас болатын, оны батыл жазды. Кейін «Шалқар» радиосының бас редакторы болды. Көпеннің «Аты жоқ кітап», «Тілім қышып баралды», «Қысыр әңгіме», «Ауызбастырық», «Неменеге жетісіп күлесің», «Көкемнің көзі», «Батпан құйрық», басқа да жиырмалан астам кітабы — қалың қауым қызыға оқитын шығармалар.

Көпенді шығысқазақстандықтар да ерекше құрмет тұтатын. 2000 жылы ол іссапармен Өскеменге келді. Мектеп оқушыларымен кездесті. Өскемендіктер Көпенді көшеде келе жатқанда көре қалса амандасып, ілтипатын білдіріп жататын. Сол жолы Өскемендегі мәдениет үйінде курстасым қала тұрғындарымен кездесу өткізді. Ертеңінде Зайсанға шығарып салдым.

Бердібек Сапарбаев облысты басқарып тұрған кезде де Көпен Өскеменге ат ізін жиі салып тұрды. Қала әкімі Ислам Әбішев те Көпеннің талантына бас иетін, ағам деп сыйлайтын. Көпеннің Өскемен қаласының күніне қатысып, оқырмандардың сауалына жауап қайтарғаны есімде қалыпты.

2020 жылдың ақпан айында Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің бірнеше жыл іскерлікпен басқарған, техника ғылымдарының докторы, профессор, марқұм Әшімжан Ахметовтің құрметіне аудитория ашылу салтанаты өтті. Оған профессордың бірге оқыған досы, қазақтың танымал сықақшы жазушысы Көпен Әмірбек, жұбайы Дина, курстастары Ғалия Омарханова, осы жолдардың авторы, қаланың зиялы азаматтары, студенттер қатысты. Кешті ұйымдастыруға мұрындық болған университет ректоры, ғылым докторы, профессор

Төлеген Әділбекұлы келген қонақтарға сөз берді. Көпен небәрі 63 жасында өмірден озған досы Әшімжан Ахметовтің қазақ елінің біліміне өлшеусіз үлес қосқанын атап өтіп, болашақ ұрпаққа үлгі-өнеге көрсетіп отырған университет ректоры Мұхтар Әділбекұлына алғысын айтты. Сол жолы университет ректоры Көпенді келе жатқан 70-ке толатын мерейтойымен құттықтап, иығына шапан жауып, құрмет көрсетті.

Көпеннің атағынан ат үркетін. Ол Мәскеу мен Ташкентте өткен Бүкілодақтық жас сатириктер байқауының жүлдегері атанды. «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», бұқаралық ақпарат саласындағы Қазақстан Республикасы Президенті сыйлығының екі мәрте, «Парасат» орденінің иегері, Оңтүстік Қазақстан облысы және кіндік қаны тамған Отырар ауданының құрметті азаматы. Ең бастысы, халқы Көпеннің талантына бас иді. «Көпен келе жатыр» деген теңеуді телді. Қайтыс боларынан бір жыл бұрын Көпен «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» жобасы аясында жеті том болатын «Көпен келе жатыр» атты түрлі түсті фотоальбом кітабын шығарып үлгерді. Көпеннің бала кездегі, есейген шақтағы, шығармашылық жетістіктері, достары, кіндік қаны тамған өңірдегі



## КӨПЕННІҢ КӨШІРМЕСІ

Көпен Оспанханнан кейінгі өте талантты сатирик болды. Ол — сатираны биік деңгейге көтерген адам. Өзі өмірден 70-тен аса кетті ғой. Жалпы, ол жас та және қартайып та кеткен жоқ. Ақыл бітіп, таланты қанат жайғанда ғайыптан кетіп қалғаны бүкіл қазаққа қайғы болды. Себебі оның бергенінен берері көп еді.

Шығармашылықтың адамы болумен қатар, ол айналасына көп дос топтастыра білді және соларға адал бола білді. Біз соңғы кезде қатты араластық, сырластық. Шымкентке келген сайын маған сокпай кетпейтін. Негізі, көктем кезінде Көпен саяжайыма келіп кетті. Сонда көк аспан көрінбей, самсап тұрған жүзімнің үлкен бауын көріп, «Жүзім піскенде бір келемін» деген еді. Зейнеттегі жанкын, уақытым бар. Саяжайымда қияр, қызанақ, бұрыш отырғызып, кішкентай бау-бақша ұстайтыным бар. Көпен сол бауды аралап жүріп: «Ханбибі, сенің поэзияңда арам шөп жоқ, бақшаңда да арам шөп жоқ екен. Ақын деген барлық жақтан талантты

достың жөні бөлек екен. Туысыңа сырларынды айтпайсың, олардың көмегі де тимейді. Сонда кез келген жағдайда Көпенге арқа сүйеуге болатын еді. Достыққа адал болды. Менің Алматыда, Астанада, тіпті Атырауда өткен кешімді жүргізіп берген. Сонда Көпен: «Сен өте таланттысың, бірақ соны бағаламайсың», — деп мен туралы «Аспандағы ақ мұз» деген үлкен көлемде мақала жазған. Артынан сол мақаланы кітапқа қосарда: «Көпен үшін аспанда болсам, сол аспанды маған қимайтындар да бар ғой», — деп атын өзгертіп жібердім. Кейін Көпен: «Сен менің авторлық құқығым қол сұғып, бұздың, мен оған қарсымын. Аспандағы жұлдыз екенің рас, оны көріп тұрмын. Айтқанымнан қайтпаймын», — деп бұл мақаланы өз кітабына ескі атауымен шығарды. Мені аспандатқан, талантымды көре білген, соны мойындай білген дос еді. Қазір оның орны оқырайып тұр. Ақын жаны нәзік қой. Көпен дүниеден өткенде еңсемді мұң басты. Одан арыла алмайтын



болуы керек қой. Сенің талантыңа тәнтімін. Сен қандай да бір істі қолыңа алсаң, соның өзі жолын тауып кете береді екен. Саған ризамын», — деп ризалығын білдіріп еді. Сондағысы Көпен бәрине көңіл бөлетіні ғой.

Сөйтіп, соңғы рет өткен жылдың тамыз айының соңында жүзім енді-енді пісіп жатқанда келіншегі Әйгерім мен баласы Жұбанышпен келіп еді. Сол кезде сақал-шашы аппақ қудай болып ағарып кетіпті. «Сен өзіңді күтсеңші! Өзіңе керек болмаса да, елге керек адамсың ғой. Барған соң ауруханаға жат, қарал, емдел!» — дегеніме: «Айналайын-ай, болды, барған соң жатамын», — деді. Сол тамыздың аяғы мен қыркүйектің басында Астанаға кетті. Артынан «ауруханаға жаттым», — деп хабарласып, «анализін алды, жаман аурудан аман екенмін», — деп мені жұбатып қойды. Ол еш уақытта пессимистікке салынбады. Телефонмен сағаттап сөйлесетінбіз. Сонда ылғи көңілді, күлкілі әңгімелерін айта-тын.

Қараша айында Көпеннен айырылып қалдық. Бұл хабарды естігенімде жолда едім. Сасқанып: «Өй, оңбаған, маған айтпады ғой», — дей беріпін. Сонда рөлде отырған қызым: «Мама, сен қызықсың, саған не деп айтады? Өлейін деп жатырмын дей ме?» — деп ұрсып салған соң есімді жидым. Күтпеген жерден екі айдың ішінде кетті де қалды. Көңілім түсіп, еңсем басылып қалды. Оның артында Мархабат Байғұт та кетіп қалды. Екеуі 70 жылдығыма екі қанатым болып кешімді жүргізіп еді. Енді екеуі де жоқ, орны үнірейіп тұр. Сол мерейтойымда төрелердің төбедейі болып отырған Айталы ағамыз да өмірден өтті. Қосан деген атыраулық бауырым да 70-ке жетпей көз жұмды. Бала кезден досым Әсемхан кетіп қалды. Сонымен, күйзеліске түспеуге амалым қалмады. Түсінетін достарымның бәрі өмірден кетіп қалғанда еңсемді көтере алмай қалдым.

Жалпы, ақын да ағайын-туысканы өмірден өткенде өкінеді, жылайды. Бірақ орны бөлек

“

**Қазақта «басыңнан өтпегеннің қасынан өтпе» деген сөз бар. Сондықтан оның жағдайына түсіністікпен қарадым. Себебі өмір деген — бас-аяғы жоқ философия. Оның үстіне, ондай жағдай менің де басымнан өтті.**

шығармын, енді мен де кететін шығармын деп ойлады. Жоқ, Алла Тағала өмірдіміңді әлі жалғап жатыр.

Көпенді киелі, арқасы бар адам дер едім. Себебі ол — адамды тани білді және осы мәселеде қателеспеген жан. Екінші рет отбасын құрғанда ел ауызында түрлі әңгіме жүрді. Қазақта «басыңнан өтпегеннің қасынан өтпе» деген сөз бар. Сондықтан оның жағдайына түсіністікпен қарадым. Себебі өмір деген — бас-аяғы жоқ философия. Оның үстіне, ондай жағдай менің де басымнан өтті. Әлі күнге дейін Әйгеріммен сөйлесіп тұрамын. Жұбаныштың әрбір қимылы, істеген әрекетін айтып, кейде күлеміз. Сондай кезде «Көпен өлмейті ғой. Көпеннің қасында оның жолын жалғайтын кішкентай періште бар екен ғой. Осы періштенің өмірін ұзақ қылсын!» — деп жаным жамау болатын сезім келеді басыма. Кішкентай болса да, сол Көпеннің көшірмесі. Сол Көпеннің көшірмесі аман болсын!

Ханбибі ЕСЕНҚАРАҚЫЗЫ

Оңдасын ЕЛУБАЙ

# ДАРЫНЫ МОЛ ДАРА ТҰЛҒА



«Көпен көптің адамы» деген сөз малкаға айналып кетті. Бұл Көпекеннің өзі жүрген ортасында беделінің зор екенін айқындайды. Айналасын думанға бөлеп, әзілімен, тапқыр сөзімен жұрттың бәрін үйіріп әкететін қасиеті калайда ерекше еді. Мұндай дара қасиет енді біреуге қонар, мүмкін қонар. Меніңше, Көпендей адам енді бұл ғасырда бола қоймас.

Көпен менімен курстас. Курстастардың ішінде екеуіміздің сатирадан бір терінің пұшағын илеп, екеуімізге диплом жеткізіміз Т.Қожакеев бір болған соң ба, басқалардан бір-бірімізге жақынырақ болдық. Екеуіміз ілкіде бір кездесе қалсақ, айтар сөз таусылмайтын. Көпекен, әрине, айтқыш, мен — тыңдағыш. Құдай-ау білмейтіні жоқ. Неше жылғы оқиғаны дәл кешегі сияқты майын тамызып жеткізеді ғой. Тақырып деген сан алуан. Бірінен өтсең екіншісі дайын. Ең соңғы түйіндерінде маған қоғамның ылғи бір сұрағы бар: — Ана летчиғін стюардессамен туу аспаңа ұшып кеткенде қызғандың ғой? — Ойбай, несіне қызғанам. Ұшса ұша берсін, стюардесса қыздармен кетсе кете берсін!

— Міне, сөйт! Сенікі дұрыс! Еркегіңді қызғанба. Ұшса ұшад, қонар қонад! Бәрібір сені табай! Оған менен сөлем айт! Үнемі сөзіміз осымен бітеді.

Арамызда Серік Жолдыбай деген курстасымыз «Журналист — 73» атты чат ашып, барлық курстас осы чатты күнде кіріп шығатын өз үйіміздей етіп алдық. Жігіттердің де, қыздардың да көңіл сарайлары ашылып, баяғы 50 жыл бұрынғыны қозғап, «Өй, олай емес еді ғой, былай еді ғой» деп қызыл кенірдек болып, айтысып қалатын шақтар да болды. Айтпайтын сөзіміз жоқ. Көпекен осы чатта бәрімізге төрелік айтып отыратын. Көпеннің сөзінен кейін жым болып тоқтаймыз.

Көпен чатқа бір-екі күн шықпай қалса, іздеу басталады. Сөйтіп жүріп, курстас Клара Кабылғазина бір күні өзінің 70 жылдық мерейтойы болатынын, соған түгел Алматыда бас қосу керегін хабарлады. «Клараға не сыйлық әзірлейміз? Мүмкін, естелік кітап шығарармыз» деп чат сыртынан өзімізше сыбырласа бастаған едік. Әлемді жайлаған «Ковид» біздің елге жетіп келмесі бар ма?! Үйден аттап сыртқа бір қадам шықпайтын кез басталды да кетті. Айналып кетейін Клара осы кезде жол тапты.

«Курстастар, мен туралы кітапты қоя тұрындар. Одан да бәріміз бірігіп курстастар туралы кітап шығарайық. Бір-біріміз туралы естеліктерімізді осы кітапқа жазайық. Ескерткіш болып қалады», — деп идея тастады. Бұл орынды идеяны құп алып, Көпен — редактор, мен құрастырушы боп, «Дариға-ай, қайда сол жылдар» атты 1968—1973 жылдары бітірген курстар жайлы кітап «ковидтің» қызып тұрған шағында дүниеге келді. Осы кітаптың шығуына баспахана тауып, оның шығынын арзандату жұмысында Көпен зыр жүгіргені есімде. Кітап шыққан соң оны Астанаға жеткізуін, әрқайсысымызға таратуын да Көпекен өз мойнымен көтерді.

«Дариға-ай, қайда сол жылдар» атты естелік кітапта мен «Көпен — көптің адамы» деп Көпекен жайлы пікір жаздым. Көпекен менің риясыз таза көңілмен жазғанымна риза боп қалды. «Бірақ мен үшін мемлекеттік сыйлық сұраған өлеңнің алып тастайықшы», — деп өтінді.

Мен:  
— Жок, алмаймын! Сатира жанрынан ешкім Мемлекеттік сыйлықты алған емес, менің бұл саған тілеп жүрген нөмірі бірінші тілегім ғой. Өлең қалсын. Жоғарыда биліктерде отырғандарға тым болмаса үнім жетсін! Біреуі оқып, саған Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығы бұйырып қалар. Неге сен Мемлекеттік сыйлықтан үміттенбейсің? — деп алдырмадым. Сол өлең мынау еді.

Бұл өлең менің «Қараша қаздың қаңқылы» атты өлеңдер жинағымның арасында бар-тын..

**Бағаланар ма сатира?**  
Орыстар жиі жылап, жиі күлсін,  
Бір-бірін сүйер болса суюі шын.

*Бағалап сатирасын сары алтындай  
Өледі Петровы мен Ильиғи үшін.*

*Түріктің Әзиз бей Несинін айт,  
Танылған жарты әлемге есімін айт.  
«Әз Әзиз падишасы әзілдің» деп  
Тербеткен туған елі бесігін айт.*

*Көпен Бей емес еді осал адам,  
Күлдіден езу шіркін босамаған.  
Садағы бар тілінің, оғы бар деп  
Көпенге бір мәртебе жасамаған.*

*Талай жын жым болып ед «Арадағы»,  
Талай сұм құм болып ед даладағы.  
Ым мен жым, ку менен сұм бірігіп ап,  
Көпенге оң көзбенен қарамады.*

*Курстас, қайран менің Көпенім-ай,  
Қыртысты тегістептін өтегім-ай,  
Несиннен нең кем еді, бағаласа  
Мемлекеттік сыйлыққа көтеріп-ай?!*



— Сенсің бе, Көпен, расында, Қып-қызыл қыздар қасында. Дәл осындай «Жайдарман», Болмады-ау, шіркін жасыңда. Жүре бер жүрік Көпен-ай, Емессің бізге бөтен-ай, Қыздардан қызып қуат ал, Бұл уақыт та өтеді-ай. Курстастар отыр қызығып, Тұрғанда қыздар тізіліп. Қызыл гүлдей қыздарға Ойлары тұр-ау бұзылып?.. — деп.

Мақсатым, сатирикті өзімнен қажау, сөйлету ғой. Оған қысылар Көпекен бар ма, лезде олда менің уатсабыма: «Өрімтал-ау, (Мені Өрімтал дейтін) өлеңің тамаша екен. «Жайдарманнан» жана шықтым. Алғашқы өлеңіңнің шумағына мына сөзді тіркеп жіберші:

— Жетпіске келген шағыңда,  
Жетеңде тұрар жүз үміт,  
Баяғыдай қарайсың,  
Бір тамшыдай үзіліп.  
Жанардағы сөзіңді  
Тұрады іштей қыз ұғып.  
Қалқатаймен қостасың,

*Қайтасың үйге сызылып,  
Таңда тарқар сәт қайда,  
Жатасың-ау кізжініп!..* — депті менің айта алмағанымды аузыма салып. Бұған не дерсің? Сонда Көпекеннің «Жайдарманның» қыздарымен бірге болып, үйге қайтайын деп тұрған уақыты түнгі сағат 24-тің шамасы. «Түнгі 24- ті азынып, таңға дейін болмадым-ау» деген өкінішін білдіргеніне ал күлейін кеп. Міне, біздің Көпекеннің әзіл-сықақ отауларымен араласы, жұмысы.

Өстіп жарқырап, жайнап жүрген Көпекен бұл дүниеден лезде өтіп кетер деп кім ойлаған? Енді Көпекен туралы естелік жазуға қолға ұстаған қаламым да жүрмей отыр.

Ол білдіртпеді, бірақ қатты ауырды. Ішінде бір науқас барын сезді. Бірақ онысын ешкімге сездірмеді, байқатпады. Тек соңғы үш ай мерзімінде үйінен шықпай қалғанда «Көпекен, бүйпейтін елі ғой, не болды?» деп курстас қыз-жігіттер сырттай әлдебір неден сезіктендік. Сол сезгімізді және бір-бірімізден жасырып әуре болдық. Көпеннің өзі де қоңыр даусымен әрқайсысымызға жеке-жеке телефон шалып тұратын.

— Өрімтал-ау, болмай тұр, — деді бірде маған, — шамасы өткізіп алдым-ау деймін. Өзіме қарамағаным енді өкініп тұрмын. Адам өзіне де қарау керек екен.

Мұндайда не дей алады тыңдаушы. Жұбатудың жөнін де білмей қалады екен. — Кой, Көпеке, өйдем. Тексерілгенін дұрыс қой. Дәрігерлер де кейде дұрыс диагноз жасай бермейді, — деген сықылды бірденің мінгірлеп жеткізуге тура келді. Әйгерім арқылы да науқасының жайын біліп тұратын болдым. Өзіне ауруының қиын екенін біле тұра жиі-жиі «қалай-сың?» деген де ынғайсыз. Бір күні мен СМС-пен сәлемдесіп, жағдай сұрадым. «Қалай Көпен екен?» — деп сұрақ туып,

Сен жаққа жүрміз күнде құлақ түріп. Мен болсам күнде Алладан сұрап келем, «Көпекемді жазшы» деп жылап тұрып.

Уақыттың жетегімен сәтсіз, сәтті. Бұл өмір бәрімізге бірдей тәтті. Көпеке-ау, ортаға шық, түрегелші, Бұрынғыдай ерге қон! Ерттеп атты.

Бұған артынша «Рақмет!» деген жауап келді. Бұдан кейін де мен бірнеше рет өлеңмен сәлем бердім, жағдайын білдім. Бірақ оған жауап келмеді. Артынша Көпекен келмес сапарға аттанды.

Көпекен шығармаларының төрт томдығын, бір кітап альбомын шығарып жатқанын айтқан еді. Бұл кітаптар Көпекен қайтыс болған соң барып қолымызға тиді. «Көпен келе жатыр» деген атпен шыққан бұл кітаптарды Алматыдағы «Дала дизайн» баспасы шығарыпты. Оты-



## САҒЫНДЫРҒАН КӨПЕН АҒА

Көпен аға жайлы естелік жазу үшін біраз ойлаып-толғандым. Онай жұмыс емес екен...

Біріншіден, «Көпен» деген сөзге тоқтағым келді. Не мағына береді? Қайдан шыққан сөз? Мұндай есім берер кезде Әмірбек ағамыз неге сүйенген екен? Адам тағдыры азан шақырылып қойылған есіміне де байланысты деген ақпараттар бар. Ғаламторды ақтарып отырсаң, Көпен — аметистея (лат. Amethystea), ерінгүлділер тұқымдасына жататын шөптесін өсімдіктер туысы екен. Негізінен, Азия құрлығында тараған. Қазақстанда Алтай, Тарбағатай, Жетісу (Жоңғар) Алатауындағы тастақты тау беткейлері мен шөгінді жерлерде, өзен жағалауларында, елді мекендерде өседі. Яғни, Әмірбек ағамыз баласына «тау бөктері бойлай өсіп, елді мекен арасында кен тарасын» деген мағынада есім берген болуы керек деген тұжырымға тоқталдым.

— Ал Көпен ағамыз осы тұжырымға сый болды ма?

— Болғанда қандай! Бүкіл иісі қазақ азаматтар ағамыздың есімі аталғанда жалт қарап, «Көпен аға не айтар екен?» деп тосыла күтеді. Ел арасында есімі кең тарады, жапырақ жайды, гүлдеді, жемісін мол етіп халқына қайтарды. Тау биіктерін жағалады, биіктерге самғайды. Сол биік шатқалдарда қашалып, есімі мәңгілікке өшпестей етіп жазылды. Себебі елге көпелкесі түсті, еңбегі сінді, елмен бірге жүріп, бірге тұрды. Артында мағыналы сөздері мен елге берген бата-сы қалды, «Көпен келе жатыр» деген халық сыйлаған атағы қалды.

Екіншіден, жалпы иісі қазақ азаматтардың ішінде, «Көпен» есімді бірде-бір адам, еркек індік жоқ екен. Тек Көпен Әмірбек ағамыз ғана осы есімді жалғыз өзі алып жүріпті. Оның да себебі бар, әрине. Көпен ағамыз — бірегей дара тұлға, ешкімге ұқсамаған: мінезі де, ойлау қабілеті де, кесек-кесек мәселелерді шешіп жүретін парасат-пайымы да. Кезінде Мұқағали Мақатаев, Шәмші Қалдаяқов, Өзбекәлі Жәнібеков сияқты ұлы тұлғалармен бірге жүріп, сырлас болды. «Сынықтан басқасының бәрі жұғады» дейді халқымыз. Бәлкім, сол ұлылардан да жұққан болар ұлылық.

Өкінішке қарай, Көпен ағамен кеш араластым. Салиқалы сұхбаттарын әлеуметтік желілерден көріп жүрсем де, мұндай бақыт маған кеш бұйырыпты. Дегенмен қайда кездессек те «Ай, Бақытжан, аман ба?» деген сөзі еріксіз өзіне тартып тұратын. Соңғы кезде мен де ата-баба мұрасына көңіл бөліп, оны қолдан келгенше келешек ұрпаққа жеткізу мақсатында біраз жұмыс істеген болатынмын. Мұсақұл атамның 1916 жылдан бастап жазып кеткен қолжазбалары негізінде «Атадан мұраған, ұлағат, шапағат» деген кітабымды жазу барысында Көпен ағамен жиі сұхбаттастым, ой бөлістім. Сондағы менің түсінігім — Көпен ағаның кең ауқымды парасат-пайымы, қазақ тарихы, әдебиеті, ұлттық дәстүр, салт-сана, атамұра тұрғысындағы энциклопедиялық білімі тұнып тұр екен. Өзбекәлі Жәнібеков пен Шәмші Қалдаяқов ағаларымыз жөнінде архивте жазылмаған мәліметтерін айтты. Ол мәліметтерді шын көңілмен, аса бір жауапкершілікпен, келесі ұрпаққа жетсін деген ниетпен айтып отырғаны сезілетін.

Кітап басылып шыққан соң елге барып, ата-бабаларыма, өмірден өткен апа-әжелеріме Құран оқытып, өке-шешемнің, әжемнің көзін көрген қарияларды жинап, ас беруге дайындалып жатқанында телефон соғым:

— Ай, Бақытжан, аман ба? Сен кітабыңның тұсаукесерін өткізейін деп жатыр екенсің, маған неге айтпадың? — деді.

Мен сасқалақтап:  
— Көпен аға, мен сізді мазаламай-ақ қойып деген едім, жай ғана ағайындар

арасында Құран оқытып, перзенттік парызымды орындайын деген ниетім еді, — дедім.

— Жок, сен олай жасама. Сенің жазған кітабың маған ұнады, ата-бабамыздың тарихи мұрасын қозғапсың. Ата-бабаны сыйлау — бәрімізге ортақ мүдде. Құрбан ағамыз өмір сүрген уақыты жөнінде өте дұрыс мәліметтер келтіріпсің. Қазіргі кесене құлпытасындағы жазылған мәліметтер шындыққа сәй келмейді. Сондықтан оны өзіміз өзгертпесек, келешек ұрпақ оған көңіл бөлер ме екен? Оған күмәнім бар. Сондықтан сол жиында осыны өзім шегелеп айтуым керек. Сондықтан мен де сол жиынға қатысамын, — деді.

Мұны естігенде көңілім көтеріліп, марқайып, күні бойы бір қуанышты жағдайда жүрдім. Өзі арнайы операторларды жіберіп, ата-бабаларға ас беру, Құран бағыштау, сонымен қатар кітаптың тұсаукесерін жасау іс-шараларын таспаға түсіріп берді. Ол жайында YouTube каналына «Құрбан баба ұрпақтары сыр шертеді» деген тақырыппен кіріп көре аласыздар.

Міне, ата-бабаға, атамұраға деген құрмет осылай болса керек. Бұл тек Көпен аға сияқты ұлы тұлғаларға тән қасиет! Қарап отырсаң, осындай құнды құнды мәселелерді таспаға түсіріп, әлеуметтік желіде көптеген мыңдыз әңгіме жазып кетіпті. Әсіресе, соңғы жылдары. Соған қарағанда, өзі де ата-бабасымен жолығуға дайындалып, асығып жүрген сияқты сезілетін. Иә, көп ұзамай өзі де туған жері, киелі Отырардың топырағына, ата-бабасының жайына жайғасты. Қаралы жиынға бүкіл ел келіп жиналып, жаназасын шығарып, мәңгілік мекеніне шығарып салды. Елдің жан тебіренер жылы сөздері еріксіз көзге жас келтірді.

Өмірінің соңғы күндері денсаулығына байланысты ауруханада жиі болған соң жанында болдым. Сонда байқағаным, ауруға мән бермейтін. «Құдай берген жанды Құдай алады» деген қағиданы ұстанған. Жұрт секілді ауруханаға жатып, профилактикалық ем алу, тексерілу дегенді ұнатпайтын. Одан да ел ішіндегі ауқымды проблемалармен айналысқаным дұрыс болар дейтін болар. Тек қатты сырқаттанғанда дәрігерге жүгінетін. Ауруханада жатқан соңғы күндері қатты қиналды. Көпен ағаға қоғамның сұрағым көп еді, бірақ сондай жағдайда жатқан соң мазаламадым.

Бірде маған:  
— Түс көрдім, өкем түсіме кіріп, мені шақырды, — деді.

— Сіз қалай, шақырғанға бардыңыз ба? — деп мен қайта сұрақ қойдым.

— Ояным кетіппін, — деді.  
Мен сонда әжем «Түс — тұлкінің боғы» дейтін деп ағаны жұбатып жатырмын. Сонда Көпекен «Жетпіске келіп, жетпістен астым. Енді өле беруге болады екен-ау деп қалдым. Өлімнен қорықпаймын. Бірақ артыма Жұбанышым жас қалып барады, соны уайымдаймын», — деді.

Өлімнен қорықпаудың өзі де әр адамға бұйыра бермейтін қасиет. Оны дәрігер болғандықтан күнделікті практикада жиі кездестірем. Өлімді айтпағанда, қолына шикан шықса да байбалам салатын адамдар жиі кездеседі. Саналы да, салмақты азаматтар жазылып бара жатқандай...

Көпен аға жайында айта берсем көп, бірақ көңілге түйген жайттарды ғана жазғым келді. Қазір өкінішке қарай, Көпен ағайды тарихтан сыр шертетін ағаларымыз азайып барады, құлды бір энциклопедиялық кітаптан айырылғандай күн кешудемін. Ағамның терең мағыналы әңгімелерін сағандым. Қайран аға, сағындырған Көпен аға...

Бақытжан БЕЙІМБЕТ,  
дәрігер

«Күлкінің жеңбейтін дұшпаны жоқ».

Бауыржан Момышұлы

«АРА» — ара болады, шаққан жері жара болады».

Оспанхан Әубәкіров

«Күле білу — өмір, күлдіре білу — өнер, күлкі болу — өлім».

Сейіт Ненжехметұлы

# АРА



28.10.2023 ж.

«Айқынның» сатиралық қосымшасы

## БІР КЕМ ДҮНИЕ-АЙ!

Халық жазушысы Шерхан МҰРТАЗАҒА



Пойызға мінсем... Мәссаған! Екі кісілік купеде Шерағаң отыр. Кәдімгі Шерхан Мұртаза.  
– Ассалаумағалейкум, аға!  
Жол болсын?!  
– Таразға барам. Өзің ше?  
– Шымкентке.  
Пойыздың «гә-ө-өк» дегенінде кө-ө-өп гәп бар... Алматыдан ұзап батысқа қарай бағыт алған пойызымыз «дігідікке» басты.  
Дігідік дік-дік, дігідік дік-дік. Жүйткіп келеді.  
– Бір әдемі келіншек бесінші вагонға мінді. Соны шақырып келші! – деді Шерағаң.  
– Аты кім, аға?

– Білмеймін. Бағана вокзалда кездесіп, қолтаңба сұрады. Сөзінің нобайына қарағанда, менің біраз кітабымды оқыған сыңайлы.  
Қиянды кезіп қызыл түлкі іздеген аңшыдай бесінші вагонға беттедім. «Түлкінің қызылы – өзінің соры» деген рас-ау. Әдемі болмаса әлекке түсе ме? Көмпит дәметкен бала секілді әр купеге тәліміріп, әдемі келіншекті жобалап жүріп таптым-ау.

– Сізді Шерағаң шайға шақырып жатыр! – дедім.  
– Мені?  
– Иә.  
– Ыңғайсыз емес пе? Бармай-ақ қояйыншы! – деді.  
Кез келген еркектің бірінші ұсынысына бір рет «отказ» беру – әр әйелдің міндеті. Әдемі келіншек өз міндетін орындап, бір рет «отказ» жасады.  
– Бармасаңыз ыңғайсыз болады, – деп мен де тықақтап қоймадым. – Жүріңіз, меселін қайтармаңыз. Үлкен кісі ғой.

– Солай ма?  
– Солай!..  
Бітті. Енді «отказ» жоқ. Мен – паровоз, ол – вагон, іркес-тіркес ілестіріп Шерағаңа әкеле жатыр ем, бетінің қыртысы көп, аузының бір тісі жоқ кем иек кемпір қарсы жолығып:

– Шырағым, жүзің тыныс. Қай баласың? Әлгі әзілкеш бала емессің бе? – деді.  
Басымды изедім.  
– Е, айналайын-ай! Жақсы жолықтың ғой. Ауылдың жағдайын айғайлап неге айтпайсыңдар, түге?  
– Апа-ау, айғайлап сөйлейтін адам іздесеңіз мына вагонда Шерхан Мұртаза келе жатыр.  
– Тік тұрып тістеп сөйлейтін депутат Шерхан ба?  
– Иә! Жүріңіз, со кісіге жолықтырайын.  
Әжемді, әдемі келіншекті «Күте тұрыңыздар!» деп есіктің ернеуіне кідіртіп қойдым да, Шерағаңның купесіне сойған түлкідей ыржиып жалғыз кірдім.

– Таптың ба? – деді.  
– Таптым.  
– Қайда?  
– Сыртта тұр.  
Ағамның ажары жүзін жуған қауындай қызарып, қобыраған шашын қолымен тарақтап, қалыңдығын күткендей қатты қопандады. Өзіл болсын деп әжемді әдейі жеке кіргіздім.

Шүйкедей кемпір шүлдірлеп:  
– Әй, Шерхан шырағым, амансың ба? – деп есіктен енгенде, екі көзі тас төбесіне шықты. «Мынауың не?!» дегендей маған ажырау қарады.  
– Ескі заманның ең әдемі келіншегі осы емес пе? – дедім өтірік аңқаусып.

Әжеміз өңгімені өріден қозғап, Шөкеңнің миын шайқады. «Дұрыс, апа, дұрыс!» деп шыбындаған аптай басын қайта-қайта шұлғып, кемпірден өрең құтылғасын:  
– Адам өстіп те қалжыңдаса ма?! – деді ызғарланып. Іле-шала лып еткізіп ең әдемі келіншекті енгізгенімде, емізік көріп жылағанын қоя салған баладай сап тиялды. «Екі ғашық қол ұстасып оңаша отырсын» деп жағдай жасағансыдым да:  
– Аға, таңертең Таразда жолығамын! – деп кетуге ыңғайландым. «Отыр!» деген жоқ. Сірә, қарамды көрсетпей қайтқанымды қалап тұр.

Жолсеріктермен келісіп, көрші купеге жайғастым. Таңға таяу Таразда оянып, Шерағаңды шығарып салдым.  
– Қарындас, ағаңды өкпелетіп, томпитып қойғансың ба, неге солғындау қоштасты? – дедім тамырын баса сөйлеп.

– Ағамның ер екенін білсем де, сері екенін білмеппін, – деді әдемі келіншек жымымып.  
– Не, құда түсті ме?  
– Жо-оқ, өңгімесінің өуені солай. Өуелі әдебиет төңірегінде сырластық. Пікірлестік. Шай іштік. Жіпсідік. Сөзіміз жарасқасын жібектей есіліп, жігіттей қырындады. Бірте-бірте буыны босай бастағасын:  
– Ағай, күйеуіме ант бергем. Антымды қалай бұзам?! – дедім. Сол сол-ақ екен:  
– Ант?! Айналайын-ау, ант деген немене? Еуропаға еліктеп өз заңымызға да өзгерту енгізіп жатқан жоқпыз ба? – деді қабағынан қар жауып.

Сөз саптауына қарағанда, әдемі келіншек өз «заңына» өзгерту енгізбеген сияқты.  
... Бір кем дүние-ай!

2005 жыл

## АЛШЫСҚА КЕЛГЕН АКУЛА

Акуланың түрі көп. Соның бір түрі уылдырықтан өспей, бірден акула боп туады. Өзі өте ірі, өте салмақты тұқым болса керек.

Сондықтан да болуы керек өмірге келе сала жүзіп, жүзіп жүріп өлетін көрінеді. Жүзбесе, судың түбіне кетеді. Өйткені ауыр. Жүзіп жүргенде білінбейді. Сәл тоқтаса – қауіп, өлім...  
Мен Көпен бауырымды көптен білем. Оның бір асықпай жүргенін, жұмыссыз жүргенін, алансыз тыныш отырғанын көргенім жоқ. Үнемі шаруа үстінде, үнемі іздену үстінде. Әйтпесе, әлгі акула секілді құрдымға кететін түрі бар. Жақсы қасиет, жақсы қылық! Жасыратыны жоқ, мен өзім де осындай

адаммын. Демек, Көпенді жақсы көруім, табиғи туысым деп есептеуім заңды құбылыс...

Жақсы көрудің де жақсы көруі бар... Тіпті, Көпен өлендерін оқып отырып, сол дүниелерді өзім жазғандай сезінемін. Материалды игеруіне қызығамын. Тапталды нәрсеге табиғаты қарсы. Үнемі жаналыққа ұмтылады. Ал жаналық шашылып жатқан жоқ. Оны іздеу керек! Іздеу аз. Міндетті түрде табу керек. Көпен соны қайтсе де табады! Ол табады – мен қуанамын.

Қалыр МЫРЗА ӘЛІ

Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, 2010 жыл



## СОЛАЙ ДА СОЛАЙ!

Парламент Мәжілісінің депутаты, Халық жазушысы Шерхан МҰРТАЗА туралы көпсериялы киносценарий

### КИНО ЖУРНАЛ

«Елім, саған айтам, Елбасы, сен де тында!» Камал дос! Сен де құлак тұр. Себебі, сен – соқа, мен – трактор.

### БІРІНШІ СЕРИЯСЫ

Мәртебелі мырзалар! Біраздан бері Жанымды жегідей жеп жүрген құрт бар. Әрине, оны түсінетін де, Түсінбейтін де жұрт бар. Жерді арамшөп аздырады. Мені біреулер «Ұлтшыл!» деп жазғырады. Өкпелейді. Өкпелесе, «көшке берген тайлағын алсын», Немесе мен секілді Қайта-қайта депутат боп сайланып алсын. Жетесізге жеті айтып, Санасызға сан айтып, Сессия сайын көзімізді алайтып Тіл туралы Өңешіміз жыртылғанша айтыстық. Тартыстық. Қырқыстық. Жата қалып жағаны да жыртыстық. Не бітті? Базбір депутат мырзалар: «Жылама, Жыласан тағы да ұрам!» деп желікті. Сонда солардың діттегені не?! «Мемлекеттік тіл екі тілде жүрсін!» дейді. Не деген сұмдық?! Құйқан шымырлап, жүрегін дүрсілдейді. Сырдың тілі – біреу, Ешкінің тілі – біреу, Доңыздың тілі – ол да біреу. Тек жыланның тілі ғана айыр. Бұл не? Жылан болсын дегені ме, Әлде, лаң болсын дегені ме? Түсініксіз!..

### ЕКІНШІ СЕРИЯСЫ

Мырзалар! Жалпы, Жаманшылық ойлағандардың Арқасына алты қотыр, Желкесіне жеті қотыр шықсын. Қасын десе қаны шықсын, Қасымайын десе жаны шықсын. Жүзге бөлінгеннің жүзі күйсін! Солай ма, Қалаубек мырза?! – Шерхан-ау, саған халқың ырза. Сен бүкіл түркіге туыссын. «Руға бөлінген у үшін!» – Солай ма, Мұса мырза? – Солайы – солай! Ештеңе жоқ онай. «Бөлінгенді бөрі жесін, Айрылғанды аю жесін!» – Солай ма, Толымбек мырза? – Шераға! Құдайдың құтты күні Айттып жүрсіз дуалы ой. «Ұлт пен сана», «Ұлттық парыз» – Бәріне де куә ғой.



Қарға тамырлы қазақпыз, «Қарына тартпағанның қары сынсын!» – Солай ма, Әмірхан мырза! – Шераға! Аса құрметті Шераға! «Табалдырықтан биік тау жоқ». Біз тұрғанда сізге келер жау жоқ. Алайда, Абай айтқандай: «Қазақтың жауы – қазақ». Тұрасын сөйлеп туғанына жақпайтын Сіздей қазақ аз-ақ! Аз! Өте-е-е аз, Шераға!.. – Сырт көз – сыншы: «Шерхан Тынысты біледі, Тыныс жұмысты біледі» Деп тақпақтайтын көрінеді. Тыныс мырза, Сіз бұ гәпқа «нима» дейсіз? – Шераға! Тесік ауыз тек тұрмайды. Не бірдене жеп тұралы, Не бірдене деп тұралы. Қай ауыздың қақпағы бар? Біздің өзбек ағайындардың да тақпағы бар. Былай: «Дар хакихат, битта одамнинг Битта колтигиға Ихта таруз сизмайды» деп гәпырады. Әй, олар да қатырады! Қазақшасы: «Бір қолтыққа екі қарбыз синайды» дейді. Сиганда қандай! Сіздің қолтығыңызға біреу емес, Бірнеше қарбыз сиып жүр. Мәселенки, әлгі Әмірхан, Қалаубек, Мұса, Толымбек, Жамбыл, Рафаэль... Тағы да бір-екі әйел. Олардың орынбасары бар. Барлығы да бір қолтыққа сиып жүр. Айтқан сөзіңізге айрандай ұйып жүр. – Ендеше, Жақсы журналист – ырыс, Жаман журналист – ұрыс. Солай ма, Тыныс?.. – Дұрыс, Шераға, дұрыс!

– Дұрыс болса дұрысымыз, Бүгін бітті бір ісіміз. Мен Президентке кеттім, Жұмысыңызға кірісіңіз!..

ҮШІНШІ СЕРИЯСЫ  
Мәртебелі мырзалар! Тіл туралы қашанғы таласамыз? Андай-мұндай, Әжік-күжік, Пыты-сыты деп, Отырып ап бал ашамыз. Қара суды Қанша сапырсаң да май шықпайды. Тас маңдайымдағы әжімді Тұрар Рысқұлов туралы жазған Бес кітабым айшықтайды... Ешқашан ергенім жоқ Бір ағындарға. Не дейсің, қарындас? Сұрағың бар ма? Айта ғой.  
– Ағай, бұ қазақта Сізден өткен ірі жоқ дейді. Арақ ішпейді, Темекі тартпайды, Қыз-қырқынға қыры жоқ дейді. Рас па?  
– Ай, мына қыз мұнайтыты. Мені еркек емес деп кім айтты? Мені біреулер: «Тарпан! Ашуан депутат!» деп кінәлайды. Маған ол пікір ұнамайды. Аш адам ашуанға келеді. Ауыл-ел аш болса, Ашуан болмай не етерсің? Бір көзің айға қарап, Бір көзің сайға қарап «Нервный» боп кетерсін. Бұ қазақ Кетіп бара жатса да құр кетпейді. Біреулер мені: «Тоң! Бірбет!» дейді. Құдай екі жүзіден сактасын! Халықтың нанын жегесін, Оның қамын да жеу керек. Ел үшін кеуделеп, Әлімді жынып тірнектеп... Сонда мені «Бірбет!» деп, Атағаны ма құрметтеп? Түсініксіз!... Қазір не көп, Өзіннен бетер зор көп. Қазір не көп, «Ананы қорғау, Мынаны қорғау» туралы қор көп. Мен таң қалам! Бұ қазақ әуелі қорлайды, Сосын барып қорғайды. Тұрар Рысқұловты қорладық па? Қорладық. Әрі итеріп, бері жығатын Қазақ деген зор халық!..

### ТӨРТІНШІ СЕРИЯСЫ

Вы хотите что-то сказать? Кто вы? Безработный? Да-а, сочувствую! Но-о, политика – дело тонкое. Я скажу образно: «Правительство – паруса, народ – ветер, государство – корабль, время – море». Если государство – корабль, то мы политики – матросы его. Я тоже матрос. Есть еще вопрос? Вообще, вопросы пора задавать на государственном языке. Олжас Сулейменов знает «Тысячу одно слово». И даже мэр города Алматы Виктор Храпунов знает такие слова, как «Айналайын», «Ракмет» и «Кө-өп рақмет!..»  
Последнее убежище негодия – политика. Я – писатель! Зачем я полез в политику? Для того, чтобы одним негодием было меньше в политике. Наш корабль, несмотря на шторм инфляции и всякие девальвации, уверенно держит курс к две тысячи тридцатому году. Я с радостью встречу эту дату, тем более мне тогда, в двадцать тридцатом году, стукнет 99 лет.

# ӨКПЕЛЕМЕ, СЕН МАҒАН!

Ақын Мұхтар ШАХАНОВҚА

— Көпен інім!  
Сенің мынау кешінде де  
Айнымайтын ағасы деп,  
Жыртылмайтын жағасы деп,  
Бар еді ғой бағасы деп,  
Рақмет, бүгін маған сөз берді.  
Біздің ауыл есінде ме?  
Біресе Шәуілдір деп,  
Біресе Қызылқұм деп,  
Біресе Отырар деп,  
Талай-талай өзгерді.  
Білесің бе мен өзгерген кездерді?  
Біресе полигон деп,  
Біресе конгресс деп,  
Біресе желтоқсан деп,  
Біресе Аралым деп,  
Көп өзгеріп,  
көп сабылдым, карағым.  
Енді, міне, Бішкекке  
Елші болып барамын...  
...О, жасаған!  
Қалай қашып құтылам деп  
масадан  
Бір жұмырбас түн ішінде  
Там үстіне жатыпты.  
Жата салып қалың ұйқы  
қатпарына батыпты.  
«Тауықсыз да таң бозарып атыпты».  
Содан кейін сол жұмырбас не етіпті?  
Там үстінде жатқандығын тарс  
ұмытып кетіпті.  
Дәрет қысса амал бар ма?  
Атып тұрып апыл-ғұпыл жүргенде  
Торғайдай боп топ етіп  
Там үстінен құлап түсті бір демде.  
Көк есектің тұяғындай  
Қап-қатты екен жер тіпті.  
Жазым болып жұмырбастың  
Қол-аяғы бірдей сынып мергікті.  
Ойында жок еш күдік,  
Бір досы кеп хал сұралы кешкілік.  
Жан қысылып жатқан кезде  
Жанашырлық осы ма?  
Қыбыр етіп кірпігі,  
Жыбыр етіп еріні,  
Ол былайша жауап берді досына:  
— Не етемін?  
Халімнің қалай екенін  
Білгің келсе, там үстінен құлап көр!  
О, оқырман, осыны ойлап тентселер,  
Сықақшының халін білгің  
келсе егер  
Там үстінен құлағандай,  
Төсек тартып сұлағандай,  
Халінді кеп сұрағандай,  
Сен де сықақ жазып көр.  
Көпен інім!  
Отырарда сен де тудың,  
Отырарда мен де тудым.  
Жасым үлкен, сондықтан

демде тудым.  
Жасың кіші бөлгасын кенде тудың.  
Қасқасуды бір айналып,  
Отырарды шыр айналып,  
Туған жерге жиі барып тұрамыз.  
Сонда естіген бар еді ғой бір аңыз.  
Айттайын,  
Айттайын да Қырғызима қайтайын.  
... Құдыққа түсіп кеткен  
баласына әкесі кепті.  
Кепті де былай депті:  
— Балам!  
Ешқайда кетіп қалма,  
Қазір арқан әкеп шығарып алам!..  
Сол сияқты өзің де  
Сатираның құдығына түсіп кеткен  
баласың.  
Қырық жастан қыр асқан да  
наласың.  
Барселонаға бармадым деп,  
Қамқорлыққа алмадың деп,  
Өкпелеме, сен маған!  
Қамқорлыққа қалай алам,  
Өз жұмысым тіптен көп.  
Өнбес жерден дау іздеп,  
Шыңғысханды жауыз деп,  
Атағымды асқақтатып біткен жок!  
Шеберлікпен шегендесен құдықты  
Сен боласың мұрагер.  
Арқан әкеп шығармаймын мен сені,  
Түсіп кеткен құдығыңда тұра бер.

### ПОЭЗИЯ ПАТШАЛЫҒЫ

Егер Мұхтар Шаханов бұдан мың жыл  
бұрын дүниеге келсе кім болар еді?  
Отырарда туып, Сирияда қайтыс болған  
Әбу Насыр әл-Фараби бабасы секілді  
«Қайырымды қаланың тұрғындары»  
деген трактат жазар ма еді? Онда Мұхтар  
Шахановтың аты Мұхтар Шаханов емес,  
Әбу-Мұхтар ибн Шахан шайыр әл-  
Отырари Шам шаһари боп кетер еді.  
Ал, Мұхтар Шаханов XV ғасырда туса  
ше? Онда «Өзбек – өз ағам, сарт – са-  
дағам» деп, Керей мен Жәнібек хан  
секілді 1456 жылы казак мемлекетін Шу  
бойында емес, Арыс жағасындағы Шә-  
уілдірде құрар ма еді?  
Одан кейінгі ғасырда туса ше? Қара  
қыпшақ Қобыланды батыр секілді егеулі  
найза қолға алып, космополиттер туралы  
толғанып... Кешіріңіздер, космополит  
деппін-ау, о заманда космополиттер бол-  
ған жок қой... Егеулі найза қолға алып,  
махаббат жырын толғанып...  
«Қабырғадан оқ тисе,  
Қамқор болған қарындас», — деп, қыз  
Құртқаны айналдырып, үйленіп алар еді.  
Жалпы, Мұхтар ағам ғашық болмайды  
— ғашық болса алмай қоймайды.



«Мемлекеттік тілді шекараны  
қорғағандай қорғау керек!» деп  
кімнің шыр-пыры шығар еді?

Бір күні:

— Мұхтар аға, сіз алмаған  
шетелділ шен-шекпені, атак-  
дәрежесі қалмады. Бәрін ал-  
дыңыз. Ал, өз еліміздің орден,  
медалінен неге қашасыз? Ең  
болмаса «Ерен еңбегі үшін» ме-  
далініз де жок. Соның себебі не?  
— деп сұрадым. Сонда Мұхтар  
айтты:

— Отан — біздің ең үлкен  
Анамыз. Әркім өз Анасына қызмет  
еткені үшін жылу дәмеппеу керек.  
Отан да өзінің ерекшеленген,  
дараланған ұлдарын марапаттап  
отыруы шарт. Бірақ, ол өте әділетті  
болуы керек. Ал, қазір кез келген  
заңдастырылғын ұрынын ең кемі екі  
орден, үш медалі бар. Солардың  
қатарында жүргім келмейді! — деді.

Есіме Брежнев түсті. Керегелді  
кеудесінде орден қадайттын орын жок  
еді ғой жарықтықтың.

— Брежневті крокодил жұтса не бо-  
лады? — деп сұрағандарға:

— Онда крокодил он күн бойы орден  
құсады! — деді.

Егер Мұхтар Шахановты крокодил  
жұтса не болады? Онда крокодил рух-  
танып, казак тілінде сөйлеп кетер еді.

Ақындар да альпинист сияқты. Шың-  
ға шыққысы келеді. Шыңға өрмелеген  
альпинист ғайыптан тайып, құзға құ-  
лайды. Жартаста қалған серігі:

— Амансын ба-а-а? — деп айғайлайды  
артынан.

— Аманмын!

— Тірісің бе?

— Тірімін!

— Еш жерің мертліккен жок па?

— Жо-о-к!

— Ендеше арқан тастаймын. Қағып ал  
да, кайтадан өрмелеп бері шық!

— Арқаныңды ала алмаймын-ау...

— Неге-е-е?

— Мен әлі жерге жеткен жоқпын!

Алатаудың шыңындай ана тіліміз  
күндердің күнінде құздан құласа, артынан  
арқан лақтыратын кім? Мұхтар Шаханов  
қана ма? Әлде Амангелді Айталы...

Халық сүт сияқты. Бір қарағанда сүт  
аппак. Басқа қасиеті байқалмайды. Бірақ  
оның құрамында бәрі бар. Май да бар,  
құрт та бар, ірімшік те бар. Әсіресе, А,В,С  
деген витаминнің түр-түрі бар. Бірақ олар  
көзге көрінбейді. Мұхтар Шаханов ше?

Қатық сияқты. Бір қасық қатық бір қазан  
сүтті ұйытады. Мұхтар қайда жүрсе де ақ  
сүтінен ажыраған емес. Шахановтың  
күш-қуаты — оның поэзиясында. Мекен-  
жайы — поэзия патшалығында.

Ендеше Мұхтар Шахановтың өзіне  
сөз берейі.

— Дүниені дүр сілкіндірген шоғыр  
қолбасшылардың чоңы Наполеон:  
«Соғысу үшін үш нәрсе керек!» депті.

«Бірінші — ақша,  
Екінші — ақша,  
Үшінші — ақша».

Нағыз ақындарға Наполеон арман-  
даған ақшадан гөрі мұра болатындай  
мұратты нәрсе керек. Ол — поэзия, поэ-  
зия тағы да поэзия!

Тышқан тірлік таусыла ма, сілкініп  
тастап сірескен ойдың сенін бұзбасаң,  
ақыңдығын қайсы?!

Мысық, тышқанның бәрін тани бер-  
мейді, бірақ тышқанның бәрі мысықты  
таниды.

...Дешті қыпшақ даласында,  
Сырдария жағасында,  
Оты өшпеген Отырар қаласында  
Поэзия патшалығы өмір сүрген  
деседі.

Қас жауынан қаймықпаған,  
Жүрегі де шайлықпаған  
Ханның сонда бір мысықтан  
Қайтқан екен меселі.

Таянып тұрып бұйырды,  
Хан былайша бас уәзірге бұйырды:  
— Ертенгің ерлігін  
Бүгінгіден бастандар.

Бастандар да, бұл мысықты  
Далаға апарып тастандар,  
Қасқыр ауласың!..  
Бас уәзір былай деді:

— Хан ием!  
Әбігерге салмаңызшы Сіз елді,  
Ұстай алмас мына мысық  
Қасқыр түгіл күзенді.

Күренгіп, түтігіп,  
Тілін тістеп, тұтығып,  
Бұлқан-талқан ашуланды  
хан сонда:

— Кім айтты саған?  
Аңға қиқу салмайды деп,  
Аяғынан шалмайды деп.  
Сары далада қасқыр түгіл  
Сасық күзен алмайды деп.

Кім айтты саған?  
Мысықты ешкім жақтырмайды деп,  
Жыртқыштарға дөп қылмайды деп.

Кім айтты саған?  
Ханның кара мысығына  
Қасқырдың бәрі тақ  
тұрмайды деп?!

Бұта түбін бұғып өссе болады ма  
оңған іс?

Бұл мысықтың ата-тегі —  
жүрек жұтқан жолбарыс.  
Бас уәзір хан сөзінен аспады.  
Аспады да мысықты далаға  
апарып тастады.

Қара мысық қайтып келді.  
Бас уәзір аспады.  
Саспады да мысықты  
Тағы апарып тастады.

Қара мысық қайтып келді.  
Рас, рас!..  
Әуелгіде әжептәуір бас қатты.

Бас қатты да мысықты  
Тағы апарып тастатты.  
О, маскара-ай!  
Ертесіне шыққан кезде арай күн,  
Қара мысық тырналап тұр  
Дарбазасын сарайдың.

Хан ием де,  
Уәзір де  
Таңғалысты жата қап:

— Жүре берсе не қылады  
«Бөрі» деген атак ап?!..

...Поэзия патшалығына алып келген  
мысықты —  
Сағыныш пен махаббат.  
«Бағаласан махаббатты бағала,  
Бағаласан махаббатты бағала».

Поэзия патшалығын сағынсам  
Сол мысықтай көп жұрмеспін  
далада!..

1992 жылы жазылып,  
2007 жылы толықтырылды

# АЛТЫНШЫ АРМАН

Академик, тарихшы Манаш ҚОЗЫБАЕВҚА

Күндердің күнінде маңғаз Манаш сексен  
жасқа келгенде «Ух!» деп бір нәрсеге өкінген-  
дей терең күрсіндігі.  
— Не болды, Манаш? — депті бәйбішесі.  
— Жай, әншейін, шаршадым, — депті  
Манаш.  
— Сенің шаршаған кезіндегі күрсінгенің  
бір бөлек, ал мына күрсінісің бір бөлек. Одан  
да шынындай айт, батырым! — депті бәйбішесі.  
— Жок, жай әншейін шаршадым, — депті  
Манаш.  
— «Аттың сыры иесіне мәлім», бұл жолғы  
буалдыр күрсінісіңнің сырын ендеше мен  
айтайын, — депті бәйбішесі.  
— Иә?  
— Азаматтың алты арманы бар, — депті  
бәйбішесі. — Азаматтың бірінші арманы —  
сұлу жар сую. Ол арманын орындалды, Мана-  
шым.

Азаматтың екінші арманы — ұл сую, қыз  
сую. Ол арманын орындалды, Манашым.  
Азаматтың үшінші арманы — ел қорғау,  
жер қорғау. «Ермақты» жазғаның елді қор-  
ғағаның, «Әмір Әбдіғаппарды» жазғаның  
жерді қорғағаның.  
Азаматтың төртінші арманы — докторлық  
диссертация қорғау. Ол арманын орындалды,  
Манашым. Басқасын былай қойғанда, аузын  
айға білеген академиксің.  
Азаматтың бесінші арманы — жер дауы,  
жесір дауын шешу. Жер дауын да, жесір дауын  
да, тіпті ғалымдардың да дауын, залымдардың  
да дауын шештің. Құдайға шүкір, Ұлттық  
ғылым академиясы тарих және этнология  
институтының директоры болдың. Ол арма-  
ның да орындалды, Манашым.

Ал азаматтың алтыншы арманы — бір уақ  
қыз-келіншектермен ай астында алтыбақан  
теуіп, ақ сүйек ойнап, кішкене көңіл көтеру  
еді. Ел қорғаймын, жер қорғаймын, доктор-  
лық қорғаймын деп жүріп алтыншы арма-  
ныңын орындалмай бара жатқанына өкініп,  
тере-е-е-н күрсінген шығарсың?..

Терезеге қарап терең күрсінген Манаш  
мырза-мырсы етіп күліп жіберсе керек.  
Мойындағаны ма? Кім білсін, солай  
шығар...

\*\*\*

Алтыншы арманды қойшы, тәйірі. Кө-  
кемнің көзі тірісінде айтқан көп қал-  
жынымыздың бірі еді ғой.

Алты алаштың арманын арқалап арманда  
кеткен ағам-ай!

2004 жыл



## КҮЛКІ КЕРУЕНІ

ЖАТЫҚТАР ЖАНЫЕТНАШ

Тілаарды жұрсап,  
Азар да бөсер,  
Ығарыңды қайтатып,  
Ығарыңды шығарар.  
\*\*\*

Ойыңа  
Мойын бұрып,  
Алаңдады,  
Даладады,  
Сөзінсіңі әрең  
таламдады,  
\*\*\*

"Жақсы оқиды!" деп

Қызығасып,  
Қызығасып,  
Іші күзгелер  
Түз жасасып.  
\*\*\*

Ұяқымның  
Ұяқымның  
Жапарына жас  
тығылатып,  
Жас тығылап  
Жастықта жатпай  
Жастыққа қалып,  
Өзгені шағыстырарып,  
\*\*\*

Өзі білінеді,  
Оскесе өскелеп,  
Қозы ілінеді.  
\*\*\*

Айбаты басқар қасқыр  
Қалып қойды көктерде,  
Ықпартығын көріп,  
Төбе шағым тік тұрды.  
\*\*\*

Күн бағып,  
Қас қарайды,  
Қас қарай қорсетті  
Аспан айды,  
Мойды

Әлі кеп,  
Ойнағаны ғанабет,  
Меди мен  
Әлсе  
Таш кеп,  
Қосыса қалар тар илеп.  
\*\*\*

Сара апайдың  
Сары шалы,  
Самсағы  
Шайнай алмай шаршайды,  
пер демей үш етіп,  
Бір етікті місе тұт.

Бір ағайды  
Танығықрамадым,  
Танығықрамағымды  
Жайырағыңқырадым.  
\*\*\*

Сатыр-сұтыр,  
Тасыр-тұсырға  
Бір сөп  
Танықпап тұрсақ,  
Батырайды бықтырт қып,  
Сөкпаң екен бұшақ.

Бейқамға не айтам?  
Не айтам да бейқам.  
\*\*\*

Бір пәнді ғана  
Жақсы оқитын Нұртайды,  
Жұрт ады дей алмаймыз.  
\*\*\*

Ду қарға  
Тауларға қонайды,  
Тауларға қонайтын  
Ду қарғаға дау бар ма?



# ТАСТАЯКТАН Откен Тартысты ТУРНИР

Ел арасында танымал ақын-жазушылардың, журналистердің қаламнан қол босағанда шар түйсітіріп, бильярд ойнағандағы оқиғалары, қызықты мезеттері жиі айтылады. Әсіресе, жазушылар Шерхан Мұртазаның, Әкім Таразидің, Ақселеу Сейдімбектің, журналист Нұртілеу Иманғалиұлының қиыннан қиыстырып салған шарлары ел аузында аңызға айналды. Соңғы уақыттары осындай мықты ойынымен танылған қаламгерлердің атындағы бильярд турнирлері де жиі ұйымдастырылып жүр. Осы бір дәстүрді бұзбай, ел мерекесі Республика күніне орай Elorda Aqparat mediasеріктестігі күні кеше журналистер мен қаламгерлер арасында бильярд турнирін ұйымдастырды.

Жарыс биыл елордамызда екінші мәрте өткізіліп отыр. Турнирге жазушы, казак әдебиетінің көрнекті өкілі Қойшығара Салғараұлы бастаған елімізге белгілі ақын-жазушылар, Парламент депутаттары, журналистер, медиаменеджерлер, баспасөз өкілдерінен құралған 32 ойыншы қатысты.

Тартысты өткен бәсекеде I, II, III орындардан бөлек биыл еліміз бойынша мерейтойлары аталып өтіп жатқан қазақтың қабырғалы қаламгерлері Кемел Тоқаев, Сейдахмет Бердіқұлов, Оралхан Бөкей атындағы арнаулы сыйлықтар табысталды.

Күні бойы өткен тастаяқ жарысында ойын ережесіне сәйкес, үздік шеберлік танытқан төмендегі ойыншылар марапатталды.

I орын иегері деп белгілі айтыс ақыны Еркебұлан Қайназаров танылып, оған 300 мың теңгенің сертификаты табысталса, II орынды ақтық сынға дейін шебер ойын көрсеткен белгілі журналист, жазушы Талғат Ешенұлы қанжығасына байлады. Жүлдегерге 200 мың теңгенің сертификаты табысталды. Ұйымдастырушылардың шешіміне сәйкес жүлде қорынан екі III орын тағайындалған. Бұл орындарды жазушы, журналист Сәдібек Түтел мен белгілі спорт журналисі Несіп Жүнісбайұлы иеленді.

«Жыл сайын дәстүрлі түрде өтіп келе жатқан бұл турнир қаламгерлердің басын қосатын жақсы ортаға айналды. Мұнда тек бильярд ойнап, өзара бақ сынасып қана қоймай, қауқылдасып, жақсы өңгіме-дүкен құрып жатады. Бұл ретте осындай игі іс-шараны дәстүрлі өткізіп жатқан Elorda Aqparat mediasеріктестігінің ұжымына, басы-қасында жүріп, ұйымдастырып жүрген mediasеріктестік директоры Олжас Сыдықбекке алғысымды білдіремін. Мұндағы барлық ойыншы шетінен «сен түр мен атайындар». Барлығы бильярдта белгілі бір дәрежеге жеткен көнігі ойыншылар. Менің қарсыластарым да оңай бол-

мады. Барлық кездесуімде алғашқы партияларда ұтылып тұрып, сосын жеңіске жетіп отырдым. Бильярд өте бір психологиялық дайындықты, белгілі бір стратегияны талап ететін, нәзік ойын. Жемімпаз болғанымна қуаныштымын. Осындай бастамалар өз жалғасын таба берсе деген тілегім бар», — дейді жеңімпаз Еркебұлан Қайназаров.

Аталған жарыс барысында жүлделі орындардан бөлек биыл еліміз бойынша мерейтойы аталып өтіп жатқан қаламгерлер Кемел Тоқаев, Сейдахмет Бердіқұлов, Оралхан Бөкей атындағы жүлде көлемі 100 мың теңгелік арнаулы сыйлықтар табысталды.

Кемел Тоқаев атындағы арнаулы жүлде казак әдебиетінің ақсакалы, жазушы Қойшығара Салғараұлына, Сейдахмет Бердіқұлов атындағы жүлде казак спорт журналистикасының ардагері Несіп Жүнісбайұлына және Оралхан Бөкей



атындағы арнаулы сыйлық белгілі қаламгер, Парламент Сенатының депутаты Нұртөре Жүсіпке берілді.

Турнир ұйымдастырушылары аталған арнаулы жүлделерден бөлек, қосымша үздік ойын көрсеткен қатысушылар үшін төрт номинация тікті.

Қазылардың шешімімен «Алыстан ат терлетіп келген ойыншы» аталымын Алматы қаласынан арнайы келіп, турнирге қатысқан казак журналистикасының ардагері, Қайнар Олжар, «Мәдениетті ойыншы» номинациясын белгілі жазушы Шерхан Қазығұл, «Алғашқы шар» номинациясын күйші Сәкен Тұрысбек иеленді. Сонымен қатар «Мерген ойыншы» деп ардагер журналист Кенже Жұмағұл, «Шебер ойыншы» ретінде журналист Әлімжан Сабыржанұлы лайық деп танылды. «Үздік дуплет» аталымымен журналист Жандос Дүйсекев марапатталды. Марапат иелеріне бағалы сыйлықтар мен ақшалы жүлде табысталды.

Айта кетейік, тартысты өткен турнирге биыл екінші жыл қатарынан бильярдтан екі дүркін әлем чемпионы Ернар Чимбаев бас төрешілік етті.

Марапаттау рәсімінің соңында қорытынды сөз алған Elorda Aqparat mediasеріктестігінің директоры Олжас Сыдықбек жарысқа қатысқан барша ойыншыға алғыс білдірді.

Турнирдің мақсаты — Республика күні мерекесін ұлықтау, елордадағы қаламгерлер мен журналистер арасында зиялы орта мен сұхбат алаңын қалыптастыру, бұқаралық спортты насихаттау. Өткен жылдан бастау алған турнир алдағы жылдарда да дәстүрлі түрде жалғасатын болады. Бүгінгі ойынның қызықты да тартымды өтуіне үлес қосқандарыңыз үшін баршаныңызға алғыс айтамын, — делі О.Сыдықбек.

Наурызбек САРША

## СУРЕТШІЛЕР ЭКСПЕДИЦИЯСЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ



Еліміздің бас қаласында Маңғыстау суретшілерінің біліктілігін арттыру мақсатында экспедиция ұйымдастырылды.

Суретші Аймұрат Танатовтың айтуынша, мемлекеттік гранттың қолдауымен 2023 жылдың мамыр-шілде аралығында «Ақтау қалалық Суретшілер одағы» қоғамдық бірлестігі мен Маңғыстау облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы бірлесе «Отпантау-Ұлытау» атты экспедиция ұйымдастырды.

Аты аталған экспедиция аясында қылқалам шеберлерінің шығармаларын кең ауқымда танымал ету мақсатында арнайы іріктеу жүргізілді. Сонымен қатар Астанада «Күзгі вернисаж» атты әр өңірден келген суретшілер жұмыстарының көрмесі ұйымдастырылды, онда «Отпантау-Ұлытау» суретшілер экспедициясының жұмысы қорытындыланды.

Аймұрат Танатов биыл шілдеде маңғыстаулық суретшілер Атырау, Батыс Қазақстан, Қызылорда және Түркістан облыстарына сапарлап, киелі орындарды аралап, шеберлік сыныптарын өткізгенін атап өтті.

— Экспедиция Қорқыт ата — Қожа Ахмет Ясауи кешені — Отпантау — Са-



райышқ — Бөкей орда бағыттарын қамтыды. Экспедиция барысында өңір суретшілері осы тарихи орындарда пленэр ұйымдастырды, — делі суретші Аймұрат Танатов.

Сағындық РЗАХМЕТОВ,  
Маңғыстау облысы

## МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ САЛАСЫ БАҚЫЛАУДА

Түркістан облысында биыл камералдық бақылау нәтижесінде 4 000-нан астам арыз қаралды. Бұл туралы бүгін Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті басшысының орынбасары Оспан Әжібеков айтты.



Оспан Әжібековтің айтуынша, заңбұзушылықтардың алдын алу іс-шарасы аясында мемлекеттік сатып алу саласындағы бақылау (камералдық бақылау) ерекше басымдыққа ие. Осы ретте департаментпен камералдық бақылау шеңберінде мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жеке және заңды тұлғалардың 4 104 арыз-өтініші қаралған. Оның ішінде 605-і толық қанағаттандырылып, 1 609-ы ішінара қанағаттандырылған. Ал 1 890 арыз өз дәлелін таппаған.

— Жалпы, анықталған бұзушылықтарды жою туралы 3 775 хабарлама жолданды. Атап айтсақ, хабарламалардың

басым бөлігі конкурстық құжаттамада өнім берушілердің қатысуын шектейтін және негізсіз күрделендіретін артық талаптарды қойғаны үшін жолданған. Оның ішінде негізсіз түзілген қосымша келісімшарттардың алдын алу бойынша 146 хабарлама, негізсіз бір көзден алу тәсілімен түзілуге жататын келісімшарт бойынша 1 126 хабарлама жолданды, — делі Оспан Әжібеков.

Айта кетейік, Сыбайлас жемқорлықты болдырмау және алдын алу мақсатында 2022-2023 жылдары жалпы 50 іс-шара аясында техникалық оқу жүргізілген.

Т.БЕЙСЕН

NUR MEDIA  
медиахолдингі  
AIQYN  
апта

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —  
Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор —  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА —  
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:  
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —  
Ақмола облысы  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫАҒАН —  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —  
Қарағанды облысы  
Назғұл НАЗАРБЕК —  
Солтүстік Қазақстан облысы  
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ —  
Қызылорда облысы  
Баян ЖАНУЗАК —  
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін — 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін — 55102  
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:  
817011 675-42-14, 817172) 72-95-31  
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:  
81711) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді  
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4368  
Астана қ., «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,